

Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 899 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 3-4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған, Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы бекітілсін.

2. Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 ақпандағы № 74 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 28 қазандағы
№ 901 қаулысымен
бекітілген

Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы (бұдан әрі – Өңіраралық схема) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" (бұдан әрі – Бас схеманың негізгі ережелері) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Өңіраралық схема қалыптасқан қоныстандыру жүйесін, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық және ресурстық жағдайларды және өңірдің Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жерін негізге ала отырып, аумақтың қала құрылысын игеру мен дамытуды осы Өңіраралық схемаға 1-қосымшаға сәйкес айқындайды.

Өңіраралық схемада өндіргіш күштерді дамытудың және халықты қоныстандыру жүйесінің, инженерлік, көліктік, әлеуметтік, рекреациялық инфрақұрылымдардың, қоршаған ортаны қорғаудың, табиғатты ұтымды пайдаланудың, ресурстарды қамтамасыз етудің және аумақты функционалдық аймақтарға бөлудің жобалық ұсыныстары осы Өңіраралық схемаға 2- қосымшаға сәйкес ұсынылған.

3. Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасында Шымкент агломерациясы аумағын жобалаудың аралық (2030 жыл), есептік (2040 жыл)) және болжамды (2050 жыл) мерзімдерге арналған перспективалық қала құрылысын дамытудың жобалық ұсыныстары қамтылады. Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 3-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Шымкент агломерациясын ұзақ мерзімді дамытудың жобалық ұсыныстары осы Өңіраралық схемаға 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26-қосымшаларға сәйкес келтірілген.

Шымкент агломерациясының аймағына кірген елді мекендердің тізбесі және елді мекендердің бөлінісінде 2050 жылға дейін Шымкент агломерациясы халқы санының болжамы осы Өңіраралық схемаға 4-қосымшаға сәйкес келтірілген.

2-тарау. Жоспарланатын аумақты аймақтарға бөлу

4. Бас схеманың негізгі ережелерінің 5-бөліміне сәйкес функционалдық аймақтар 4 негізгі топқа бөлінген:

1) қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары;

2) қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары;

3) шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар;

4) шаруашылық қызметінің ерекше регламенттері бар аймақтар.

Жоғарыда аталған аймақтардың әрқайсысының құрамында тиісті кіші аймақтарды атап көрсетуге болады (осы Өңіраралық схемаға 5-қосымшаға сәйкес).

Қазақстан Республикасы жер теңгерімінің деректері бойынша Қазақстан Республикасы Шымкент агломерациясының аумағы 1 573,48 мың гектарды құрайды. Шымкент агломерациясының жоспарланып отырған даму аймағында халық саны қалалық жерде 1 374,5 мың адамды және ауылдық жерде 884,2 мың адамды құрайтын 359 елді мекен, оның ішінде Қазығұрт ауданының 60 елді мекені, Бәйдібек ауданының 26 елді мекені, Ордабасы ауданының 57 елді мекені, Сайрам ауданының 42 елді мекені, Сарыағаш ауданының 48 елді мекені, Төлеби ауданының 55 елді мекені, Түлкібас ауданының 60 елді мекені, Арыс қалалық әкімшілігі мен Шымкент қаласының 10 елді мекені орналасқан.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерде көрсетілген алаңдарды айқындау үшін Жер кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Жер қорының жер санатының нысаналы мақсатына сәйкес аумақтың жобалық жер теңгерімі жасалды (осы Өңіраралық схемаға 3-қосымшаға сәйкес).

1- параграф. Қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары

5. Қоныстандыру арналарының кіші аймағы

Қала құрылысы құндылығы жоғары кіші аймақтар негізінен Шымкент агломерациясының жоспарлау орталықтарын байланыстыратын бас жоспарлау осьтерінің бойында шоғырланады. Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасында негізгі және екінші кезектегі жоспарлау осьтері айқындалды, мұндағы негізгі жоспарлау орталығына Шымкент агломерациясының өзегі – Шымкент қаласы жатады.

Шымкент агломерациясының әсер ету аймағына: орталығы – Шымкент қаласы, Арыс қалалық әкімшілігінің бөлігі және Түркістан облысының алты әкімшілік ауданының бөліктері: Бәйдібек, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Төлеби және Түлкібас аудандары кіреді.

Агломерация өзегінен басқа Т. Рысқұлов атындағы ауыл және 2040 жылға дейінгі перспективада – Арыс, Сарыағаш қалалары тартылыс орталықтары болып белгіленді. Олар тиісті аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады.

Тартылыс орталықтары бөлінісінде тартылыс орталықтарына тартылатын елді мекендердің басым бөлігі Шымкент және Сарыағаш қалаларына тиесілі. (Шымкент агломерациясының әсер ету аймағының барлық елді мекендерінің 75,6%-ы).

Шымкент агломерациясы үшін агломерацияның өзегіне дейін бір жарым сағаттық көліктік қолжетімділік айқындалды.

Халықтың тығыздығы және агломерация өзегі мен аудандық жергілікті қоныстандыру жүйелері орталықтарының байланыс қарқындылығы бойынша қарқынды және белсенді агломерациялық процестер аймақтары анықталды.

Шымкент агломерациясында халықты қоныстандыру жүйесін перспективалық дамыту Шымкент қаласының айналасындағы іргелес аумақтарды қоныстандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған. Бұл халық санының өсуінен туындайтын елді мекендердің бейберекет ұлғаюын болдырмау қажеттілігіне байланысты, ол өз кезегінде кешенді қызмет көрсету және еңбекпен қамту жүйесінде мәселелердің туындауына алып келеді.

Негізгі жоспарлау осьтері бойынша агломерацияның өзегіне көші-қон ағынын азайту мақсатында онда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туристік-рекреациялық кешен объектілерін дамыта отырып, агломерацияның ірі елді мекендерін тартылыс және қарсы магнит

орталықтары ретінде дамыту ұсынылады. Шымкент агломерациясында Түркістан және Тараз қалалары осындай контрмагниттерге айналады.

Серіктес елді мекендер ретінде халықтың ішкі көші-қон орталықтары Сарыағаш, Арыс, Ленгір қалалары, Т.Рысқұлов атындағы ауыл, Ақсу, Қазығұрт, Бадам, Темірлан, Төрткүл, Шаян ауылдары болады.

Қазақстан Республикасы Шымкент агломерациясы елді мекендерінің жалпы жер көлемі 369,5 мың гектарды, оның ішінде қалалар – 122,9 мың гектарды, ауылдық елді мекендер – 246,6 мың гектарды құрайды.

Жобалаудың есептік мерзіміне қарай Шымкент қаласын есепке алғанда қалалық және ауылдық елді мекендердің жалпы ауданы 370,5 мың гектарды құрайды.

6. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің мұқтажы үшін, ұлттық қауіпсіздікті қорғау және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер.

Аталған санаттағы жерлердің құрамына мыналар кіреді:

1) өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілген өнеркәсіп жерлері, оның ішінде олардың санитариялық-қорғаныш және өзге де аймақтары;

2) теміржол көлігі жерлері;

3) автомобиль көлігі жерлері;

4) теңіз және ішкі су көлігі жерлері;

5) әуе көлігі жерлері;

6) құбыржол көлігінің жерлері;

7) байланыс және энергетика жерлері;

8) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жерлер.

7. Көлік-коммуникациялық дәліздердің кіші аймағы.

Қазақстан Республикасы Шымкент агломерациясының өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің, қорғаныстың, ұлттық қауіпсіздіктің мұқтажы үшін және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер көлемі 21,1 мың гектарды құрайды.

8. Автомобиль жолдарының кіші аймағы

Қазіргі уақытта Шымкент агломерациясының аумағы бойынша екі халықаралық автокөлік маршруты өтеді:

1) "Ташкент – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас" (Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізінің құрамдас бөлігі);

2) "Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Самара" (Батыс Еуропа-Батыс Қытай дәлізінің құрамдас бөлігі).

Транзиттік тасымалдар Орта Азия республикалары, Ресей және Қытай арасында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Шымкент агломерациясының автомобиль жолдарының ауданы 5,9 мың гектарды құрайды.

Шымкент агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағының шекарасында автомобиль жолдарының ұзындығы 2 358,5 километрді, оның ішінде:

- 1) республикалық маңызы бар – 406,4 километрді;
- 2) облыстық маңызы бар – 1 603,3 километрді;
- 3) аудандық маңызы бар – 348,8 километрді құрайды.

Жалпыға ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жобалық жер алаңы "Автомобиль жолдары үшін жер бөліп беру" Қазақстан Республикасының қағидалар жинағына 3.03-102-2013 (бұдан әрі – ҚР ҚЖ) сәйкес белгіленген.

Бұл аумақтар мемлекеттік және қоғамдық мүдделер аймағы болып табылады. Автомобиль көлігі аймақтарының шегіндегі учаскелерге меншік немесе иелік ету құқықтарының болуы олардың негізгі функционалдық мақсаттан немесе шартты түрде рұқсат етілген қызмет түрлерінен өзге мақсаттарда пайдаланылуына негіз болып табылмайды.

9. Теміржол кіші аймағы

Шымкент теміржол бөлімшесінің мәліметтері бойынша теміржол көлігі магистральдық теміржолдардан және станциялардан тұрады. "ҚТЖ" ҰК акционерлік қоғамының (бұдан әрі – АҚ) Шымкент жол бөлімшесі Түркістан облысының аумағы арқылы өтетін Түркістан - Арыс, Арыс – Сарыағаш, Арыс-Шымкент – Түлкібас, Шымкент - Леңгір учаскелерінде теміржол желілерін пайдаланады.

Қазақстан Республикасы Шымкент агломерациясының темір жолдарының ауданы 2,2 мың гектарды құрайды.

Шымкент агломерациясы бөлінісіндегі теміржолдардың ұзындығы 381,7 километрді, оның ішінде:

- 1) электрлендірілген бір жолды – 66,1 километрді;
- 2) электрлендірілген екі жолды – 267,1 километрді;
- 3) электрлендірілмеген бір жолды – 38,6 километрді;
- 4) электрлендірілмеген екі жолды – 9,9 километрді құрайды.

Жаңа автомобиль жолдарын реконструкциялау және салу жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстар 4-тараудың 4-параграфында келтірілген.

Теміржол көлігінің қажеттілігі үшін жер "Темір жолдар үшін жер бөліп беру" ҚР ҚЖ 3.03-116-2014 сәйкес анықталады.

2-параграф. Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары

10. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кіші аймағы

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1 039,9 мың гектар, сондай-ақ егістік жерлер – 520,3 мың гектар, шабындықтар – 47,3 мың гектар, жайылымдар – 472,3 мың гектар алып жатыр.

Қазақстан Республикасының Шымкент агломерациясы табиғи жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірінің суармалы жерлері шоғырланған таулы-шөлді-дала аймағында орналасқан.

11. Босалқы жерлер

Қазақстан Республикасы Шымкент агломерациясының босалқы жерлері 41,5 мың гектарды құрайды.

Аумақты ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жерді функционалдық аймақтарға бөлу және трансформациялау жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстар тыңайған жерлерді егістікке және босалқы жерлерді жайылымдарға ауыстыру болып табылады. Қазіргі уақытта босалқы жерлерде көрсетілетін егістік жер тыңайып жатыр, оны ауыстыру бойынша тиісті іс-шаралар қажет. Ауыстыруға арналған алаңды айқындау кезінде жердің барлық санаттары бойынша тыңайған жер (оның ішінде 1 жылдан аспайтын мерзімде пайдаланылмайтын егістік) таңдалды.

Мал шаруашылығын дамыту перспективасына байланысты жайылымдық жерлер мен шабындықтар босалқы жер санатынан ауыл шаруашылығы айналымына 2030 жылға қарай – 3,0 мың гектар, 2040 жылға қарай – 5,0 мың гектар, болжамды 2050 жылға – 5,0 мың гектар тартылады.

Егістікке ауыстыру үшін ұсынылған тыңайған жердің ауданы тозу процестерінің алдын алу, жасыл желектерді сақтау және көбейту мақсатында бүкіл аумақта адаптивті-ландшафттық тәсілді енгізу шартымен 2030 жылға қарай – 1,2 мың гектарды, 2040 жылға қарай – 1,6 мың гектарды, болжамды 2050 жылға – 1,6 мың гектарды құрайды.

3-параграф. Шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар

12. Табиғи немесе мәдени ландшафтқа айтарлықтай зиян келтіретін өнеркәсіптік немесе ауыл шаруашылығы өндірістерін, табиғи ресурстарды пайдаланудың басқа түрлерін дамытуға және орналастыруға жол бермейтін режимді орнату шаруашылық игеру шектелген аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлудің негізгі қағидаты болып табылады.

13. Ұзақ демалу, санаторий-курорттық қызмет ареалдарын қамтитын, негізінен рекреациялық пайдаланылатын аумақтар.

Шымкент агломерациясының әсер ету аймағындағы туристік қызметтің басым бағыттары:

1) Бәйдібек ауданында және Түркістан қаласында, Отырар ауданында орталығы бар қажылық туризмі (Шымкент агломерациясының шекарасына қарай тартылады);

2) "Сайрам – Өгем" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде (бұдан әрі – МҰТП) және "Ақсу – Жабағылы" мемлекеттік табиғи қорығында (бұдан әрі – МТҚ) орталықтары бар экологиялық туризм, сондай-ақ туристік саланың дамуына Шымкент

агломерациясының шекараларына жақын орналасқан басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі – ЕҚТА) әсер етеді, мысалы "Түркістан-Сырдария" МӨТП және "Қаратау" МТҚ;

3) Сарыағаш ауданында орталығы бар емдеу-сауықтыру туризмі;

4) Шымкент қаласында орталығы бар іскерлік туризм.

Шымкент агломерациясының рекреациялық және тарихи-мәдени, сондай-ақ сауықтыру мақсатындағы жерлерінің ауданы 151,5 гектарды құрайды.

14. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кіші аймағы

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және оларда орналасқан қоршаған ортаны қорғау объектілерінің ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылығы бар және Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі болып табылады.

Шымкент агломерациясының республикалық маңызы бар ЕҚТА жерлері 40 997 гектарды құрайды.

Шымкент агломерациясының 2030 - 2040 жылдарға арналған биологиялық алуантүрлілігін сақтау жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстарына мыналар жатады:

1) кластерлік учаскелерді (Арыс өзенінің жоғарғы ағысы, Боралдай және Қошқарата өзендерінің төменгі ағысы Боралдай шатқалы шегінде) қосу есебінен Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығын кеңейту;

2) көрсетілген санатқа барлық негізгі орнитологиялық аумақтарды енгізу есебінен мемлекеттік табиғи қаумалдар құру;

3) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштерін ұйымдастыру;

4) мәртебені көтеру жағына заңды тұлға (қаумалдар, табиғат ескерткіштері және басқалар) мәртебесінсіз қолданыстағы ЕҚТА мәртебесін бағалау және қайта қарау.

2050 жылға арналған болжам бойынша Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасында ЕҚТА алаңын 54,0 мың гектарға дейін ұлғайту көзделеді.

15. Орман қоры жерлерінің кіші аймағы

Орман көмкерген, сондай-ақ орман көмкермеген, бірақ орман шаруашылығының мұқтаждарына берілген жер учаскелері орман қорының жері деп танылады. Орман қорының жері мемлекеттік және жеке орман қоры жерінен тұрады.

Табиғи орманы бар және жасанды орманы бар жер, орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдардың тұрақты жер пайдалануына берілген жер мемлекеттік орман қорының жеріне жатады.

Мемлекеттік орман қорының жерлеріне табиғи түрде орман көмкерген және қолдан өсірілген орман көмкерген жерлер, сондай-ақ орман шаруашылығымен айналысатын мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген жерлер жатады;

Шымкент агломерациясының орман қорының жерлері 12,3 мың гектарды құрайды.

Агломерация аумағындағы елді мекендердің жасыл желектерін қорғау үшін агломерация қалаларындағы әртүрлі екпелердің жасыл алқаптарының, жасыл желектер алаңдарының үлес салмағын 40% нормативтік деңгейге дейін, сондай-ақ 2050 жылға

дейін агломерациядағы барлық қалалар мен Шымкент қаласында жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақ көлемін бір адамға шаққанда 20 шаршы метрге дейін жеткізу қажет.

4-параграф. Шаруашылық қызметінің ерекше регламенттері бар аймақтар

16. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтардың құрамына кіретін жерлер, әдетте, алуға жатпайды. Аталған жерлердің шекарасында оларды пайдалану бойынша арнайы режим енгізіледі, бұл режим осы аймақтарды белгілеу мақсатына сәйкес келмейтін қызмет түрлерін шектейді немесе тыйым салады.

17. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау кіші аймағы

Шымкент агломерациясы бай тарихи-мәдени мұраға ие. Зерттеліп отырған аумақта елдің мәдени қазынасының елеулі әрі бірегей бөлігі шоғырланған. Сәулет ескерткіштері – өңірдің төл мәдениеті мен халықтың сәндік-қолданбалы өнерінің қайталанбас көрінісі. Бұл – құрамында жүздеген археология және сәулет ескерткіштері орналасқан архитектуралық ансамбльдер. Аталған ескерткіштер өңірдің көне тарихын зерттеудің дерлік жалғыз көздері болып табылады.

Шымкент агломерациясында республикалық маңызы бар тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен 12 объект орналасқан.

Сондай-ақ, жобаланатын аумақта жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен 313 объект бар.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтары "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеледі.

18. Тұрақты радиометриялық бақылау қажет болатын радиоактивті ластануы мүмкін аумақтар

Экологиялық апат аймақтарындағы экологиялық ахуалды жақсартуды жобалау кезінде келесі міндеттерді шешу қажет:

1) экологиялық және демографиялық жағдайдың өзгеру динамикасын, әсіресе аумаққа экологиялық апат аймағы мәртебесін беруді айқындаған критерийлер бойынша айқындау;

2) экологиялық апат аймағы аумағында өткізілген іс-шаралардың нәтижелілігін айқындау;

3) аумаққа экологиялық зілзала аймағы мәртебесін беруді айқындаған параметрлерге мониторинг жүйесін жетілдіру;

4) экологиялық апат аймағы аумағында халықтың тұру проблемаларын кешенді шешу жөніндегі іс-шаралар мен инвестициялық жобаларды әзірлеу.

Экологиялық апат аймақтарының аумағындағы экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі барлық жобалар басқа аумақтарға қатысты басым сипатқа ие болуға тиіс.

19. Магистральдық мұнай және газ құбырларының аумақтары

Оңтүстік өңірге табиғи газды жеткізуге арналған газ тасымалдау жүйесінің негізін Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары мен Қырғыз Республикасы аумағы арқылы өтетін магистральдық газ құбырлары құрайды: "Газли-Шымкент" магистральдық газ құбыры (бұдан әрі – МГ), "Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" МГ (БГА-ТБА), газ құбыры – "Амангелді – Тараз" қосылу газ құбыры және "Қазақстан-Қытай" МГ магистральдық газ құбыры.

Оңтүстік өңірді, әсіресе қыс мезгілдерінде, табиғи газбен толық әрі тұрақты қамтамасыз ету мәселесі елдің батыс облыстарындағы кен орындарынан өндірілетін газ ресурстары есебінен және оларды "Бейнеу-Шымкент" магистральдық газ құбыры арқылы тасымалдау арқылы шешілуі мүмкін.

20. Су қоры жерінің кіші аймағы

Су қоры жерлерінің құрамына су айдындары (өзендер мен оларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, су ағынын реттеуге арналған су шаруашылығы құрылыстары орналасқан жерлер, сондай-ақ аталған су объектілерінің су қорғау белдеулеріне және ауыз су көздерінің санитарлық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер кіреді.

Қазақстан Республикасы Шымкент агломерациясы су қорының жер көлемі 12,5 мың гектарды құрайды.

Шымкент агломерациясының аумағындағы су қорғау аймақтары мен су объектілеріне арналған белдеулер қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленген.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің алаңдарын нақтылауға байланысты су қоры жерлерінің жобалық алаңы 2030 жылға қарай 3 005,0 мың гектарға дейін, 2040 жылға қарай – 3 205,0 мың гектарға дейін ұлғаяды.

3-тарау. Аумақтың қала құрылысын игеру және дамыту

21. Шымкент агломерациясы аумағының қала құрылысын игеру және дамыту нысаналы мақсаты және шаруашылық пайдалануы бойынша (ауыл шаруашылығы, рекреациялық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік және құрылыс қызметін жүргізудің құндылығы мен орындылығы өлшемшарттарына сәйкес) функционалдық аймақтарға бөлуді қатаң сақтай отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

Шымкент агломерациясы аумағының қала құрылысын игерудің бірінші кезектегі бағыттарына өңір халқын қоныстандыру, өндіруші күштерді орналастыру, өңірдің инженерлік-көлік инфрақұрылымын дамыту, аумақты инженерлік қорғау мен қоршаған ортаны сақтау және функционалдық мәні бойынша аумақты аймақтарға бөлу жөніндегі жобалық ұсыныстар кешені жатады.

Аумақтың қазіргі жай-күйін және перспективалық қала құрылысын игеруді талдау негізінде жобада Шымкент агломерациясының негізгі және қосалқы жоспарлау орталықтары мен жоспарлау осьтері (қоныстандырудың тірек қаңқасы) айқындалды.

Шымкент агломерациясының құрамына кіретін елді мекендердің қала құрылысын игеруді реттеу, аумақтарын дамыту және аймақтарға бөлу қалалар мен елді мекендердің бекітілген бас жоспарларында көзделген.

22. Аумақтың қала құрылысын игерудің басымдылығы аймақтар бойынша жүзеге асырылады, ондағы агломерациялық процестер халықтың тығыздығына сәйкес және агломерация ядросына қатысты орналасуына қарай қарқынды, белсенді, әлсіз еңбек және өндірістік байланыстарға ие болады.

Атап айтқанда, "Агломерациялардың тізбесі мен құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 486 қаулысына сәйкес Бәйдібек, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Төле би, Түлкібас аудандарының 120 елді мекенін қамтитын қарқынды агломерациялық процестер аймағында аумақты бірінші кезектегі қала құрылысын игеру 2040 жылға дейін жоспарланып отыр.

Бұл ретте қарқынды агломерациялық процестер аймағы толық игерілген жағдайда белсенді агломерациялық процестер аймағын игеру 2040 жылдан кейін болжанады.

Агломерациялық процестерді қалыптастыру аймағының ауданы 974,4 мың га құрайды, оның ішінде:

1) қарқынды агломерациялық процестер аймағы - 215 719 гектар (Шымкент қаласын есептемегенде);

2) белсенді агломерациялық процестер аймағы - 54 508 гектар (қарқынды агломерациялық процестер аймағын есепке алмағанда);

3) әлсіз агломерациялық процестер аймағы - 468 458 гектар (қарқынды және белсенді агломерациялық процестер аймақтарын есепке алмағанда).

Шымкент агломерациясының құрамына кіретін елді мекендердің қала құрылысын игеруді реттеу, дамыту және аймақтарға бөлу қалалар мен елді мекендердің бекітілген бас жоспарларында көзделген.

Жоғарыда аталған аймақтардың әрқайсысы бойынша Шымкент агломерациясының жер қорының динамикасы анықталды.

Жер теңгерімі бойынша 2024 жылдың басындағы Шымкент агломерациясының жер-ресурстық әлеуеті 1 574 мың гектарды құрайды.

2024 жылдың басындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі 370 мың гектарды құрайды.

Бұған қоса, бұрын айналымнан шығарылған егістік жерлер мен жайылымдарды ауыл шаруашылығы жерлеріне пайдалануға көзделген.

Мәселен, келешекте ауыл шаруашылығы жерлерінің ұлғаюы 2030 жылға қарай 370,5 мың гектарға, 2040 жылға қарай 371,0 мың гектарға, 2050 болжамды жылға қарай 372,0 мың гектарға жетеді.

Сонымен қатар, бекітілген бас жоспарларды, сондай-ақ тұрғын үй құрылысының даму қарқынын ескере отырып, елді мекендердің жерін 2030 жылға қарай 3 520,6 мың гектарға және 2040 жылға қарай 3 528,7 мың гектарға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аудандарын нақтылауға байланысты су қоры жерлерінің ауданын біршама ұлғайту күтіліп отыр.

Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу және анықталған қала құрылысы ережелері жобалық ұсыныстардың негізін құрады.

Аумақты функционалдық мақсаты бойынша игерудің техникалық-экономикалық көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 3-қосымшаға сәйкес, аумақты функционалдық және жоспарлы ұйымдастыру схемасы осы Өңіраралық схемаға 5-қосымшаға сәйкес ұсынылған.

4-тарау. Өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көлік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды жайғастыру мен орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шаралары

1-параграф. Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру шаралары

23. Шымкент агломерациясы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің тірек орталығы ретінде қалыптасады және Қазақстан Республикасының ең ірі агломерацияларының бірі болып табылады.

24. Шымкент агломерациясының жоғары демографиялық әлеуеті бар. Онда бүкіл ел халқының 11,3% шоғырланған. Шымкент агломерациясының қалыптасуы урбанизацияның қарқынды процесі есебінен табиғи жолмен жүреді.

2024 жылдың басында Шымкент агломерациясының әсер ету аймағында 2 258,7 мың адам, оның ішінде 1 374,5 мың адам (немесе 60,9%) қалалық жерде, ал 884,2 мың адам ауылдық жерде тұрды.

Халықтың тығыздығы бір шаршы шақырымға 232 адамды құрады. 2021-2024 жылдары агломерациядағы халық санының өсімі 11,7% құрады.

Агломерацияның ауылдық елді мекендерінің орташа адам саны 2 491 адамды құрады. Аудандар арасында ауылдық елді мекендер халқының ең жоғары көрсеткіші Сайрам ауданына тән – 5 758 адам.

25. Шымкент агломерациясының әсер ету аймағының қалалары мен аудандары бөлінісінде халық санының ең жоғары өсімі Сарыағаш ауданына – 15,4%-ға, Шымкент қаласына – 13,7%-ға, Арыс қаласына – 15,6%-ға, ал ең төмен көрсеткіштер Бәйдібек ауданына (0,9% - ға), Төлеби ауданына (0,3% - ға) тән.

Шымкент агломерациясының халық санының өсуінің негізгі құрамдас бөлігі табиғи өсім болып табылады. Мәселен, 2023 жылы Шымкент агломерациясындағы табиғи өсім 21,02 промилле (ел бойынша орташа есеппен 12,95 промилле) немесе 47,5 мың адамды, ал көші-қон кемуі – 10,3 мың адамды құрады.

Халықтың табиғи өсуінің жоғары деңгейі аймақтағы туу деңгейінің жоғарылауымен және өлім-жітімнің төмен деңгейімен байланысты. 2023 жылы жалпы туу коэффициентінің орташа мәні 25,62 промиллені құрады, ал жалпы ұлттық көрсеткіш 19,52 промиллені құрады. Бұл ретте өлім-жітім көрсеткіші елдің орташа деңгейінен едәуір төмен (Шымкент агломерациясы бойынша орташа есеппен – 4,6 промилле, ел бойынша орташа есеппен – 6,57 промилле).

Жалпы, халықтың табиғи қозғалысының, туудың жоғары көрсеткіштері өңір халқының орташа және көпбалалыққа дәстүрлі көзқарастарымен байланысты.

Шымкент агломерациясы көші-қон ағындарының тартылыс нүктесі және елдің, оның ішінде Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірінің экономикалық белсенділігінің орталығы болады. Шымкент агломерациясының аумағы қолайлы табиғи-климаттық аймақта орналасқан.

26. Шымкент агломерациясының әсер ету аймағының құрамына 359 елді мекен, оның ішінде Қазығұрт ауданының 60 елді мекені, Бәйдібек ауданының 26 елді мекені, Ордабасы ауданының 57 елді мекені, Сайрам ауданының 42 елді мекені, Сарыағаш ауданының 48 елді мекені, Төлеби ауданының 55 елді мекені, Түлкібас ауданының 60 елді мекені, Арыс қалалық әкімшілігінің 10 елді мекені және Шымкент қаласы кірді.

27. Жалпы, Шымкент агломерациясының әсер ету аймағында 4 қала және 7 ауданның 355 ауылдық елді мекені орналасқан. Осы елді мекендердің демографиялық жағдайы оң үрдістермен сипатталады.

28. Шымкент агломерациясы бойынша аралық кезеңге (2030 жылы) халық санының 17,3%-ға (немесе 390,7 мың адамға) өсуі күтіледі және 2 649,4 мың адамды құрайтын болады, есептік кезеңге (2040 жылы) бастапқы жылмен салыстырғанда халық санының 42,1%-ға (немесе 951,8 мың адамға) өсуі күтіледі және 3 210,5 мың адамды құрайтын болады, жобалаудың болжамды мерзіміне (2050 жылы) халық санының 1,7 есе (немесе 1 675,3 мың адамға) өсуі күтіледі және 3 934 мың адамды немесе ел халқының 14,3% құрайтын болады.

"Агломерациялардың тізбесі мен құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 маусымдағы №486 қаулысына сәйкес Бәйдібек, Қазығұрт, Ордабасы, Сайрам, Төле би, Түлкібас аудандарының 120 елді мекенін қамтитын, бірінші кезектегі қала құрылысын игеру жоспарланатын қарқынды агломерациялық процестер аймағында аралық кезеңге (2030 жылы) халық санының 25,5%-ға (немесе 406,7 мың адамға) өсуі күтіледі және 2 004,4 мың адамды құрайтын болады, есептік кезеңге (2040 жылы) бастапқы жылмен салыстырғанда халық санының 55,1%-ға (немесе 880,1 мың адамға) өсуі күтіледі және 2 477,9 мың адамды құрайтын болады, жобалаудың болжамды мерзіміне (2050 жылы) халық санының 1,9 есе (немесе 1 490,4 мың адамға) өсуі күтіледі және 3 088,2 мың адамды немесе агломерация халқының 78% -ын құрайтын болады.

29. Шымкент агломерациясының халқын қоныстандыру саласындағы негізгі проблемалар:

1) реттелмейтін өңіраралық және өңірішілік көші-қон;

2) агломерация ядросының толып кетуі және оған іргелес кенттердің жүйесіз стихиялық өсуі;

3) агломерация орталығының инженерлік, әлеуметтік және көлік инфрақұрылымдарының халық санының өсуіне сәйкес келмеуі және артта қалуы.

Ішкі көші-қонның негізгі себептерінің бірі өнеркәсіптік өндірістің құлдырауы, нәтижесінде халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі болып табылады. Өндіріс көлемінің төмендеуі немесе қала құраушы кәсіпорындардың тоқтауы шағын қалалардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауына және нәтижесінде мигранттар ағынының артуына әкелді.

30. Шымкент агломерациясының халықты қоныстандыру жүйесінің негізгі міндеті агломерация орталығының аумақтық өсуін шектеу, реттелмейтін өңіраралық және өңірішілік көші-қон ағынын азайтуға және қалалық жерлердің айналасындағы табиғи аймақты ұтымды пайдалануға әсер ететін шағын қалаларды, тірек ауылдық елді мекендерді перспективалы дамыту болып табылады.

Шымкент агломерациясының дамуы өңірде халықтың көші-қон ағынының төмендеуіне, өсу нүктелерінде халықтың біркелкі өсуіне әсер етеді. Дамытушы елді мекендер спутниктер мен контрмагниттер халықты агломерация ядросынан тартатын болады.

Шымкент агломерациясының Шымкент қаласының айналасында халықты қоныстандыру жүйелерін перспективалық дамыту оның іргелес аумақтарын қоныстандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған. Бұл халықтың өсуінен туындаған елді мекендердің стихиялық өсуін болдырмау қажеттілігіне байланысты, бұл кешенді қызмет көрсету жүйесінде проблемалардың пайда болуына және жұмыс орындарын қолдануды қамтамасыз етуге әкеледі.

Негізгі жоспарлау осьтері бойынша агломерацияның өзегіне көші-қон ағынын төмендету мақсатында онда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді, қызмет көрсету саласын, туристік-рекреациялық кешен объектілерін дамыта отырып, агломерацияның ірі елді мекендерін тартылыс және контрмагнит орталықтары ретінде дамыту ұсынылады. Шымкент агломерациясында Түркістан және Тараз қалалары осындай контрмагниттерге айналады.

Серіктес елді мекендер, халықтың ішкі көші-қон орталықтары ретінде Сарыағаш, Арыс, Леңгір қалалары, Т.Рысқұлов атындағы ауыл, Ақсу, Қазығұрт, Бадам, Темірлан, Төрткүл, Шаян ауылдары болады. Аудан орталықтары мен серіктес елді мекендер бірлесіп мерзімді өндірістік қызмет және халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орталықтарының екінші реттік жүйесін құрайды. Бұл орталықтардың әрқайсысы өз мәртебесіне сәйкес аумақтардың экономикалық және демографиялық толықтық

деңгейімен, елді мекендердің тығыздығымен және еңбек және өндірістік байланыстардың қарқындылығымен сипатталады.

Құрылымдық орталықтардың әрқайсысында Шымкент қаласын, Шымкент агломерациясының қалалық және ауылдық елді мекендерін қала құрылысын дамытудың барлық мәселелерін бірлесіп шешу көзделеді.

Тартылыс орталықтарының негізгі мақсаты – Шымкенттен жүкті түсіру мақсатында қала функцияларының бір бөлігін ауыстыру.

Шымкент агломерациясының құрамына кіретін контрмагнит пен серіктес елді мекендерде, сондай-ақ тірек ауылдық елді мекендерде халық санының перспективалы өсуі халықтың табиғи және көші-қон өсімінің жоғары болуына байланысты болады.

Агломерациялардың дамуы өңірде облыстар ішіндегі реттелмейтін көші-қонның төмендеуіне, өсу нүктелерінде халықтың біркелкі өсуіне ықпал етеді. Дамып келе жатқан серіктес қалалар мен контрмагниттер халықты агломерация ядросынан алыстатуға мүмкіндік береді. Әрбір облыста облыс орталықтары, перспективалы моно және шағын қалалар, тірек елді мекендер тартылыс нүктелері болып табылады.

Осы қалалардың айналасында маятниктік еңбек көші-қоны радиусында инженерлік желілермен, жолдармен және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақтарда жер учаскелерін құрылысқа бөлу қажет болатын ерекше қала құрылысын реттеу аймағын белгілеу ұсынылады.

31. Ішкі көші-қонды реттеу, ең алдымен, халық үшін (еңбек және тұрғын үй нарығының пропорционалды дамуын қамтамасыз етуден), халықтың көші-қон кемуі болжанатын жұмыс күшінің аумақтық ұтқырлығын арттыру үшін экономикалық жағдайлар жасаудан туындайды. Еңбек тапшылығы бар өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік теңгерімсіздіктер мен демографиялық теңгерімсіздіктерді жою мақсатында ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

Мемлекет тарапынан халықты экономикалық негізделген, оңтайлы қоныстандыру, ел дамуының өңірлік және демографиялық теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі көші-қонды басқарудың тиімді жүйесін құру жөнінде шаралар қабылдануда. Ішкі көші-қон қозғалыстарының маңызды бағыттарының бірі мемлекеттің қолдауымен жұмыс күші мол өңірлерден азаматтарды еңбек ресурстарына қажеттілігі жоғары өңірлерге ерікті түрде көшіру, сондай-ақ экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға қоныс аударуды ұйымдастыру болып қала береді.

32. Ауылдық қоныстандыру жүйесін жетілдіру ауылдық аумақтардың өндірістік, әлеуметтік және экологиялық функцияларын кеңейту үшін жағдайлар жасау, ауыл халқының өмір сүру жағдайларын жақсарту, даму әлеуеті жоғары және орташа елді мекендерді, олардың ішінде тірек ауылдық елді мекендерді дамыту болып табылады.

Халықтың кетуін азайту және ауылдық аумақтардың демографиялық жағдайын жақсарту үшін экономикалық қызметті дамытуға, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, өткізу нарықтары мен елді мекендерге көліктік қолжетімділікті кеңейтуге, мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтарын құруға және дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыру ұсынылады.

Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық жерлерде бизнесті дамыту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу, жөндеу және реконструкциялау, тұрғын үй сатып алуға қаражат бөлу, жеңілдікті ипотека, еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандыру жөніндегі міндеттер орындалады. Ауылдық жерлерде экономикалық өсу орталықтарын дамыту үшін мемлекеттік қолдау тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамытуға, ең алдымен тірек ауылдық елді мекендерге және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдарға бағытталатын болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру ауыл және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және алшақтықты қысқартуға, демек, ауыл шаруашылығы өндірісіне жас, жоғары білікті кадрларды тартуға, халықтың көші-қон ағынын азайтуға мүмкіндік береді.

2-параграф. Өндіргіш күштерді кешенді орналастыру шаралары

33. Шымкент агломерациясында өндіргіш күштерді орналастыру перспективасында агломерация өзегіне жүктеме өсетінін ескере отырып, аудандардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, агломерацияның шалғайдағы аумағына бизнесті және тұрғындарды көшіруді ынталандыруға, жұмыс істеп тұрған өндірістерді технологиялық жаңарту мен жаңғыртуға бағытталды.

Агломерация өзегінің шекараларынан тыс инвесторлар үшін тартымды жағдайлар және осы аумақтарда, оның ішінде индустриялық аймақтар аумағында тиісті өндірістік және көліктік-инженерлік инфрақұрылым жасай отырып, өнеркәсіптің дәстүрлі салаларын орналастыру орынды.

Шымкент агломерациясының аумағында өндіргіш күштерді орналастыруды перспективалы дамытуды Six Sigma, Kaizen, Kanban және 5S үнемді өндіріс элементтерін енгізе отырып, белсенді индустрияландыруға баса назар аудара отырып жүзеге асыру ұсынылады .

Ұзақ мерзімді перспективада Шымкент агломерациясы аймағына кірген аудандар мен қалаларды бірлесіп дамыту экономиканың, оның ішінде: ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің – 4,7 есе, өнеркәсіптік өндіріс көлемінің – 4,1 есе өсуіне ықпал етеді (осы Өңіраралық схемаға 3, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-қосымшаларға сәйкес).

34. Экономика салаларын перспективалы дамыту

Шымкент агломерациясының бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын дамыту агроөнеркәсіптік кешенді, мұнай өнімдерін өндіруді, жеңіл өнеркәсіпті, құрылыс материалдарын өндіруді, тау-кен металлургия кешенін, машина жасауды, химия өнеркәсібін дамытуды қарқындату негізінде болжанады.

35. Азық-түлік өндірісі

Агломерацияның тамақ өнеркәсібін дамытуға жергілікті экологиялық таза шикізатты пайдаланудың қолжетімділігі, салаға инвестициялар көлемін ұлғайтуға және жаңа кәсіпорындар құруға мүмкіндік беретін түпкілікті өнімнің өзіндік құнын төмендету, азық-түлік бағасының қолайлы динамикасы, Шымкент қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құру ықпал ететін болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

- 1) көкөністер мен жемістерді өңдеу бойынша цех салу;
- 2) сүт өңдеу цехын салу;
- 3) құрама жем өндіретін зауыт салу;
- 4) газдалған және газдалмаған сусындарды өндіру бойынша зауыт салу;
- 5) желатин өндіру;

6) "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

7) қолданыстағы кәсіпорындардың технологияларын жаңарту мен жаңғырту;

8) қолданыстағы кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының жүктемесін арттыру;

9) қайта өңдеуші кәсіпорындардың қуатын арттыру ("Жұлдыз" шаруа қожалығы, "Дары Сайрам" және "Эмнур" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және басқалар);

10) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі "Бозарық" индустриялық аймағын құру;

11) "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық көлік дәлізінің бойында орналасқан көлік-логистикалық аймақты дамыту;

12) тауар өткізу жүйесін дамыту, оның ішінде көтерме-үлестіру орталығын (KYO) салу;

2040 жылға дейін:

1) тамақ өнеркәсібіндегі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қаланың индустриялық аймақтарына инвесторларды тарту;

2) саланы цифрландыру және автоматтандыру;

3) функционалдык тамак өнімдерін жасау жөніндегі жобалардың тік, сондай-ак салааралык кооперациясын ынталандыру;

4) ғылыми әзірлемелерді және инновацияларды енгізуді қолдау;

5) еңбек өнімділігін арттыру;

6) азық-түлікті сақтау мен қайта өңдеудің мамандандырылған инфрақұрылымын, ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу инфрақұрылымын дамытуды қолдау;

7) білім беру жүйесін дамыту есебінен саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

8) өткізудің жаңа арналарын дұрыстау, экспортты ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) ғылымды қажетсінетін технологияларға негізделген жаңа салаларды дамыту және өндірістерді ұйымдастыру;

2) өндірістің инновациялық әдістерін жаңғырту мен қолдануды қолдау;

3) агроөнеркәсіптік кешенде интеграциялық байланыстарды дамыту;

Қазығұрт ауданы

2030 жылға дейін:

1) тамак өнеркәсібі кәсіпорындарының негізгі қорларын жаңғырту;

2) мамандандырылған инфрақұрылымды дамыту есебінен инвестициялық тартымдылықты арттыру (өнеркәсіптік алаңдарды дайындау, жаңа өндірістерге жер учаскелерін бөлу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қамтамасыз ету және жүргізу, жол инфрақұрылымын жақсарту, сақтау және тасымалдау инфрақұрылымы);

3) жаңа инвесторларды, оның ішінде Қазығұрт ауданындағы индустриялық аймақтың бос алаңдарына тарту;

4) Бірыңғай индустрияландыру картасы, өңірді дамыту жоспары және басқалар шеңберінде көзделетін мемлекеттік қолдау шараларын белсенді іске асыру;

2040 жылға дейін:

1) ет өңдеу және шұжық өнімдерін өндіру бойынша жаңа өндірістер құру;

2) сүт және сүт өнімдерін өндіру бойынша жаңа қуаттар құру;

3) сары май және май өнімдері өндірісін ұйымдастыру;

4) жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу жөніндегі жаңа өндірістерді ашу үшін инвесторларды тарту;

5) алкогольсіз сусындар мен шырындар өндірісін дамыту;

6) жаңа инновациялық технологияларды енгізу есебінен саладағы еңбек өнімділігін арттыру;

7) импортты алмастыру дәрежесін арттыру.

2050 жылға дейін:

1) сала өндірушілерін қолдау тетіктерін жетілдіру;

2) саланы кадрлық қамтамасыз ету;

3) өңірлік өнімді жылжытуға жәрдемдесу;

4) ірі қайта өңдеуші компаниялар мен инвесторларды тарту;

5) нарықтың мамандандырылған сегменттерін дамытуға, оның ішінде джем, тосап сублимацияланған өнім, балалар тағамы өнімдерін өндіруге баса назар аудару;

Ордабасы ауданы

2030 жылға дейін:

1) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңғырту, олардың негізгі қорлары мен жабдықтарын жаңарту;

2) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін кредиттік ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3) агроөнеркәсіптік кешенде мамандандырылған инфрақұрылымды дамыту (сақтау, сертификаттау, тасымалдау инфрақұрылымын дамыту, жер учаскелерін бөлу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу, жол инфрақұрылымын және басқаларын дамыту);

4) ет өңдеу және шұжық өнімдерін өндіру бойынша жаңа өндірістер құру;

5) жемістер мен көкөністерді өңдеу бойынша өндірістер құру;

6) ұн тарту өнеркәсібін одан әрі дамыту;

7) ірі қайта өңдеу өндірістері бар агроөнеркәсіптік индустриялық аймақ құру;

8) саланы кадрлық қамтамасыз ету;

9) "Бадам" индустриялық аймағының инфрақұрылымын толық аяқтау;

2040 жылға дейін:

1) өнеркәсіптік кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) ғылым мен инновациялық қызметтің рөлін арттыру;

3) саладағы кадрлардың біліктілігін арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру;

4) жаңа жоғары технологиялық өндірістердің пайда болуын ынталандыру, сүт, ет, ұн өнімдерін өндіруде мынадай өңдеуді игеру;

2050 жылға дейін:

1) инновациялық технологияларға баса назар аудару;

2) өндірушілерді қолдау құралдарын жетілдіру;

3) импортты алмастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

4) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) қолдау және зерттеу нәтижелерін енгізу;

5) сала өнімдерін сыртқы нарықтарда ілгерілету;

Бәйдібек ауданы

2030 жылға дейін:

1) ауыл халқының кәсіпкерлік бастамаларын қолдау үшін жағдайлар жасау;

2) қазіргі заманғы өндірістік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасау;

3) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;

4) саланың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жаңғырту және жаңа өндірістердің, атап айтқанда, ет, сүт, оның ішінде түйе өңдеу өндірістерінің пайда болуы үшін ынталандырулар жасау;

5) кадрлар даярлау және саланың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

6) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

2040 жылға дейін:

1) инновациялық және ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізу;

2) саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру;

3) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу үшін талап етілетін бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған түпкілікті өнім өндіру;

2050 жылға дейін:

1) аудан аумағына ірі агроөнеркәсіптік холдингтерді тарту;

2) сала өнімдерін сыртқы нарықтарда ілгерілету;

Сайрам ауданы

2030 жылға дейін:

1) Манкент ауылдық округінде сүт өнімдерін өндіретін зауыт салу;

2) Қарабұлақ ауылдық округінде ет өңдеу цехын салу;

3) негізгі қорларды жаңарту және сала кәсіпорындарында жаңа технологияларды енгізу;

4) тамақ өнеркәсібі үшін шикізат базасы болып табылатын ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын жаңартуға жәрдемдесу;

5) саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін жағдайлар жасау;

6) ауданның тамақ өнеркәсібіне инвесторларды тарту жөніндегі жұмысты күшейту;

7) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, оның ішінде қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру жөніндегі шараларды түбегейлі күшейту;

8) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

9) ет кластерін құру;

10) ет өңдеу цехын салу;

11) Шымкент қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

12) "TURKISTAN INVEST" компаниясымен өзара іс-қимылды күшейту;

13) "Сайрам ауданының инвестициялық мүмкіндіктері" бойынша көрмелер, форумдар және басқа да іс-шаралар өткізу;

2040 жылға дейін:

1) сүтті, етті қайта өңдеу, балықты қайта өңдеу және консервілеу, өсімдік майын, ұнды, ұн және кондитерлік бұйымдарды, алкогольді және алкогольсіз сусындарды,

жүзім шарабын және басқаларын өндіру бойынша жаңа өндірістердің пайда болуы үшін жағдайлар жасау;

2) энергия тиімділігі және ресурстарды үнемдеу бойынша жаңа инновациялық технологияларды енгізу;

3) өндірістік процестің жаңа технологияларын пайдалану (автоматтандыру, роботтандыру, цифрландыру);

2050 жылға дейін:

1) трансұлттық компанияларды, ірі инвесторларды тарту;

2) жергілікті брендтерді дамыту және экспортты дамыту.

Сарыағаш ауданы

2040 жылға дейін:

1) Дербісек ауылдық округінде сүт-тауар фермасын құру;

2) Қызылжар ауылдық округінде шұжық өнімдерін өндіру цехы;

3) Ақжар ауылдық округінде құс фабрикасын салу;

4) Дербісек ауылдық округіндегі ет өнімдерін қайта өңдеу цехы;

5) Жібек жолы ауылдық округінде ет жартылай фабрикаттарын өндіру цехы;

6) Дербісек, Қабланбек, Жібек жолы, Жартытөбе, Ақжар, Қызылжар ауылдық округтеріндегі көкөністер мен жемістерді өңдеу цехтары;

7) Ақжар және Қызылжар ауылдық округтеріндегі шағын диірмендер;

8) Қызылжар, Жібек жолы, Жартытөбе ауылдық округтеріндегі шағын наубайханалар;

9) Қызылжар ауылдық округіндегі шағын май ұңғысы;

10) Қабланбек, Жібек жолы, Жартытөбе, Ақжар, Қызылжар ауылдық округтеріндегі сою пункттері;

11) жеміс-көкөніс кластерін құру;

12) "SILK ALLEY", "АГРОВИНПРОМ" және "ВИНЗАВОД ЖЕТИСУ" шарап зауыттарының базасында шарап жасау және жүзім өсіру әлеуетін қалпына келтіру үшін инвесторларды тарту;

13) кадрларды даярлау жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

14) жер учаскелерін бөле отырып және инфрақұрылымды жүргізе отырып, агроиндустриялық аймақтар құру жөнінде шаралар қабылдау;

15) қосылған құны жоғары жоғары технологиялық өндірістерді құру үшін инвестициялар тарту;

16) тамақ өнеркәсібінде өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

17) қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және технологиялық қайта жарақтандыру;

18) көкөністер мен жемістерді өңдеу және консервілеу бойынша жаңа өндірістердің пайда болуына жәрдемдесу;

19) өнім сапасын біртіндеп арттыра отырып және жеткізу географиясын кеңейте отырып, алкогольсіз сусындар мен минералды суларды құю көлемін одан әрі ұлғайту;

20) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

21) ауданның ұн тарту кәсіпорындары үшін ұзақ мерзімді өткізу нарықтарын жолға қою жөнінде шаралар қабылдау;

2050 жылға дейін:

1) тамақ өнімдерін өндіруге маманданған ірі трансұлттық компанияларды тарту;

2) жоғары технологиялық өндірістерді құруды қолдау;

3) жергілікті өнім экспортын қолдау;

Төлеби ауданы

2030 жылға дейін:

1) Көксаек және Киелітас ауылдық округтеріндегі шағын диірмендер мен шағын наубайханалар;

2) Көксаек ауылдық округінде мал шаруашылығы өнімдерін (ет және сүт) қайта өңдеу;

3) Киелітас ауылдық округінде дәнді дақылдарды, көкөністер мен жемістерді қайта өңдеу бойынша өндірістер;

4) Бірінші мамыр ауылдық округінде көкөністер мен жемістерді қайта өңдеу цехын салу, сүт-тауар фермасын, диірмен, шұжық цехын құру;

5) өндірістік инфрақұрылымды, оның ішінде индустриялық аймақтар мен өнеркәсіптік парктер құру арқылы дамыту;

6) еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру;

7) саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру;

8) озық технологияларды енгізу есебінен сала тиімділігінің өсуі;

9) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

10) сала үшін шикізат базасы болып табылатын ауыл шаруашылығының мамандандырылған өндірістік инфрақұрылымын дамыту;

11) жергілікті шикізат базасында, оның ішінде сүт және сүт өнімдерін, ет және ет өнімдерін өндіру бойынша қайта өңдеу өндірістерін дамыту, ұн, қант, минералды су және өзге де алкогольсіз сусындар өндірісі;

12) көкөністер мен жемістерді өңдеу және консервілеу жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру үшін инвестициялар тарту;

2040 жылға дейін:

1) Леңгір қаласында көкөністер мен жемістерді өңдеу және консервілеу бойынша өндіріс құру;

2) сала өндірісінің көлемін ұлғайту және өндірілетін өнім ассортиментін кеңейту;

3) әр түрлі құрамдағы шырындар, джемдер, тосаптар, мұздатылған кептірілген өнімдер, балалар тағамы өнімдерін өндіретін жаңа өндірістер құру;

4) жоғары технологиялық өндірістер құруға инвестициялар тарту;

5) "Фудмастер" компаниясына ұқсас ірі компанияларды тарту;

2050 жылға дейін:

1) нарықтың жаңа сегменттерін дамыту;

2) экспортты қолдау;

3) ҒЗТКЖ қолдау;

Түлкібас ауданы

2030 жылға дейін:

1) ауыз су және хош иісті сусындар өндіру жөніндегі жобаны іске асыру;

2) тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын жаңғыртуға және технологиялық қайта жарақтандыруға инвестициялар тарту;

3) өндірістік инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде Түлкібас ауданында индустриялық аймақты инфрақұрылымдық жайластыру;

4) Түлкібас ауылдық округінде диірмен кешенін салу;

5) Түлкібас ауылдық округіндегі консерві цехы;

6) Балықты ауылдық округіндегі ет өнімдерін қайта өңдеу цехы;

7) Балықты ауылдық округіндегі күркетауық ет өнімдерін қайта өңдеу бойынша ферма;

8) тамақ өнеркәсібі үшін шикізат базасын дамытуды қолдау;

9) саладағы инвестициялық жобаларды іске асыруды қолдау;

10) ет өңдеу, ет өнімдерін, ұн және ұн өнімдерін, кондитерлік өнімдерді, сүт және сүт өнімдерін, консервіленген көкөністер мен жемістерді өндіру бойынша жаңа өндірістердің ашылуын ынталандыру;

11) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

2040 дейін:

1) бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған өндірістер құру;

2) тамақ өнімдерін өндіру саласына ірі халықаралық өндірушіні тарту;

3) Түлкібас ауданындағы индустриялық аймақтың инфрақұрылымын толық аяқтау және оның аумағына инвестициялық жобаларды тарту;

4) саладағы жаңа сегменттерді игеру және өнім ассортиментін кеңейту.

2050 жылға дейін:

1) ғылыми зерттеулер мен инновациялық технологияларды енгізуді қолдау;

2) сала өндірушілерін одан әрі қолдау;

3) азық-түлік экспортын қолдау.

Арыс қалалық әкімшілігі

2030 жылға дейін:

1) қайта өңдеу өндірістерінің тиімділігін арттыруды ынталандыру және оларды технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін (сүт, ет, жеміс-жидек, көкөніс және басқа) қайта өңдеу бойынша жаңа қуаттарды құру үшін инвестициялар тарту;

3) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

4) саланы кадрлық қамтамасыз ету;

2040 жылға дейін:

1) шағын инновациялық кәсіпорындарды құруға және дамытуға жәрдемдесу;

2) сала кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруды жалғастыру;

3) еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жобаларды іске асыру;

2050 жылға дейін:

1) импортты алмастыратын өндірістерді дамыту;

2) сала кәсіпорындарын қолдау құралдарын жетілдіру;

3) инновациялық және бәсекеге қабілетті өндірістерге баса назар аудару;

4) қайта өңдеу өнеркәсібі ұйымдарын, шетелдік инвесторларды салаға тарту үшін бизнесті және инвестициялық ахуалды жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау.

36. Тау-кен металлургия кешені

Шымкент агломерациясында саланы дамыту құрылыс материалдарын, химия және металлургия өнімдерін өндіруді шикізатпен қамтамасыз ету міндеттерін шешуге бағытталатын болады. Бұл ретте, агломерация аумағында металлургия өнімін өндірудің негізгі орталығы Шымкент қаласы болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

1) техникалық кремний өндіретін зауыт салу;

2) металл сынықтарын қайта өңдеу зауытын салу;

3) металлургияда жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру;

4) экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

2040 жылға дейін:

1) металлургиялық кластер құру;

2) жаңа жоғары технологиялық өндірістер құру;

3) салаға инновацияларды енгізуге инвестициялар тарту, өнім сапасын арттыру;

2050 жылға дейін:

1) инновациялық инфрақұрылымды дамыту;

2) жаңа салаларды игеру және өнімнің жаңа түрлерін өндіру;

3) қосылған құны жоғары дайын металл бұйымдарын өндіруге баса назар аудару;

Қазығұрт ауданы

2030 жылға дейін:

1) пайдалы қазбалар кен орындарын жете барлауды, геологиялық-экономикалық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;

2) қажетті инфрақұрылымды дайындау және дамыту есебінен жаңа кен орындарын игеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

3) пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын игеру үшін отандық және шетелдік инвесторларды тарту мәселесін пысықтау;

4) алтын, күміс және пайдалы қазбалардың өзге де түрлерін өндіру жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

1) жаңа заманауи технологияларды енгізу үшін ынталандырулар жасау;

2) жаңа технологиялар мен практикаларды енгізу, сондай-ақ білікті басқарушы кадрларды тарту арқылы кен орындарын игерудің тиімділігін арттыру;

2050 жылға дейін:

1) өндірістің экологиялығын арттыру үшін ынталандыру жасау;

2) өндірістердің экологиялығын арттыру және қоршаған ортаға әсерін барынша азайту, өндіру мен ауыстырып тиеудің экологиялық таза технологияларын пайдалануды ынталандыру, жерді рекультивациялауды жүргізу;

3) жергілікті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кадрлар даярлау есебінен саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

Түлкібас ауданы

2030 жылға дейін:

1) Абайыл кен орнында темір кенін өндіру мен байытуды ұйымдастыру;

2) Иірсу кен орнында темір кенін игеру;

3) саланы кадрмен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру;

4) ванадий және молибден кен орындарын барлау жұмыстарын жүргізуге инвестициялар тарту;

5) кенді емес пайдалы қазбаларды, оның ішінде цемент шикізатын, әктас, гипс және бор өндіруді дамытуға инвестициялар тарту;

2040 жылға дейін:

1) темір кендерін өндіру көлемін ұлғайту;

2) ванадий мен молибден өндіруді ұйымдастыру;

3) инновациялық алтын өңдеу өнеркәсібін ұйымдастыру;

4) өндірудің заманауи технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау.

2050 жылға дейін:

1) ауданның минералдық-шикізат базасын одан әрі игеру;

2) жоғары өңдеуді дамыту.

37. Машина жасау

Машина жасау саласын дамыту жаңа инвестициялық жобаларды іске асырумен және Шымкент, Арыс қалаларында, сондай-ақ Сайрам, Ордабасы және Төлеби аудандарында ірі және орта кәсіпорындарды жаңғыртумен байланысты болады.

Болашақта агломерацияның машина жасау кәсіпорындары ауыл шаруашылығы техникасын, тұрмыстық техниканы және т.б. өндіретін болады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

1) кернеуі 110, 220 және 500 кВ сыныпты күштік трансформаторларды өндіру бойынша зауыт (2-ші кезек);

2) алюминий жылыту радиаторларын шығаратын зауыт салу;

3) "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

4) проблемалық мәселелер тізбесін қалыптастыру және оларды экспорттау мәселелері бойынша өңірлік кеңестің отырысына шығару;

5) қаланың машина жасау кәсіпорындарын технологиялық жаңартуға инвестициялар тарту;

6) саланы цифрландыру мен автоматтандыру;

7) салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

8) жергілікті жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің базасында индустриялық-инновациялық мамандықтарды енгізу жөнінде шаралар қабылдау;

2040 жылға дейін:

1) Түркістан облысының ауыл шаруашылығы әлеуетін ескере отырып, ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудағы жобаларды ынталандыру және қолдау;

2) жеңіл өнеркәсіпке арналған медициналық жабдықтарды, машиналар мен жабдықтарды шығару жөніндегі өндірістерді құру жөніндегі индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

3) электр жабдықтарын өндіруде әлеуетті одан әрі ұлғайту;

4) машина жасаудағы кадрлардың дағдылары мен біліктілігін дамыту;

5) ҒЗТҚЖ ынталандыру және ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін енгізу;

6) қаланың машина жасау кәсіпорындарының базасында машина жасаудағы уәкілеттіліктер орталығын құру;

2050 жылға дейін:

1) өнімнің жаңа инновациялық түрлерін өндіру, оның ішінде станок жасауда, медициналық жабдықтарды өндіруде, ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда.

Ордабасы ауданы

2030 жылға дейін:

1) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын жүктеуге жәрдемдесу ;

2) ауданның машина жасау саласына білікті кадрларды даярлау және тарту;

3) "Бадам" индустриялық аймағында инфрақұрылым құрылысын аяқтау;

4) "Бадам" индустриялық аймағына машина жасау бойынша жаңа жобаларды тарту;

2040 жылға дейін:

1) тұрмыстық техника өндірісін дамыту;

2) ауыл шаруашылығы машиналарын өндірісін дамыту;

3) импортты алмастыруды қамтамасыз ету;

4) ҒЗТКЖ және зерттеулерді дамыту;

2050 жылға дейін:

1) сала кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау құралдарын іске асыру;

2) аудан өнімінің экспортына жәрдемдесу;

Сайрам ауданы

2030 жылға дейін:

1) ауданның қолданыстағы машина жасау кәсіпорындарын технологиялық қайта жарақтандыру;

2) өндірістік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

3) жаңа өндірістерді жаңғырту және құру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету;

4) өнімділігі жоғары жұмыс орындарының пайда болуы үшін жағдайлар жасау;

5) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

6) саланы дамытуды кадрлық қамтамасыз ету;

2040 жылға дейін:

1) технологиялар трансферті жүйесін дамытуды қамтамасыз ету;

2) еңбек өнімділігін арттыру үшін озық басқарушылық, ұйымдастырушылық және технологиялық шешімдерді енгізуді ынталандыру;

3) ауыл шаруашылығы машиналарын, электр жабдықтарын, тамақ өнеркәсібіне арналған жабдықтарды шығару бойынша жаңа өндірістер құру;

4) жоғары технологиялық және экспортқа бағдарланған өнім өндіру бойынша жаңа инвестициялық жобаларды тарту;

2050 жылға дейін:

- 1) қосылған құны жоғары өнім өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру;
- 2) инновациялық инфрақұрылымды дамыту;

Төлеби ауданы

2030 жылға дейін:

- 1) өндірістік инфрақұрылымды дамытуға инвестициялар тарту;

2) өндірістерді, оның ішінде Леңгір машина жасау зауытын технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу;

3) ғылым, білім, өнеркәсіп және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кооперация, интеграция процестерін тереңдету және салааралық өзара іс-қимылын дамыту үшін жағдайлар жасау;

- 4) сала кәсіпорындарын қолдаудың тиімділігін кеңейту және арттыру;

5) сала үшін білікті кадрлар даярлау, оның ішінде Леңгір машина жасау зауытының базасында оқу комбинатын ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

1) жаңа технологиялық өнім шығаруға жаппай көшуді қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық өндірістерді құруға және дамытуға жәрдемдесу;

- 2) бәсекеге қабілетті өнім өндіруге бағытталған инвестициялық жобаларды қолдау;

2050 жылға дейін:

- 1) ғылымды қажетсінетін өнімдер мен жоғары технологиялық өнімдер өндірісі;

- 2) ауыл шаруашылығы машиналарына арналған бөлшектер өндірісін ұйымдастыру;

3) саланың өнімдерін халықаралық және өңіраралық нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу;

4) өндірістердің экологиялылығын, ресурстық және энергетикалық тиімділігін арттыру.

Арыс қалалық әкімшілігі

2030 жылға дейін:

- 1) машина жасау өнімдерін өндіру саласындағы құзыреттерді дамыту;

- 2) қаланың машина жасау кәсіпорындарын жаңғыртуға жәрдемдесу;

3) сала кәсіпорындарының, оның ішінде шетелдік инвестициялар үшін инвестициялық тартымдылығын жақсарту;

- 4) жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуді жақсарту;

2040 жылға дейін:

1) жаңа технологияларды пайдалану негізінде машина жасау өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- 2) өндірісті басқаруға ақпараттық технологияларды енгізу;

- 3) қаланың машина жасау кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

4) ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдармен белсенді өзара іс-қимыл жасау;

2050 жылға дейін:

- 1) қосылған құны жоғары өнім өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- 2) аутсорсингті, бағдарланған темір жол машина жасауды одан әрі дамыту;
- 3) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту (ауыл шаруашылығы машиналарына арналған жиынтықтауыштар).

38. Жеңіл өнеркәсіп

Шымкент агломерациясының өндіргіш күштерін дамытудың басым бағыттарының бірі жеңіл өнеркәсіп болып табылады.

Саланы дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттары киім тігуді, аяқ киім мен былғары галантерея бұйымдарын өндіруді ұйымдастыру, тоқыма өндірісін дамыту, мақта мата дайындау және т.б. болуы тиіс.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

- 1) "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағында жобаларды іске асыру, оның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен;
- 2) "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" және "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шараларын және экспорттаушы-кәсіпорындарға экспорттық өнімді өндіретін кәсіпорындарға шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту бойынша шығындарды өтеу талаптарын түсіндіру бойынша бизнес-семинарлар ұйымдастыру және өткізу;
- 3) жүн өндіретін цехтар салу;
- 5) аяқ киім өндірісін ұйымдастыру;
- 6) кілемдер мен кілем бұйымдарын өндіру;
- 7) тоқыма кластерін дамыту;
- 8) қолданыстағы кәсіпорындардың технологияларын жаңарту мен жаңғырту, тоқтап тұрған өндірісті қайта іске қосу;
- 9) жеңіл өнеркәсіпте цифрлық технологиялық платформаларды қалыптастыру;

2040 жылға дейін:

- 1) полипропилен қаптарын өндіру;
- 2) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың технологияларын жаңарту және жаңғырту, тоқтап тұрған өндірістерді қайта іске қосу;
- 3) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

2050 жылға дейін:

- 1) салада жаңа сегменттерді дамытуға жәрдемдесу;
- 2) жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді қолдау;

Қазығұрт ауданы

2030 жылға дейін:

- 1) саладағы қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға инвестициялар тарту;
- 2) мамандандырылған инфрақұрылымды дамыту (өнеркәсіптік алаңдарды дайындау, жаңа өндірістерге жер учаскелерін бөлу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қамтамасыз ету және жүргізу, жол инфрақұрылымын жақсарту, сақтау және тасымалдау инфрақұрылымы);
- 3) жаңа өндірістер құру үшін инвестициялар тарту;
- 4) Қазығұрт ауданының индустриялық аймағын жаңа инвестициялық жобалармен, оның ішінде жеңіл өнеркәсіпте толтыру бойынша күш-жігерді жандандыру;
- 5) мақта талшығын өндіру жөніндегі мақта өңдеу зауытын салу және пайдалану;
- 6) теріні қайта өңдеу бойынша өндірістер құру;
- 7) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

2040 жылға дейін:

- 1) жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді қолдана отырып, жергілікті шикізат базасында жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту;
- 2) киім тігу бойынша өндірістерді дамыту;
- 3) тоқыма өнімдерін шығару бойынша өндірістер құру;
- 4) былғары бұйымдарын шығару жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру;
- 5) сала кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау;
- 6) саланың кадрлық әлеуетін одан әрі дамыту;

2050 жылға дейін:

- 1) сала кәсіпорындарының көлемін ұлғайту;
- 2) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;
- 3) өнімді жылжытуға жәрдемдесу;
- 4) Шымкент агломерациясының жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарымен кооперация және интеграция;

Ордабасы ауданы

2030 жылға дейін:

- 1) сала кәсіпорындарын технологиялық жаңғырту және қайта жарақтандыру;
- 2) салада жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту;
- 3) мақта өңдеу өндірістерін дамыту;
- 4) салада мамандандырылған инфрақұрылымды дамыту (жер учаскелерін бөлу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу, жол инфрақұрылымын дамыту және т. б.);
- 5) өнімнің жаңа түрлерін шығару бойынша өндірістер құру үшін инвесторларды белсенді тарту;
- 6) кадрлармен қамтамасыз ету жүйесін дамыту;

2040 жылға дейін:

- 1) киімнің және өнімнің басқа да түрлерінің жаңа өндірістерін құруды ынталандыру ;
 - 2) саладағы өндірістік процестерді цифрландыру және автоматтандыру;
 - 3) жоғары білікті кадрларды тарту;
 - 4) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;
 - 5) Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының интеграциясы және кооперациясы;
2050 жылға дейін:
 - 1) жаңа өндірістерді мемлекеттік қолдау;
 - 2) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту және өнімнің жаңа жоғары технологиялық түрлерін игеру;
 - 3) ауданнан тыс сала өнімдерін белсенді жылжыту;
- Бәйдібек ауданы
2030 жылға дейін:
- 1) қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру және жаңа өндірістер құру есебінен жеңіл өнеркәсіп ауданында сақтау және дамыту;
 - 2) жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат базасын дамытуға ықпал ететін инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу, оның ішінде тері өндірісімен ауыл шаруашылығы жануарларының терісін өңдеу, жүнді қайта өңдеу және т. б.;
 - 3) кадрларды даярлау жүйесін дамыту;
 - 4) саладағы мамандандырылған инфрақұрылымды кешенді дамыту (өндірістік алаңдарды дайындау, жобаларды инфрақұрылымдық жайластыру, өнімді сақтау жөніндегі қуаттармен қамтамасыз ету және т. б.);
 - 5) Бәйдібек ауданының индустриялық аймағын толық аяқтау және пайдалануға беру ;
 - 6) Бәйдібек ауданының индустриялық аймағының аумағына жаңа жобаларды тарту;
 - 7) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;
- 2040 жылға дейін:
- 1) былғарыдан жасалған бұйымдар өндірісі бойынша жаңа өндірістер құру;
 - 2) жүннен жасалған бұйымдарды шығару бойынша жаңа өндірістер құру;
 - 3) кілем бұйымдарын шығару бойынша өндірістерді ұйымдастыру;
 - 4) озық технологияларды енгізу және бәсекеге қабілетті ғылымды қажетсінетін өнім шығаруды игеру;
 - 5) өндірістік процесті цифрландыру және автоматтандыру;
- 2050 жылға дейін:
- 1) өңірішілік және өңіраралық ғылыми-техникалық және өндірістік кооперацияны дамыту;

2) стратегиялық әріптестер мен инвесторларды тарту, сондай-ақ саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру;

3) ауданның жеңіл өнеркәсіп өнімін ілгерілету;

Сайрам ауданы

2030 жылға дейін:

1) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың негізгі өндірістік қорларын жаңарту;

2) тігін және былғары бұйымдарын өндіру көлемін ұлғайту;

3) жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат базасын дамыту, оның ішінде былғары өңдеу өндірістерін қолдау;

4) гигиеналық құралдар өндірісінің көлемін ұлғайту;

5) саладағы өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

6) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

7) кадрларды даярлау және қайта даярлау;

2040 жылға дейін:

1) жаңа өндірістерді дамытуға инвестициялар тарту;

2) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;

3) гигиеналық құралдар өндірісінде жаңа сегменттерді игеру;

2050 жылға дейін:

1) интеграциялық және кластерлік бастамаларды қолдау;

2) жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірістерді ұйымдастыру;

3) ауданнан тыс жерде өнімді жылжыту;

Сарыағаш ауданы

2040 жылға дейін:

1) Қызылжар ауылдық округіндегі жүннен және былғарыдан жасалған бұйымдарды өңдеу және дайындау цехы;

2) Жартытөбе ауылдық округінде тоқыма бұйымдарын өндіру (тігін цехы);

3) Ақжар ауылдық округінде жүннен және былғарыдан жасалған бұйымдарды қабылдау, қайта өңдеу және дайындау цехы;

4) Дербісек ауылдық округінде жүннен және былғарыдан жасалған бұйымдарды өңдеу және дайындау;

5) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың негізгі қорларын жаңғыртуға жәрдемдесу;

6) жеңіл өнеркәсіптің шикізат базасын дамыту жөніндегі шараларды іске асыру;

7) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

8) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

9) салада жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту;

10) мақта талшығы өндірісіндегі "Айша-бибі" мақта өңдеу зауытының қызметін қалпына келтіру мәселесін пысықтау;

- 11) жаңа жоғары технологиялық өндірістерге инвестициялар тарту;
- 12) жүн бұйымдарын, былғарыдан және басқалардан жасалған бұйымдарды шығару бойынша жаңа өндірістер құру;
- 13) жоғары білікті кадрларды даярлау және тарту;
- 14) инновациялық технологияларды енгізу (цифрландыру, автоматтандыру және т.б.);

2050 жылға дейін:

- 1) өз брендтеріңізді жасау;
- 2) мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру және іске асыруды жалғастыру;

Төлеби ауданы

2030 жылға дейін:

- 1) Леңгір қаласында жаңа тігін фабрикасының құрылысы;
- 2) Көксаек ауылдық округінде жүннен және былғарыдан бұйымдар дайындау бойынша өндіріс;
- 3) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндіріс көлемін ұлғайтуға жәрдемдесу;
- 4) саланы жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру;
- 5) киім тігу, мақта өңдеу және тоқыма бұйымдарын өндіру жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру үшін инвестициялар тарту;

6) Бірыңғай индустрияландыру картасы және басқалар сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

- 7) сала үшін кадрлар даярлау;

2040 жылға дейін:

- 1) киім тігу, мақта талшығын дайындау, тоқыма бұйымдарын өндіру бойынша жаңа өндірістер құру;
- 2) аралас өндірістерді, оның ішінде жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат дайындау бөлігінде ауыл шаруашылығын дамытуды ынталандыру;

3) өндірісті автоматтандыру және цифрландыру, IT-технологияларды, компьютерлік 3D модельдеуді енгізу;

- 4) ҒЗТҚЖ және инновациялық технологияларды қолдау;

2050 жылға дейін:

1) саланың қажеттіліктеріне жауап беретін инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

- 2) қайталама шикізаттан, экологиялық шикізаттан өндірістерді дамыту;
- 3) ауданда заманауи жеңіл өнеркәсіп құру;
- 4) жеңіл өнеркәсіпте шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін белсенді дамыту;
- 5) өнім экспортын қолдау;

Арыс қалалық әкімшілігі

2030 жылға дейін:

- 1) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын жаңғырту;

2) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің шағын және орта бизнесін одан әрі мемлекеттік қолдау;

2040 жылға дейін:

- 1) киім тігу бойынша жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту;
- 2) былғары бұйымдарын, аяқ киімді шығару бойынша өндірістер құру;
- 3) өндірістің жаңа заманауи технологияларын енгізу;

2050 жылға дейін:

сыртқы нарықтарда сала өнімдерін ілгерілету.

39. Химия және фармацевтика өнеркәсібі

Агломерацияда химия өнеркәсібінің, атап айтқанда, полипропилен, тыңайтқыштар, тұрмыстық химия, каустикалық сода және басқаларын өндіруде даму әлеуеті бар.

Фармацевтика саласын елдегі ең ірі фармацевтикалық компания – "Химфарм" акционерлік қоғамы ұсынады. Кәсіпорын өнімі Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінің, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің нарықтарына жеткізіледі. Бұл ретте фармацевтика өнеркәсібінде дәрі-дәрмектерге деген жоғары сұранысты ескере отырып, бірегей отандық әлеуметтік маңызы бар препараттар өндірісін ұлғайтуды және ауыстыруды талап етеді.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

- 1) вакуумдық түтіктер шығаратын зауыт салу;
- 2) диализаторлар мен гемодиализге арналған шығыс материалдарын өндіру;

2040 жылға дейін:

- 1) кадрлық әлеуетті дамыту;
- 2) саладағы инвестициялық жобаларды әрі қарай қолдау;
- 3) халықаралық химиялық компанияларды тарту;
- 4) қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуды жүргізу;

2050 жылға дейін:

- 1) жаңа тауашаларды дамыту мен жаңа өндірістер құру;
- 2) класстерлік бастамаларды қолдау;

Түлкібас ауданы

2030 жылға дейін:

1) Балықты ауылдық округінде каустикалық сода, поливинилхлорид (ПВХ) және цемент өндіру жөніндегі химиялық кешен салу;

- 2) қолданыстағы өндірістердің негізгі қорларын жаңарту;
- 3) саладағы инвестициялық жобаларды іске асыруды қолдау;
- 4) салада персоналдың дағдыларын дамыту;

5) индустрияландырудың бірыңғай картасы сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

6) өндірістік инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде Түлкібас ауданының индустриялық аймағын инфрақұрылымдық жайластыру;

2040 жылға дейін:

1) каустикалық сода, бояулар, лактар және басқа да пигменттер өндірісінің көлемін ұлғайту;

2) салаға инвестициялар тарту;

3) химия саласында жаңа өндірістер құру;

4) ҒЗТҚЖ ынталандыру және инновацияларды енгізу;

2050 жылға дейін:

1) ауданда дамыған химия өнеркәсібін қалыптастыру;

2) сала кәсіпорындарын мемлекеттік қолдауды жалғастыру.

40. Мұнай өнімдерін өндіру

Мұнай өңдеу Шымкент мұнай өңдеу зауытының жұмыс істеуіне байланысты Шымкент қаласының экономикалық мамандануының басты бағыттарының бірі болып табылады. Мұнай өңдеу саласын одан әрі дамытуды мұнай өңдеу көлемін ұлғайту, қайта өңдеу тереңдігі, шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту есебінен жүзеге асыру ұсынылады.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

1) базалық майлар өндірісі;

2) полипропилен өндірісі бойынша зауыт салу (екінші кезең);

3) сутегі асқын тотығын өндіру;

4) минералды, органикалық-минералды тыңайтқыштарды өндіру;

2040 жылға дейін:

1) мұнай-химия кластерін құру;

2) өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру;

3) мұнай-химия өндірісі үшін шикізат шығару бойынша өндірістер құру;

4) ҒЗТҚЖ және өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

5) Шымкент мұнай өңдеу зауытының базасында мұнай өңдеу және мұнай химиясы саласында жоғары технологиялық өндірістерді дамыту;

2050 жылға дейін:

1) мұнай химиясын толыққанды дамыту және өнімнің жаңа түрлерін (полиэтилен, полипропилен, ксилол, толуол және басқалар) игеру.

2) полимерлер өндірісін дамыту;

3) қаланың мұнай-химия өндірістерінің айналасында аралас салаларда шағын инновациялық кәсіпорындардың пайда болуы үшін ынталандырулар жасау.

41. Құрылыс материалдарын өндіру

Агломерацияда кенді емес шикізат кен орындары мен құм-қиыршық тас қоспасы, саздақтар, бентонит саздары, әктас, гипс, минералды пигменттер, кварц құмдары және басқалар сияқты кең таралған пайдалы қазбалар негізінде жұмыс істейтін құрылыс материалдары өнеркәсібі дамуда.

Елді мекендерді салу бойынша ауқымды құрылыс жұмыстарын ескере отырып, құрылыс материалдарына қажеттілік артатын болады.

Осыған байланысты құрылыс материалдары өндірісінің көлемін ұлғайту және салада жұмыспен қамтылғандар санын арттыру көзделіп отыр.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

1) арнайы экономикалық аймаққа және индустриялық аймақтарға инвесторлар тарту;

2) гиперпресстелген кірпіш өндіру бойынша цехтың қызметін ұйымдастыру;

3) ірі көлемді керамикалық плиткалар шығаратын зауыт салу;

4) санфаянс өндіретін зауыт салу;

5) газ блоктарын өндіру;

6) ПВХ-дан ішкі және сыртқы кәріздерді және үйлерге арналған нөсер суағарлары жүйесін өндіру;

7) металл конструкцияларын өндіру;

8) автоклавты газбетон өндіру бойынша зауыт;

9) 3D панельдер өндірісін ұйымдастыру;

2040 жылға дейін:

1) құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;

2) құрылыс материалдарын өндіру саласында қолданыстағыларын техникалық қайта жарақтандыру және жаңғырту, сондай - ақ жаңа энергия және ресурс үнемдейтін, экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз өндірістер құру;

3) мамандарды даярлау және технологияларды коммерцияландыру құзыреті орталықтарын құру;

4) құрылыс саласының кәсіпорындарымен тығыз байланыста жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің базасында құрылыс саласы үшін мамандар даярлау жөніндегі орталықтарды құруға жәрдемдесу;

5) құрылыс материалдарын жаппай жүктеу (түсіру) орындарында мамандандырылған заманауи терминалдар мен логистикалық орталықтар құру;

2050 жылға дейін:

1) шағын ғылымды қажетсінетін шарттар үшін жағдайлар жасау;

2) өндірістік инфрақұрылымды кеңейту;

3) құрылыс материалдарын өндіруде жаңа тауашаларды игеру және сарапшыны қолдау.

Қазығұрт ауданы

2030 жылға дейін:

1) құрылыс материалдарын шығару бойынша жаңа өндірістер құру үшін инвесторларды тарту;

2) бентонит саздары, әктас, гранит, мәрмәр, гипс кен орындарын игеру негізінде құрылыс материалдарының жаңа өндірістерін дамыту;

3) жаңа инвесторларды, оның ішінде Қазығұрт ауданының индустриялық аймағының бос алаңдарына тарту;

4) газдалған бетон, тауарлық бетон, кірпіш және өзге де өнім түрлерін шығару жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру;

5) кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;

2040 жылға дейін:

1) құрылыс материалдарын өндіру саласындағы кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау;

2) тұрғын үй құрылысында пайдаланылатын құрылыс материалдарын өндіруге жаңа заманауи, энергия тиімді және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізуге жәрдемдесу ;

3) қолда бар әлеуетті тиімді пайдалану, жаңа кәсіпорындар мен өндірістер құру есебінен құрылыс материалдары өндірісі көлемдерінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету;

2050 жылға дейін:

1) еңбек өнімділігін арттыру, салада жоғары өнімді жұмыс орындарын құру және жаңғырту;

2) сала кәсіпорындарының технологиялық базасын жаңарту;

3) қосылған құны жоғары өнім шығару бойынша өндірістер құруға инвестициялар тарту.

Бәйдібек ауданы

2030 жылға дейін:

1) сала кәсіпорындарын жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру;

2) кенді емес пайдалы қазбалар кен орындарының, оның ішінде әктас, отқа төзімді саз, мәрмәр ұнтақтарының (Тозбұлақ, Леонтьевское) базасында жаңа өндірістер құруды ынталандыру;

3) саланың білікті кадрларға қажеттілігін қамтамасыз ету;

4) Бәйдібек ауданының индустриялық аймағын пайдалануға беру, аумаққа жаңа жобаларды тарту;

5) Бірыңғай индустрияландыру картасы сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

6) саланы дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру;

2040 жылға дейін:

1) саладағы еңбек өнімділігін арттыру;

2) заманауи құрылыс материалдарын шығаруға мүмкіндік беретін өндіріске инновациялық технологияларды енгізу;

2050 жылға дейін:

1) ірі бәсекеге қабілетті өндірістер құру;

2) салаға инвестициялар тартуды дамыту үшін мемлекеттік қолдау көрсету, қолайлы салық ортасын қалыптастыру.

Ордабасы ауданы

2030 жылға дейін:

1) автоклавты қатайтылған ұялы бетоннан газоблок өндіретін зауыт салу;

2) жаңа өндірістер құру үшін, оның ішінде тауарлық бетон, қабырға блоктарын, темірбетон бұйымдары мен конструкцияларын, жылу оқшаулағыш материалдарды және басқаларын шығару бойынша инвесторларды тарту;

2040 жылға дейін:

1) саладағы еңбек өнімділігін арттыру;

2) заманауи құрылыс материалдарын шығаруға мүмкіндік беретін өндіріске инновациялық технологияларды енгізу;

2050 жылға дейін:

1) ірі бәсекеге қабілетті өндірістер құру;

2) қосылған құны жоғары өнім шығару бойынша өндірістер құруға инвестициялар тарту.

Сайрам ауданы

2030 жылға дейін:

1) кенді емес пайдалы қазбалар кен орындарын игеру үшін жағдайлар жасау және инфрақұрылымды дамыту;

2) саланың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жаңғырту және заманауи технологияларды тарту;

3) жаңа өндірістер құру үшін, оның ішінде тауарлық бетон, қабырға блоктарын, темірбетон бұйымдары мен конструкцияларын, жылу оқшаулағыш материалдарды және басқаларын шығару бойынша инвесторларды тарту;

4) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

5) Бірыңғай индустрияландыр картасы сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

2040 жылға дейін:

1) салада жаңа жоғары технологиялық өндірістердің пайда болуына жәрдемдесу;

2) жаңа инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған өнім өндіруді қамтамасыз ету;

2) жергілікті өнім экспортын қолдау және жәрдемдесу.

Сарыағаш ауданы

2040 жылға дейін:

1) Дербісек ауылдық округінде асфальтбетон қоспасын өндіру, металл бұйымдарын өндіру, металл пластик терезелер мен есіктер өндіру;

2) Қызылжар ауылдық округінде асфальтбетон өндіру;

3) Жартытөбе ауылдық округінде кірпіш және черепица өндіру;

4) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуды ынталандыру;

5) Құрылыс материалдары, оның ішінде кірпіш, темірбетон бұйымдары, тауарлық бетон өндірісінің көлемін ұлғайту;

6) салада жаңа өндірістер құру бойынша инвестициялар тарту;

7) өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

8) өз өндірісінің инновациялық өнімінің үлесін арттыруды ынталандыру;

9) өндірісті әртараптандыру, жаңа тауашаларды игеру;

10) қосылған құны жоғары өнім шығару жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру;

2050 жылға дейін:

1) инновациялық және ғылыми-технологиялық инфрақұрылымды дамыту;

2) сала өнімін ішкі және сыртқы нарықтарға жылжыту;

3) саланы кадрлық қамтамасыз ету.

Төлеби ауданы

2030 жылға дейін:

1) тауарлық бетон және темірбетон бұйымдарын өндіруді одан әрі дамыту;

2) Бірінші мамыр ауылдық округінде және Киелітас ауылдық округінде әктас және гипс кен орындарының базасында жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту;

3) Бірыңғай индустрияландыру картасы сияқты мемлекеттік қолдау құралдары шеңберінде қатысушылар санын ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау;

4) саланы дамытуды кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру;

2040 жылға дейін:

1) әктас кен орындарының шикізат базасында өндіріс құру;

2) гипс бетонын, гипс плиталарын, гипс талшықты парақтарды, жылу оқшаулағыш материалдарды және басқаларын шығару бойынша жаңа өндірістер құру;

3) саланы дамытуға инвесторларды тарту;

2050 жылға дейін:

1) заманауи және инновациялық өндірістерді қолдау;

2) саланың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдауды жалғастыру;

3) ішкі және сыртқы нарықтарда сала өнімін ілгерілетуге жәрдемдесу.

Түлкібас ауданы

2030 жылға дейін:

- 1) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту;
- 2) құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындарды қолдау шараларын әзірлеу;
- 3) цемент шикізаты, әктас, гипс және бор кен орындарын одан әрі пайдалану;
- 4) Түлкібас әк зауыты мен "SAS-TOBE TECHNOLOGIES" кәсіпорны базасында цемент өндірісін одан әрі дамыту;
- 5) қолда бар шикізатты қайта өңдеуге инвестициялар тарту;
- 6) өндірістік инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде Түлкібас ауданының индустриялық аймағын инфрақұрылымдық жайластыру;

2040 жылға дейін:

- 1) құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластер құру;
- 2) құрылыс материалдары өндірісіне инновациялық, энергия үнемдейтін және ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ынталандыру;
- 3) Түлкібас ауданының индустриялық аймағының инфрақұрылымын толық аяқтау және оның аумағына инвестициялық жобаларды тарту;

2050 жылға дейін:

- 1) өндірушілерді қолдау шараларын одан әрі жетілдіру;
- 2) еңбек өнімділігін арттыруды қолдау;
- 3) жаңа экономикалық тиімді, бәсекеге қабілеттілігі жоғары, ресурс және энергия үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз өнеркәсіптік өндірістер құру.

42. Ауыл шаруашылығын дамыту

Ауыл шаруашылығы Шымкент агломерациясы аудандарының экономикалық мамандануының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту үшін жаңа бордақылау және сүт кешендерін қалыптастыру, жылыжай кешендерін, көкөніс қоймаларын салу, жеміс бақтары мен жүзімдіктер салу перспективалы болып табылады. Ауыл шаруашылығын дамытуға ынталандырудың бірі Шымкент қаласының айналасында құрылып жатқан азық-түлік белдеуі болады.

Келешекте инновациялық технологияларды ("дәл егіншілік", "ақылды мал шаруашылығы фермалары", дрондарды, робототехниканы және ғылым мен техниканың өзге де әлемдік жетістіктерін қолдану мүмкіндіктері) және еңбекақы төлеуді ұйымдастыру мен төлеудің жаңа нысандарын енгізу көзделіп отыр.

Саланы дамыту бойынша жобалық ұсыныстар:

Шымкент қаласы

2030 жылға дейін:

- 1) бройлер құс фабрикасын салу;
- 2) жылыжай кешенін салу;
- 3) екі картоп-көкөніс қоймасын салу және кеңейту;
- 4) екі сүт-тауар фермасын салу;

5) тоғыз бордақылау алаңын құру;

6) төрт ірі құс фермасын салу;

7) "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі бойындағы қарқынды бақтар алаңын ұлғайту;

8) ірі төрт көкөніс қоймасын салу;

2040 жылға дейін:

1) агроөнеркәсіптік кешенде жаңа технологияларды ынталандыру;

2) кадрлық әлеуетті дамыту;

3) жаңа қайта өңдеу қуаттарын енгізу;

2050 жылға дейін:

1) ғылыми зерттеулерді қолдау және олардың нәтижелерін енгізу;

2) тағам өнімдері нарығының жаңа сегменттерін дамыту және экспортқа бағдарлану;

Қазығұрт ауданы

2030 жылға дейін:

1) ауданның ауыл шаруашылығына инвестициялар тарту көлемін ұлғайту;

2) ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту;

3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері арасында ауыл шаруашылығы салаларында ақпараттық технологияларды енгізу және цифрландыру, оның ішінде жаңа ауыл шаруашылығы техникасын сатып алумен қатар нақты егіншілік элементтері, агротехнологияларды орындау (далалардың электрондық карталары, сенсорлар, датчиктер және т. б.), смарт-фермалар (шаруашылықты онлайн басқару) құру тәжірибесін тарату мәселелері бойынша арнайы оқу орталықтары арқылы білімді тарату;

4) ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру;

5) ауыл шаруашылығы техникасын жаңғырту, ауыспалы егісті ынталандыру және тұқым шаруашылығы шаруашылықтарының санын ұлғайту есебінен өсімдік шаруашылығында қарқынды технологияларды енгізу;

6) ирригация және мелиорация жүйелерін құру, қалпына келтіру және жаңғырту (суару және құрғату) арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің өнімділігін арттыру;

7) мал мен құс басын тұрақтандыру және ұлғайту, тұқымдық жаңару, жемшөп базасын нығайту, жануарлар мен құстарды күтіп-бағудың және азықтандырудың жаңа технологияларына көшу, жаңа мал бордақылау алаңдарын салу және қолданыстағы мал бордақылау алаңдарын реконструкциялау есебінен олардың өнімділігін арттыру негізінде ет және сүт өндіру көлемін ұлғайту;

8) агроөнеркәсіптік кешеннің мұқтажы үшін білікті кадрлар даярлау;

9) жылыжай шаруашылықтарының, оның ішінде көкөністер, бақша дақылдары, алма және жүзім өсіру жөніндегі алаңдарды кеңейту;

2040 жылға дейін:

1) химияландыру жүйелерін құру және жаңғырту, фитосанитария мен ветеринарияны дамыту арқылы биологиялық факторлардың тиімділігін арттыру;

2) агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық қызметін және инновациялық дамуын ынталандыру, жаңа технологияларды жаңғырту және енгізу;

3) ауыл шаруашылығы өнімінің сапасын арттыру;

4) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін өткізу нарықтарын кеңейту және өңірлік брендтерді ілгерілету;

2050 жылға дейін:

1) өңірлік өнімді аудан шегінен тыс жылжыту;

2) ҒЗТКЖ дамуын қолдау;

3) өңірге ірі агрохолдингті тарту.

Ордабасы ауданы

2030 жылға дейін:

1) ауыл шаруашылығындағы машина-трактор паркін жаңғырту;

2) қарқынды технологияларды, оның ішінде ылғал үнемдейтін технологияларды енгізу есебінен өсімдік шаруашылығында жерді пайдалану тиімділігін арттыру;

3) зерттеу және тәжірибелік шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасын жаңғырту есебінен тұқым шаруашылығын дамыту;

4) жоғары рентабельді дақылдардың пайдасына егіс алқаптарын әртараптандыруды жалғастыру;

5) ауыспалы егістерді ынталандыру және сақтау;

6) пайдаланылмайтын жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тартуды бақылауды күшейту;

7) суармалы алқаптарды одан әрі кеңейту және жылыжай шаруашылықтарын дамыту;

8) білікті кадрларды даярлау;

9) Шұбар ауылдық округінің аумағында бордақылау кешенін құру;

10) жылыжай салу;

11) суармалы егіншілік;

2040 жылға дейін:

1) саланы ғылыми қамтамасыз етуді күшейту және инновациялық әзірлемелерді енгізу;

2) өндірісті цифрландыру және өнімділікті арттыру;

3) жоғары сапалы тұқымдарды пайдалануға көшу және минералды тыңайтқыштармен өңделетін алаңдардың үлесін арттыру;

4) малдың генетикалық әлеуетін дамыту және жемшөп базасын кеңейту;

5) эпизоотиялық жағдайды жақсарту;

6) жаңа бордақылау кешендерін, сүт-тауар фермаларын және басқаларын құруға инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

1) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту есебінен шағын өндірушілерді қолдау;

2) ауыл шаруашылығы жерлерінің топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру;

3) жоғары технологиялық жылыжайлар салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру;

4) ауыл шаруашылығы жануарларының асыл тұқымды аналық басын сақтау және ұлғайту;

5) ауыл шаруашылығы өндірісінде цифрлық технологияларды одан әрі дамыту;

6) агроөнеркәсіптік кешен үшін кадрларды даярлау және қосымша кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру;

7) сараптама қызметі субъектілерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

8) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін ілгерілету және позициялау жүйесін құру;

9) өңірге кемінде бір ірі агрохолдингті тарту.

Бәйдібек ауданы

2030 жылға дейін:

1) химияландыру жүйелерін құру және жаңғырту, фитосанитария мен ветеринарияны дамыту арқылы биологиялық факторлардың тиімділігін арттыру;

2) ирригация және мелиорация жүйелерін құру, қалпына келтіру және жаңғырту (суару және құрғату) арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің өнімділігін арттыру;

3) ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық әлеуетін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру;

4) аудан аумағында өндірістің (сүт, ет, бидай, арпа, мақсары, Жемшөп дақылдары, алма, жүзім) өсуін және ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін қайта өңдеуді ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау;

5) жоғары сапалы жемшөп, ақуыз-витамин, минералды және күрделі премикстер өндірісін дамыту үшін жағдайлар жасау;

6) ауыл шаруашылығы саласындағы өндірістік инфрақұрылымды дамытуға және өндірістік қорларды жаңғыртуға инвестициялардың өсуі үшін жағдайлар жасау;

7) ауыл шаруашылығы техникасын жаңғырту;

8) ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруды жалғастыру, оның ішінде кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

9) ауданның ауыл шаруашылығының кадрлық әлеуетін дамыту;

2040 жылға дейін:

1) қолайлы инвестициялық ахуал құру, ауыл шаруашылығына тартылатын инвестициялар көлемін ұлғайту;

2) аудан аумағында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі қуаттарды құру мақсатында ауыл шаруашылығы өндірушілерінің кооперациясын дамыту;

3) ірі қара мал, қой, ешкі және жылқы өсіру бойынша жабық циклді мал шаруашылығы кешендерін, бәсекеге қабілетті фермерлік шаруашылықтарды қалыптастыруға жәрдемдесу;

4) өсімдік және мал шаруашылығында ҒЗТҚЖ қолдау;

5) тұқымның элиталық сорттарын пайдалану есебінен тұқым шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрлері бойынша өнімділікті арттыру;

6) жас мамандар үшін ауылда тұруға қолайлы жағдай жасау есебінен кадрлық әлеуетті сақтау және ұлғайту;

2050 жылға дейін:

1) ірі мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы кешендерін қалыптастыру;

2) ауданның ауыл шаруашылығының инвестициялық тартымдылығын арттыру;

3) ауданның ауыл шаруашылығына ірі агрохолдингтерді тарту.

Сайрам ауданы

2030 жылға дейін:

1) Шымкент қаласының азық-түлік белдеуін құруға және дамытуға бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеуді дамыту;

2) агроөнеркәсіптік кешенге инвестициялар салу, оның ішінде трансұлттық компаниялардың жұмысын жандандыру, бірлескен кәсіпорындар құру; өнімнің әлемдік нарыққа шығуы, энергия тиімділігі мен ресурстарды үнемдеу бойынша жаңа инновациялық технологияларды енгізу, менеджменттің қазіргі заманғы жүйелерін енгізу, өндірістік процестің жаңа жолдарын пайдалану (автоматтандыру, роботтандыру, цифрлық шешім), ірі инвесторлардың артықшылығы;

3) ақпараттық технологияларды енгізу және ауыл шаруашылығын цифрландыру, оның ішінде жаңа ауыл шаруашылығы техникасын сатып алумен қатар, агротехнологияны орындау (электрондық карта, сенсор, датчиктер және басқалар), шаруашылық базаларында смарт-фермаларды қалыптастыру тәжірибесін пайдалану (шаруашылықты онлайн басқару), мамандандырылған оқу орталықтары арқылы агроөнеркәсіптік кешен субъектілері арасында білімді жақсарту;

4) Қарамұрт, Манкент, Арыс ауылдық округтерінде үш сүт-тауар фермасын салу;

5) мал бордақылау бойынша он алаң салу (Манкент, Қарамұрт, Қайнарбұлақ, Қарабұлақ ауылдық округтері);

6) қарқынды бақтардың, жылыжайлардың алаңдарын ұлғайту;

7) ауданның барлық су шаруашылықтарының, оның ішінде жекеменшік шаруашылықтардың жағдайын паспорттау және мониторингілеу;

2040 жылға дейін:

- 1) ет және сүт мал шаруашылығын, ирригацияны, қарқынды бақтарды және басқаларды дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыруды қолдау;
- 2) қолданыстағы су шаруашылығы объектілерін жаңғырту және жаңа объектілердің құрылысын қамтамасыз ету;
- 3) ауыл шаруашылығындағы ҒЗТҚЖ-ны қолдау;
- 4) ауыл шаруашылығы өндірушілерінің кооперациясын ынталандыру;
- 5) білікті кадрларды тарту және аудан ауылдарын дамыту есебінен кадр әлеуетін дамыту;

2050 жылға дейін:

- 1) ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру және жалғастыру ;
- 2) ауданда жоғары өнімді және бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы кешенін қалыптастыру;
- 3) кластерлік бастамаларды қолдау;
- 4) Шымкент қаласының айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыруға жәрдемдесу.

Сарыағаш ауданы

2040 жылға дейін:

- 1) ирригация және мелиорация жүйелерін құру, қалпына келтіру және жаңғырту (суару және құрғату) арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің өнімділігін арттыру;
- 2) химияландыру жүйелерін құру және жаңғырту, фитосанитария мен ветеринарияны дамыту арқылы биологиялық факторлардың тиімділігін арттыру;
- 3) елдің ауыл шаруашылығына цифрлық шешімдерді кеңінен енгізу арқылы технологиялық факторлардың тиімділігін арттыру (қадағалау жүйелері, картаға түсіру, электрондық паспорттар және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді басқару жоспарлары);
- 4) Сарыағаш ауданында көтерме-тарату орталығын құру;
- 5) мал басының өнімділігі мен басқа да табиғи көрсеткіштерінің өсуін қамтамасыз ететін асыл тұқымды репродукторлар қызметінің ауқымын ұлғайту;
- 6) Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы салаларын ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету;
- 7) саланы жоғары сапалы ветеринариялық, инженерлік және басқа да қызметтермен толық қамтамасыз етуге бағытталған бәсекеге қабілетті сервистік секторды қалыптастыру;

8) ауыл шаруашылығы өндірушілерінің материалдық-техникалық базасын дамытуды мемлекеттік қолдау;

9) ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жеделдету;

10) ауыл шаруашылығы үшін білікті кадрлар даярлау;

11) жоғары рентабельді дақылдарға баса назар аудара отырып, егіс алқаптарын әртараптандыру;

12) суармалы жерлердің аландарын кеңейту және су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу;

13) ауданның ауыл шаруашылығы өндірушілерін отандық өндірістің жоғары сапалы тұқымдарымен қамтамасыз ету;

14) негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі инвестициялық жобаларды қолдау;

15) бордақылау кешендері мен сүт-тауар фермаларын салу жөніндегі жобаларды қолдау;

16) қазіргі заманғы қарқынды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу;

17) ескі классикалық технологияларды бір мезгілде жаңасына ауыстыра отырып, техниканы жаңарту-аз шығынды және ресурс үнемдеуші;

18) Мал шаруашылығы кешендерін реконструкциялау, қалпына келтіру және салу;

19) селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты жақсарту, сүтті және етті малдың, құстың өнімділігі жоғары тұқымдарын енгізу;

20) мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту;

2050 жылға дейін:

1) кооперацияны ынталандыру және кластерлік бастамаларды қолдау;

2) аудан аумағында жоғары өнімді агроөнеркәсіптік кешенді қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

3) ауданнан тыс сала өнімдерін қолдау және ілгерілету.

Төлеби ауданы

2030 жылға дейін:

1) Кемеқалған ауылдық округінің Абай ауылында жеміс сақтау қоймасын салу;

2) өнеркәсіптік жылыжай құру;

3) ауыл шаруашылығындағы негізгі қорларды жаңғыртуды қолдау және ынталандыру;

4) ауыл шаруашылығында, оның ішінде қолданыстағы қолдау құралдары шеңберінде техника паркін жаңартуды қолдау;

5) ауыл шаруашылығының өндірістік инфрақұрылымын, оның ішінде өндірістік үй-жайларды, сақтау объектілерін және басқаларын дамыту;

6) ирригация және мелиорация жүйелерін құру, қалпына келтіру және жаңғырту (суару және құрғату) арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің өнімділігін арттыру;

7) химияландыру жүйелерін құру және жаңғырту, фитосанитария мен ветеринарияны дамыту арқылы биологиялық факторлардың тиімділігін арттыру;

8) елдің ауыл шаруашылығына цифрлық шешімдерді кеңінен енгізу арқылы технологиялық факторлардың тиімділігін арттыру (қадағалау жүйелері, картаға түсіру, электрондық паспорттар және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді басқару жоспарлары);

9) ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру;

10) саланың білікті кадрларға қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі шараларды іске асыру, оның ішінде жас мамандарды даярлау және қайта даярлау, тарту;

11) ауыл шаруашылығы өндірушілерінің кооперациясын ынталандыру;

12) асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау;

13) жемшөп базасын одан әрі дамыту;

14) сүт фермалары мен бордақылау алаңдарын салудың инвестициялық жобаларын іске асыруды жаппай сүйемелдеу;

2040 жылға дейін:

1) саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру;

2) инновациялық технологияларды енгізу және ауыспалы егісті сақтау есебінен топырақ құнарлылығын жақсарту;

3) ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуды қолдау;

4) агломерация орталығының айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыру;

5) кооперацияны одан әрі ынталандыру;

6) қазіргі заманғы мал шаруашылығы кешендерін, оның ішінде ірі қара малды қарқынды бордақылауға арналған сүт фермалары мен бордақылау алаңдарын салу үшін жағдайлар жасау;

2050 жылға дейін:

1) мал шаруашылығында заманауи ақпараттық технологияларды енгізу;

2) роботтандырылған сүт-тауар фермаларын дамыту;

3) ауыл шаруашылығы жануарларының асыл тұқымды және өнімді сапасын жақсарту және асыл тұқымды ұйымдарды ұлғайту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

4) өсімдік шаруашылығында агробиотехнологияны дамыту.

Түлкібас ауданы

2030 жылға дейін:

1) қарқынды бақтар құру;

2) жеміс қоймасын салу;

3) сүт-тауар фермасын салу;

4) бордақылау алаңын салу;

5) ирригация және мелиорация жүйелерін құру, қалпына келтіру және жаңғырту (суару және құрғату) арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің өнімділігін арттыру;

6) химияландыру жүйелерін құру және жаңғырту, фитосанитария мен ветеринарияны дамыту арқылы биологиялық факторлардың тиімділігін арттыру;

7) елдің ауыл шаруашылығына цифрлық шешімдерді кеңінен енгізу арқылы технологиялық факторлардың тиімділігін арттыру (қадағалау жүйелері, картаға түсіру, электрондық паспорттар және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді басқару жоспарлары);

8) өндірістік процестерді цифрландыру есебінен ауыл шаруашылығын басқару, ауыл шаруашылығы ресурстарын мониторингілеу және бақылау жүйесін трансформациялау;

9) инвестициялық және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыру;

10) ұсынылатын тұтыну нормаларына сәйкес халықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажетті көлемде негізгі шикізат бағыттарын дамыту;

11) тұқым өсіру ұйымдарын дамыту есебінен ауыл шаруашылығы дақылдары мен жануарларының стратегиялық маңызды түрлерінің меншікті тұқымдармен және биоматериалмен қамтамасыз етілуін арттыру;

12) мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну есебінен ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жеделдету;

2040 жылға дейін:

1) салада іске асырылатын жоспарланған инвестициялық жобаларды қолдау;

2) аудан ауыл шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау үшін, оның ішінде жаңғыртуды және жеке мамандандырылған қоймалар салуды қолдау есебінен қазіргі заманғы қуаттылықтарға қажеттілігін қанағаттандыру;

3) ауыл шаруашылығы өндірісін және оны қайта өңдеу өнімдерін дамыту және тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау;

4) өндірісті техникалық және технологиялық жаңғырту үшін жағдайлар жасау;

5) аудан аумағында эпизоотиялық салауаттылықты сақтау;

6) ауылдық жерлерде тұру және өмір сүру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

7) агроөнеркәсіптік кешенде цифрлық технологияларды дамыту;

2050 жылға дейін:

1) инновациялық және инвестициялық қызметті, жоғары технологиялық өндірістерді ынталандыру;

2) жоғары өнімді жұмыс орындарын құру және жаңғырту;

3) өндірілетін тамақ өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыру;

4) инвестициялар көлемін ұлғайту.

43. Кластерлік даму

1) Медициналық-фармацевтикалық кластер. Медициналық-фармацевтикалық кластерді құру үшін ең тартымды орын өндірістік алаңдар мен Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының болуын ескере отырып, Шымкент қаласы болып табылады.

Бұл кластерге Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, "Экофарм-интернейшнл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Зерде" компаниялар тобы, "Химфарм" акционерлік қоғамы кіреді. Дәрілік заттарды Шымкент қалалық № 2 көпсалалы ауруханасы, Шымкент қаласының "Жүрек орталығы" базасында клиникалық зерттеуге болады.

Медициналық-фармацевтикалық кластерге өзара байланысты инновациялық фирмалар – дәрі-дәрмектерді әзірлеушілер, өндірістік компаниялар, жабдықтарды, жиынтықтауыштарды, мамандандырылған қызметтерді жеткізушілер, инфрақұрылым объектілері: ғылыми-зерттеу институттары, ЖОО, технопарктер, бизнес-инкубаторлар және өзге де ұйымдар кіреді.

2) Мұнай-химия кластері. 2021 жылы метил-терт-бутил эфирін шығаратын зауыт іске қосылды. Бұл өндіріс жаңғыртылған Шымкент мұнай өңдеу зауытында мұнай-газ-химия шикізатын өңдеу тереңдігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ірі және шағын кәсіпорындарды тарта отырып, "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағына (АЭА) мұнай-химия кластерін құру үшін алғышарттар жасайды.

3) Тоқыма кластері. Мақтаның, мақтаның сұрыптық тұқымдық материалын өндіруден бастап дайын өнімге – матаға, киімге және т.б. дейін өндірісті жолға қоюға болады. Бұл кластерді Шымкент қаласында жасауға болады. Алайда Мақтаарал ауданы Шымкент агломерациясына кірмейді, бірақ өз кезегінде агломерация орталығында түпкілікті өнімді құруға серпін береді, өйткені ол шикізат көзі болады.

4) Құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кластер. Өңір пайдалы қазбалар кен орындарына бай: бентонит саздары, әктас, гранит, мәрмәр, гипс, кварц құмдары, олар құрылыс кластерінің толыққанды дамуына негіз бола алады.

Құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кластерді құм-қиыршық тас қоспасын, саздақтарды, бентонит саздарын, әктас, гипс, минералды пигменттер, кварц құмдарын өндіруге маманданған "ШымкентЖолҚұрылыс" өндірістік компаниясы", "Стандарт Цемент", "Шымкентцемент", "Зерде Керамика", А.Р.Т.-Құрылыс", "Оңтүстік-Құрылыс сервис", "Тестум Engineering", "SAS-TOBE TECHNOLOGIES", "Түлкібас әк зауыты" сияқты басқа да ірі және орта кәсіпорындар негізінде іске асыруға болады. Құрылыс кластерін іске асыру кезінде "НИИстройпроект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғылыми-зерттеу әлеуетін іске қосу қажет. Бұл кластердің әлеуетті орны Шымкент қаласының Түлкібас ауданында орналасқан.

5) Тамақ кластерлері. Шикізаттық әлеуетке ие бола отырып, агломерацияда екі бағыт бойынша тамақ кластерлерін құру қажет: Сайрам ауданында ет өнімдерін және

Сарыағаш ауданында жеміс-көкөніс өнімдерін шығару. Осы кластерді қалыптастыру кезінде "Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтымен" (Алматы қаласы) ынтымақтасқан орынды.

6) Металлургиялық кластер. Металлургиялық кластерді құру перспективалы, өйткені аймақта темір және полиметалл кендері бар. Құрылыс индустриясында және адам қызметінің басқа салаларында қолданылатын металл бұйымдарының өндірісін дамытуға болады. "ShymkentTemir", "Ferrum-Vtor" (қара металдан жасалған бұйымдар), "KAZFERROGROUP" және басқалары сияқты Шымкент қаласының кәсіпорны базасында металлургиялық кластер құруға болады. Шымкент қаласында кластер құрудың перспективасы бар. Металлургиялық кластерді құру кезінде Ж. Әбішев атындағы химия-металлургия институтымен ынтымақтастық орнату ұсынылады.

44. Инвестициялық тартымдылықты арттыру

Бизнес-ахуалды жақсарту және Шымкент агломерациясына инвестициялар тарту мақсатында экономикалық өсу нүктелерін қалыптастыру, оның ішінде дамыған инфрақұрылымы бар индустриялық аймақтар мен АЭА құру және дамыту есебінен жүргізіледі.

Шымкент агломерациясының аумағында АЭА және индустриялық аймақтар одан әрі дамиды:

1) Шымкент қаласындағы "Оңтүстік" АЭА (жеңіл өнеркәсіп өнімін, ағаш массасы мен целлюлозаны, қағаз бен картонды, былғары өнімін, жазу-қағаз бұйымдарын, мұнай өңдеу өнімдерін, химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру, құрылыс металл конструкциялары мен олардың бөлшектерін өндіру (блок-модульдік шешімдерді "кілтке" дайындау үшін пайдаланылады), машина жасау, шойын мен болат құю);

2) "Оңтүстік", "Тассай" индустриялық аймақтары, Шымкент қаласындағы сауда-логистикалық аймақ;

3) Қазығұрт ауданындағы индустриялық аймақ;

4) Ордабасы ауданындағы "Бадам" индустриялық аймағы;

5) Бәйдібек ауданындағы индустриялық аймақ;

6) Түлкібас ауданындағы индустриялық аймақ;

7) Шымкент қаласында "Жұлдыз" "Бозарық" және "Standart" индустриялық аймақтары құрылады.

45. Өңіраралық байланыстарды дамыту

Шымкент агломерациясының өңіраралық байланыстарын дамытудың алғышарттары транзиттік әлеует болып табылады.

Жобаланған аумақтың шекараларында халықаралық теміржол көлік дәліздері өтеді: Трансазиялық теміржол магистралінің Оңтүстік дәлізі, TRACECA.

Түркістан облысының аумағы арқылы өтетін Түркістан – Арыс, Арыс – Сарыағаш, Арыс – Шымкент – Түлкібас, Шымкент – Леңгір учаскелеріндегі теміржол желілері.

Шымкент агломерациясының аумағы бойынша:

1) "Ташкент – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас" (Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізінің құрамдас бөлігі) және "Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Самара" (Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізінің құрамдас бөлігі) халықаралық автокөлік маршруттары;

2) "Алматы-Ташкент – Термез" А-2 автомобиль жолдары Түлкібас, Төлеби, Қазығұрт, Сарыағаш аудандары мен Шымкент қаласының аумағы арқылы, А-15 "Жизак – Жетісай – Сарыағаш – Жібек Жолы" Сарыағаш ауданы арқылы, Р-32 "Шымкент қаласының солтүстік айналма жолы" арқылы өтеді.

Шымкент агломерациясында Шымкент қаласының әуежайы жұмыс істейді.

Транзиттік әлеуеттің және көлік инфрақұрылымының болуы Шымкент агломерациясына мынадай өнім түрлерін жеткізуге мүмкіндік туғызады:

1) Ақмола, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарынан ет, оның ішінде тауық еті;

2) Батыс Қазақстан облысынан консервіленген ет;

3) Абай, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының күнбағыс майы;

4) Қарағанды облысынан маргарин және тағамдық майлар;

5) Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарынан алынған рапс майы;

6) Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарынан алынған ұн;

7) Ақмола, Павлодар облыстарынан мата;

8) Абай облысынан және Қостанай облысынан ірі қара малдың терісінен жасалған былғары;

9) Қарағанды облысынан колготки, шұлық, шұлық;

10) Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстары мен Астана қаласынан резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жеңдер мен шлангтар;

11) Қарағанды облысынан орталық жылытуға арналған радиаторлар;

12) Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарынан шлаковаты, минералды силикат жүні;

13) Ақтөбе облысынан, Батыс Қазақстан облысынан және Абай облысынан Силикат және қож кірпіштері;

14) Шығыс Қазақстан облысынан 1 000 вольттан астам кернеуге электр тізбектерін ажыратуға, ауыстыруға немесе қорғауға арналған аппаратура;

15) Қарағанды, Павлодар облыстарынан электрондық және электрлік сымдар мен кәбілдер;

16) Ақмола облысынан шарикті немесе роликті мойынтіректер;

17) Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының теміржол вагондары мен платформалары;

18) Ақмола облысынан пестицидтер мен агрохимиялық өнімдер;

19) Абай облысынан, Павлодар облысынан алынған бояулар, лактар, ерітінділер;

20) Қарағанды облысынан шойын және тазартылмаған болат;

21) Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарынан өңделмеген және жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі күміс және алтын;

22) Павлодар облысынан алюминий;

23) Шығыс Қазақстан облысынан қорғасын және мырыш;

24) Қарағанды облысы мен Ұлытау облысынан мыс;

25) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының табиғи газы;

26) Маңғыстау облысынан аммиак;

27) Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар;

28) Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар.

Шымкент агломерациясы еліміздің басқа өңірлеріне мынадай тауар түрлерін жеткізе алады:

1) Сарыағаш ауданынан жаңа піскен көкөністер;

2) Сайрам ауданынан, Шымкент қаласынан консервіленген жемістер мен көкөністер;

3) Шымкент қаласынан мақта майы;

4) Шымкент қаласынан ұн;

5) Төлеби ауданынан балмұздақ және тағамдық мұз;

6) Сарыағаш және Түлкібас аудандарынан шарап;

7) Сарыағаш ауданынан минералды сулар;

8) Ордабасы ауданының дәрі-дәрмектері;

9) Шымкент қаласынан тұрмыстық химия;

10) Шымкент қаласынан мата;

11) Шымкент қаласынан кілемдер;

12) Шымкент қаласынан дәрі-дәрмектер;

13) Сайрам және Түлкібас аудандарынан Пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жеңдер, шлангтар және олардың фитингтері;

14) Шымкент қаласынан портландцемент;

15) Шымкент қаласынан цистерналар, бөшкелер, барабандар, канистрлер, жәшіктер мен сыйымдылықтар;

16) Шымкент қаласынан электрондық және электрлік сымдар мен кәбілдер;

17) Шымкент қаласынан мұнай отыны (мазут) және газойлдер.

3-параграф. Инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

46. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту агломерация аумағында өмір сүрудің қолайлы жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған (осы Өңіраралық схемаға 16,17-қосымшаларға сәйкес).

47. Сумен жабдықтау

Шымкент агломерациясының аумағы Арал-Сырдария гидрографиялық бассейн аумағында орналасқан.

Шымкент агломерациясын қалыптастыру аймағы аумағының басым бөлігі Түркістан облысының орталық және оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

Негізгі су артериялары Арыс, Бадам, Келес және Бөген өзендері болып табылады. Агломерацияның жерүсті су ресурстары орташа көпжылдық жыл бойынша жылына 3,98 миллиард текше метрге бағаланады. Өзен ағынының ресурстарымен қамтамасыз етілуі бір тұрғынға жылына 1,97 мың текше метрді құрайды.

Агломерация аумағында жерасты суларының 165 кен орны бар. Пайдаланылатын қорлардың жиынтық мөлшері тәулігіне 1 065,25 мың текше метрді (жылына 388,8 миллион текше метр) құрайды, оның ішінде:

- 1) шаруашылық-ауызсумен жабдықтау - тәулігіне 699,15 мың текше метр;
- 2) шаруашылық-техникалық сумен жабдықтау – тәулігіне 34,830 мың текше метр;
- 3) шаруашылық-ауызсумен және өндірістік-техникалық сумен жабдықтау – тәулігіне 29,18 мың текше метр;
- 4) жерлерді суару – тәулігіне 302,1 мың текше метр.

Орташа есеппен бір тұрғынға тәулігіне 0,527 текше метр жиынтық барланған қор тиесілі. Негізгі халық тұратын агломерацияның барлық дерлік аумағы жерасты суларының барланған қорларымен қамтамасыз етілген.

Қазіргі жағдайда Шымкент агломерациясының экономикасы салаларының қажеттіліктері үшін жылына 3 059,853 миллион текше метр, оның ішінде жерүсті көздерінен жылына 2 940,779 миллион текше метр (96%), жерасты көздерінен – жылына 119,074 (4%) су алынды.

Өнеркәсіптік қажеттіліктерге су алу 33,696 миллион текше метр (жалпы алудың 1,1%), оның ішінде жерасты сулары 33,238 миллион текше метр (98%) құрады.

Жерасты суларын алу көлемдерінің көп болуы (жалпы алудың 96%) оларды тұрақты суару және су құйылатын су қоймаларын толтыру үшін пайдаланатындығымен түсіндіріледі. Суармалы егін шаруашылығы өңірде негізгі су тұтынушы болып табылады. Тұрақты суаруға су алу 901,414 миллион текше метр немесе жалпы су алудың 29%-ын құрады.

Өңіраралық схемада 2040 жылға дейін тұрақты сумен қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ 2050 жылға дейінгі болжамды деректер қаралды.

Жүргізілген су шаруашылығы есептеулеріне сәйкес 2040 жылға қарай агломерация бойынша экономика салаларының жалпы су ресурстарын жинауы жылына 3 251,861 миллион текше метрді және 2050 жылға қарай жылына 3 362,048 миллион текше метрді құрайды, оның ішінде:

- 1) Шымкент қаласы - жылына 365,687 миллион текше метр және жылына 425,54 миллион текше метр;
- 2) Арыс қалалық әкімшілік - жылына 81,411 миллион текше метр және жылына 86,435 миллион текше метр;

3) Бәйдібек ауданы-жылына 119,375 миллион текше метр және жылына 121,099 миллион текше метр;

4) Қазығұрт ауданы - жылына 77,162 миллион текше метр және жылына 81,557 миллион текше метр;

5) Ордабасы ауданы - жылына 1 214,72 миллион текше метр және жылына 1 224,005 миллион текше метр;

6) Сайрам ауданы - жылына 179,312 миллион текше метр және жылына 190,615 миллион текше метр;

7) Сарыағаш ауданы - жылына 1 092,722 миллион текше метр және жылына 1 105,171 миллион текше метр;

8) Төлеби ауданы-жылына 52,195 миллион текше метр және жылына 55,652 миллион текше метр;

9) Түлкібас ауданы - жылына 69,277 миллион текше метр және жылына 71,974 миллион текше метр.

2040, 2050 жылдарға арналған әкімшілік аудандар бөлінісінде суды жинаудың, пайдаланудың және бұрудың негізгі көрсеткіштері осы өңіраралық схеманың 18,19-қосымшаларына сәйкес келтіріледі.

Агломерация аумағы тұтастай алғанда жерүсті және жерасты суларының ресурстарына ие, олардың көлемі экономика салаларының қазіргі деңгейдегі қажеттіліктерін және даму перспективасын толық қамтамасыз етеді.

Қолда бар су ресурстарын нақтылау жерасты суларын көбірек пайдалану және экономиканың барлық салаларында суды ұтымды пайдалануды ынталандыру қажет екенін көрсетті.

Шымкент агломерациясының сумен жабдықтау және су бұруды дамыту ұсыныстары мыналарды қамтиды:

1) агломерация халқының сумен жабдықтау қызметтеріне толық қол жеткізуін қамтамасыз ету;

2) амортизация мерзімі өткен су құбыры және кәріз желілері мен құрылыстарын реконструкциялау және ауыстыру;

3) агломерацияның елді мекендерін елді мекендер топтары үшін кәріздік тазарту құрылыстары кешендерін немесе жеке үй иесі (үй иелері тобы) үшін жергілікті тазарту құрылыстарын салуды қамтитын орталықтандырылған су бұру жүйесі бар кәріз жүйесімен қамтамасыз ету;

4) жер асты суларын кеңінен пайдалану, сондай-ақ қайтарылатын және сарқынды суларды пайдалану;

5) экономиканың түрлі салаларында су тұтыну технологияларын жетілдіру;

6) су тораптарын реконструкциялауды және су беруді ұлғайту және қосымша реттеуші сыйымдылықтар жасау үшін жаңа су қоймаларын салуды жүзеге асыру.

48. Электрмен жабдықтау

Перспективада агломерацияда электр станцияларын дамыту мынадай іс шараларды орындау есебінен көзделеді:

- 1) Түркістан облысында қуаты 900-1 000 мегаватт бу-газ қондырғысын салу.
- 2) қуаты 550 мегаватт "3-Энергоорталық" акционерлік қоғамының алаңында бу-газ қондырғысын салу.

Қарастырылып отырған өңірдің қабылданған дамуын ескере отырып, 2021-2050 жылдар кезеңінде Шымкент агломерациясының электр тұтынуы мен электр жүктемелерінің орташа жылдық өсу қарқыны 9-11% диапазонында айқындалды.

Тапшылық Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінде жаңа қуаттарды енгізу және электр желілерін қажетті қосымша күшейтуді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесінің солтүстік аймағының электр станцияларынан электр энергиясын алу есебінен толығымен қамтылатын болады.

Басшылық нұсқауларға және қалаларды электрмен жабдықтау жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес перспективада 110 киловольт кернеуге ауыстыра отырып, кернеуі 35 киловольт электр желілерін біртіндеп жою және қолданыстағы тұтынушыларды 6 киловольт кернеуден 10 киловольт кернеуге біртіндеп ауыстыру көзделеді.

2030 жылға дейінгі кезеңге арналған электр желілерін дамытудың негізгі бағыттары - тар жерлерді жою, қолданыстағы және құрылысқа жоспарланған тұтынушыларды сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету.

49. Жылумен жабдықтау

Шымкент агломерациясында жылумен жабдықтауды дамыту қалалық және іргелес елді мекендерді сенімді және тиімді жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге бағытталған маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Жылу желілерін жаңғырту және кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру, заманауи және экологиялық таза технологияларды енгізу, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру агломерация тұрғындарының жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қадамдары болып табылады. Сонымен қатар, экологиялық аспектілерді ескере отырып, газ сияқты баламалы жылу көздеріне көшу қоршаған ортаға әсерді азайтуға ықпал етуі мүмкін.

Жылу электр орталығы-3 жылу қуатын ұлғайту көзделмейді. Көп қабатты құрылысы бар жаңа тұрғын алаптарын жылумен жабдықтау ғимараттарды жылу қорғау мәселелерін автономды қазандықтар салу есебінен шешу жоспарланады.

Шымкент агломерациясының аудан орталықтарында және Шымкент қаласында жылу жүктемесі мен жылу тұтынудың болжамды деңгейлерін бағалау "Ғимараттарды жылу қорғау" 2.04-07-2022 Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларында көзделген стандарттарды ескере отырып, Шымкент қаласындағы метеостанциялардан алынған метеодеректерді пайдалана отырып жүзеге асырылды.

Жылыту, желдету және ыстық сумен жабдықтау үшін қажетті жылу ағындары " Жылу желілері" 4.02-02-2004 Мемлекетаралық құрылыс нормаларын және Қазақстан

Республикасының құрылыс нормаларын ҚР ҚН 3.01-01-2013, "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" 3.01-101-2013 ҚР ЕЖ қоса алғанда, жалпы қабылданған жылу тұтыну стандарттарын ескере отырып есептелді.

2040 жылға дейінгі кезеңде агломерацияның аудан орталықтары мен Шымкент қаласының бөлінісінде тұрғын үй және қоғамдық құрылыс бойынша жылу тұтыну болжамы осы Өңіраралық схемасына 20-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Ұсынылған мәліметтерден жылу жүктемелері мен жылу тұтынудың алдағы өсуі туралы қорытынды жасауға болады, сонымен қатар орташа жылдық өсу қарқыны ауданда 7% құрайды.

50. Газбен жабдықтау

Шымкент агломерациясында газбен жабдықтауды дамыту осы өңірдің елді мекендерін сенімді және қолжетімді газбен қамтамасыз ету үшін басым бағыт болып табылады.

2022-2023 жылдардағы жылыту маусымында "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбыры жобалық қуатының сағатына 1 720 мың текше метр орнына сағатына 1 820 мың текше метр жүктемеге жетіп, жобалық қуатының 106%-на пайдаланылды. Осы газ құбырының өткізу қабілетін арттыру үшін қазіргі уақытта "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырының екінші желісін жобалау жұмыстары басталды.

Магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілерін жобалау және салу сатылы табиғи газды тасымалдаудың, бөлудің және есепке алудың жаңа технологиясына негізделген кезең-кезеңімен дамып келе жатқан бірыңғай ұзақ мерзімді жоба ретінде қарастырылады.

Аудандарды газбен жабдықтау мен газдандырудың перспективалық схемасы кентаралық газ құбырлары трассаларын оңтайлы таңдау негізінде елді мекендерді газбен жабдықтауды барынша қамтуды ескере отырып айқындалған.

Шымкент агломерациясы аймағына кіретін аудандар бөлінісінде табиғи газды тұтынудың болжамды көлемі осы Өңіраралық схемасына 21-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Тұтастай алғанда, агломерация аумағын одан әрі газдандыру үшін жұмыс істеп тұрған газ желілерін реконструкциялау және үнемділік, сенімділік пен экологиялық қауіпсіздіктің қазіргі талаптарына сәйкес келетін жаңаларын салу жұмыстарын жалғастыру қажет. Осы талаптарды қамтамасыз ету үшін автоматтандыру және цифрландыру процестерін міндетті пайдалануды, оның ішінде SCADA (Supervisory Control And Data Acquisition - диспетчерлік басқару және деректерді жинау) жүйелерімен компрессорлық станциялар мен газ тасымалдау инфрақұрылымының

басқа да объектілерін қашықтықтан мониторингтеуді, ұлттық оператордың газ тасымалдау жүйесінің объектілерін картаға түсіруді және цифрландыруды енгізу қажет.

Елді мекендерді газдандыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру агломерацияны газбен жабдықтау деңгейін 2030 жылға қарай іс жүзінде 90%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

4-параграф. Көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту шаралары

51. Өңірлік және өңіраралық көлік инфрақұрылымын нығайту өңірді кешенді дамыту бағыттарының бірі болып табылады.

Өңірдің көлік саласын дамыту мынадай салалардағы инфрақұрылым деңгейін арттыруға бағытталатын болады: автожол, теміржол, азаматтық авиация және көлік-коммуникация кешенінің халықаралық көлік желілеріне интеграциялану деңгейін арттыруға бағытталатын болады (осы Өңіраралық схемаға 22-қосымшаға сәйкес).

52. Шымкент агломерациясының аумағы бойынша республикада бар темір жолдар желісі негізінде қалыптастырылған үш халықаралық көлік дәлізі өтеді:

1) Трансазиялық теміржол магистралінің Оңтүстік дәлізі: Түркия, Иран, Орталық Азия елдері және Қазақстан арқылы өтетін "Оңтүстік-Шығыс Еуропа – Қытай" және "Оңтүстік-Шығыс Азия" ("Достық - Ақтоғай - Алматы - Шу - Арыс – Сарыағаш" учаскесінде);

2) TRACECA: "Шығыс Еуропа - Орталық Азия", Қара теңіз, Кавказ және Каспий теңізі арқылы ("Достық-Алматы- Акта" учаскесінде;

3) Ортаазиялық – "Ташкент - Шымкент - Озинки - Шығыс Еуропа" бағытындағы.

Теміржол көлігі инфрақұрылымын дамытуда 2030 жылға қарай мынадай жұмыстар жүргізілетін болады:

1) Шымкент қаласының солтүстік жағынан екінші айналма теміржол желісін салу - жүк сұрыптау станциясы және жолаушылар станциясы бар жаңа "Шымкент–2" теміржол вокзалы орналасқан - 43 километр;

2) "Шымкент – Леңгір" теміржол учаскесінің екінші жолдарын реконструкциялау және салу-28,3 километр;

3) "Дарбаза – Мақтаарал" жаңа теміржол желісінің құрылысы – 115 километр, Шымкент агломерациясының шекарасы шеңберінде – 20 километр.

Темір жолдарды электрлендіру темір жол көлігі жұмысының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін, өткізу және тасымалдау қабілетін, жұмыс сенімділігін арттыратын, пайдалану шығындарын қысқартатын, темір жол көлігін неғұрлым ыңғайлы етуге мүмкіндік беретін аса маңызды техникалық шаралардың бірі болып табылады.

2040 жылға қарай ұсынылады:

1) "Түркістан – Арыс" теміржол учаскесінің екінші жолын салу және электрлендіру - 108,8 километр, Шымкент агломерациясының шекарасы шеңберінде – 15 километр.

2050 жылға қарай:

1) "Бадам – Шағыр" теміржол учаскесін салу (қалпына келтіру) – 28,7 километр (екі жолды және электрлендірілген теміржол желісін салу) ұсынылады.

Жүк сұрыптау станциясын және жолаушылар станциясы бар жаңа "Шымкент–2" теміржол вокзалын салу; Арыс жолаушылар вокзалының қолданыстағы кешенін реконструкциялау (кеңейту); өткізу қабілетін 2 мыңнан 6 мың адамға дейін ұлғайту үшін Шымкент теміржол вокзалын реконструкциялау; Леңгір қаласында жолаушылар теміржол вокзалын салу ұсынылады.

Келешекте қала маңындағы теміржол қатынастарын дамыту үшін Шымкентті жақын маңдағы қалалармен электричка желілері арқылы қосу, яғни Түркістанды қоса алғанда, Леңгір, Сайрам, Түлкібас, Ванновка, Сарыағаш, Арыс қалаларына дейін электр пойыздары желісін салу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Бұл жол-көлік оқиғаларының санын азайтады, тұрғындардың жолын жеңілдетеді, туризмді арттырады.

53. Қазіргі уақытта Шымкент агломерациясының аумағы бойынша екі халықаралық автокөлік бағыты өтуде:

1) "Ташкент – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас" (Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізінің құрамдас бөлігі);

2) "Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Самара" (Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізінің құрамдас бөлігі).

Шымкент агломерациясында және оның әсер ету аймағында автомобиль көлігі инфрақұрылымын дамытуда:

2030 жылға қарай ұсынылады:

1) қаланың орталық ядросының айналасында қалыптасатын және қаланың барлық дерлік аудандарын байланыстыратын 38 километр айналма жолдың (Шымкент айналма жолының) оңтүстік (ішкі жартылай шеңберінің) құрылысы;

2) шығыс айналма жолының (Шымкентті айналып өту) құрылысы – 7,7 километр;

3) солтүстік айналма жолдың құрылысы – 26 километр;

4) "Шымкент қаласын Оңтүстік–Батыс айналып өту" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы және жобалау–іздістіру жұмыстары – 48 километр;

5) "Қонысбаев өткізу пункті арқылы Өзбекстан Республикасына шығатын Сарыағаш қаласын айналып өту" республикалық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы мен жобалау-іздістіру жұмыстары, 46 километр 4 жолақты қозғалысы бар I техникалық санатты – 102 километр көздейді.

Жүктемені азайтуды және кедергісіз қатынауды қамтамасыз ету үшін облыстық жолдарды Шымкент қаласымен байланыстыратын облыстық автомобиль жолдарын реконструкциялау ұсынылады.

Бәйдібек ауданы:

"Көксайек-Ақсу-Шаян-Мыңбұлақ-М-32" автожолын реконструкциялау – 39,9 километр;

"Таңатар елді мекеніне кіреберіс" автожолын реконструкциялау, 3,4 километр;

Қазығұрт ауданы:

"Жаңабазар-Жігерген-Көкібел" автожолын қайта жаңарту, 17,9 километр;

Ордабасы ауданы:

1) "Көксайек-Ақсу-Шаян-Мыңбұлақ-М-32" автожолын реконструкциялау – 8,7 километр;

2) "Түркістан-Шәуілдер-Төрткөл" автожолын қайта жаңарту - 7 километр;

Сайрам ауданы:

1) "Көксайек – Ақсу – Шаян – Мыңбұлақ – М-32" автожолын реконструкциялау – 8,3 километр;

2) "Бадам – Шұбар – Аққойлы – Қызыләскер – Қарабұлақ – Түлкібас" автожолын реконструкциялау – 29 километр;

Сарыағаш ауданы:

1) "Қапланбек – Жібек жолы – А-2" автожолын реконструкциялау – 10,6 километр;

2) "Ақжар елді мекеніне кіреберіс" автожолын реконструкциялау – 4 километр;

3) "Жібек жолы" автожолын реконструкциялау – 1,9 километр;

4) Қапланбек елді мекеніне кіреберіс автожолын реконструкциялау – 2 километр;

Төлеби ауданы:

1) "Шымкент – Қасқасу – Көксайек – Шымкент" автожолын реконструкциялау – 33 километр;

2) "Зертас – Леңгер" автожолын реконструкциялау – 9,8 километр;

Түлкібас ауданы:

1) "Тастұмсық – Майтөбе – Түлкібас" автожолын реконструкциялау – 9,6 километр;

2) "Тастұмсық – Жыланды – Азаттық – Шұқырбұлақ" автожолын реконструкциялау , 7,1 километр;

3) "Т. Рысқұлов – Құлан – Сарытөр" автожолын реконструкциялау – 18,3 километр;

2040 жылға қарай ұсынылады:

1) айналма жолдың оңтүстік жарты шарын салу (Шымкентті айналып өту) (Бадам 1-Ақтас-Жаңаталап ауылы) - 40 километр;

2) облыстық автожолдарды реконструкциялау:

Бәйдібек ауданы:

1) "Қошқар ата – Жарықбас – Бірлік" автожолын реконструкциялау – 15 километр;

2) "Түйетас – Сарыбұлақ" - 18 километр автожолын реконструкциялау;

3) "Тайманов елді мекеніне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау – 5,7 километр;

Қазығұрт ауданы:

1) "Сарыағаш – Жылға – Монтайтас – Рабат – Леңгір" автожолын реконструкциялау - 9 километр;

2) "Бадам – Ордабасы – Ақжар" автожолын реконструкциялау – 15,3 километр;

3) Тұрбат – Қаржан" автожолын реконструкциялау – 9,4 километр;

4) Шарбұлақ – Қарабау – Амангелді" автожолын реконструкциялау – 17,9 километр;
Ордабасы ауданы:

"Қараспан елді мекеніне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау -8,8 километр

;

Сайрам ауданы:

1) "Көксәйек – Ақсу – Шаян – Мыңбұлақ – М – 32" автожолын реконструкциялау - 19,7 километр;

2) "Ақсу – Қасымбек Датқа" автожолын реконструкциялау – 13,9 километр;

3) "Әсіларық – Көлкент – "Манкент" санаториясы" автожолын реконструкциялау – 13,0 километр;

2050 жылға қарай ұсынылады:

1) Шымкент қаласының оңтүстік (сыртқы жартылай шеңбер) айналма жолын салу (Темірлан ауылы – Ақбұлақ ауылы – Еңбекші ауылы – Сұлтанрабат ауылы – Зертас ауылы – Мартөбе ауылы – Құрлық ауылы) – транзиттік жүк автокөлігінің қозғалысына және көліктің транзиттік ағынын бұруға арналған 118 километр;

2) облыстық автожолдарды реконструкциялау:

Ордабасы ауданы:

1) "Қараспан елді мекеніне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау -8,8 километр;

2) "Түркістан – Шәуілдір – Төрткөл" автожолын қайта жаңарту – 7 шақырым;

Сарыағаш ауданы:

1) "Қазығұрт – Қызылқия – Ақжар – Дербісек – Диқан баба" автожолын реконструкциялау – 5 километр;

2) "Еңкес елді мекеніне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау – 3,2 километр

;

3) "Достық бөлімшесіне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау – 4,9 километр;

4) "Ленин елді мекеніне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау – 2 километр;

5) "Жаскешу елді мекеніне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау – 3,2 километр;

Төлеби ауданы:

1) "Көксәйек – Нысанбек" автожолын реконструкциялау – 9,4 километр;

2) "Абай – Кеңесарық – Майбұлақ" автожолын реконструкциялау – 5,05 километр;

3) "Састөбе – Керейт – Балықшы" автожолын реконструкциялау – 11,2 километр;

- 4) "Ынтымақ елді мекеніне кіреберіс жол" автожолын реконструкциялау – 5,9 километр;
- 5) А–2–Еңбекші – 3 километр автожолын реконструкциялау;
- 6) "Балықшы – Абай – Пістелі – Жаскешу" автожолын реконструкциялау - 31,5 километр;
- 7) "Тастұмсық – Жыланды – Азаттық – Шұқырбұлақ" автожолын реконструкциялау - 18 километр;
- 8) "Машат" демалыс аймағы" автожолын реконструкциялау – 12,6 километр.

Сондай-ақ, автомобиль көлігі инфрақұрылымын дамыту жобасымен аудандық маңызы бар – 467,54 километр автомобиль жолдарын реконструкциялау ұсынылады.

2030 жылға қарай ұсынылады:

Бәйдібек ауданы:

- 1) "КХ 2 "Ұланбел – Екпінді" –Тасқұдық" автожолын реконструкциялау – 4,5 километр;

- 2) "Төрткүл – Қызылжар елді мекені" автожолын реконструкциялау – 4,2 километр;

Қазығұрт ауданы:

- 1) "Тесіктобе – Өгем" автожолын реконструкциялау – 26 километр;

- 2) "Қазығұрт – Тұрбат" – Өндіріс – Қақпақ (Көктөбе арқылы)" автожолын реконструкциялау - 5,1 километр;

Ордабасы ауданы:

- 1) "Қараспан – Қалаш" автожолын реконструкциялау – 1,8 километр;

- 2) КХ–15–Дихан автожолын реконструкциялау – 2,1 километр;

- 3) М–32–Жайылма – 0,8 километр автожолын реконструкциялау;

Сайрам ауданы:

- 1) "Ақсуабад – Карабулак" автожолын реконструкциялау - 4,5 километр;

- 2) "Манкент – Сайрам көшесі КХ–3 облыстық маңызы бар автомобиль жолы" автожолын реконструкциялау – 3,2 километр;

- 3) "Манкент – Жалал ата көшесі КХSR–21 аудандық маңызы бар автомобиль жолы" автожолын реконструкциялау – 1,8 километр;

- 4) "Қарасу – Ақбастау – Шымкент қаласының шекарасы" реконструкциялау -7,6 километр;

- 5) "автодорога КХ–50 – Канағат – Ақниет" автожолын реконструкциялау - 4,65 километр;

Сарыағаш ауданы:

"КХ-49-Дербісек-А-2" автожолын реконструкциялау – 4,85 километр;

Төлеби ауданы:

- 1) "Әңгірата – Ақбастау" автожолын реконструкциялау – 0,7 километр;

- 2) "Әңгірата – Ақбастау" автожолын реконструкциялау – 1,7 километр;

- 3) "Текесу – Абай" автожолын реконструкциялау – 1,8 километр;

- 4) "Аққұм – Көксәйек" автожолын реконструкциялау – 6,3 километр;
- 5) "Аққұм – Жаңатұрмыс" автожолын реконструкциялау – 5 километр;

Түлкібас ауданы:

- 1) "Елтай – РЗД 117 – 1" автожолын реконструкциялау – 2,6 километр;
- 2) "Төрткүл – Ақсай" автожолын реконструкциялау – 1 километр;
- 3) "Ақбиік – Сарытөр" автожолын реконструкциялау – 2 километр;
- 4) "Шұбайқызыл төбесіне кірме жол" автожолын реконструкциялау – 2 километр;

5) "Ақсу жабағылы қорығының Ақсу конионына кірме жолы" автожолын реконструкциялау – 5 километр.

2040 жылға қарай ұсынылады:

Бәйдібек ауданы:

1) "КХ 7 "Бірлік–Екпінді–Шалдар–Сарқырама–Жолғабас–Кеңес" Кеңес елді мекені" автожолын реконструкциялау – 1,5 километр;

2) "М 32 "Шымкент–Самара"–Жиенқұм елді мекені" автожолын реконструкциялау – 1,2 километр;

3) "КХ 5 "Шаян–Ағыбет–Шақпақ"–Жаңаталап елді мекені" автожолын реконструкциялау – 18 километр;

4) "КХ 2 "Ұланбел–Екпінді"–Тасқұдық елді мекені" автожолын реконструкциялау – 3,5 километр;

5) "Тұрақты–Қаратас елді мекені" автожолын реконструкциялау – 2,9 километр;

6) "КХ 3 "Көксәйек–Ақсу–Шаян–Мыңбұлақ–М32" Қаратас елді мекені" автожолын реконструкциялау – 9,5 километр;

Қазығұрт ауданы:

1) "Шанақ бекеті – Бақабұлақ" автожолын реконструкциялау – 7 километр;

2) "КХ 11 "Сарыағаш – Жылға –Монтайтас – Рабат – Сұлтан рабат" – Жаңаталап" – (Ақпан Батыр) – 4,5 километр автожолын реконструкциялау;

3) "КХ 45 "Айнатас – Қакпақ" – Кызылсеңгір" автожолын реконструкциялау – 3 километр;

Ордабасы ауданы:

1) "М–32–Амангелді" автожолын қайта реконструкциялау – 4,2 километр;

2) "Шұбар–Тоқсансай" автожолын реконструкциялау – 5 километр;

3) "Р/Д–31 Ақсары" автожолын реконструкциялау – 2 километр;

4) "КХ–15 Қарабастау" автожолын реконструкциялау – 3 километр;

5) "КХ–15 Бірлік" автожолын реконструкциялау – 2,8 километр;

6) "КХ–8 Бейсен" автожолын реконструкциялау – 1,3 километр;

7) "КХ–15 "Жеңіс" автожолын реконструкциялау – 1,7 километр;

8) "Қараспан–Қалаш" автожолын реконструкциялау – 7,5 километр;

9) КХ–15–"Дихан" автожолын реконструкциялау – 7,5 километр;

Сайрам ауданы:

- 1) "Қарасу – Ақбай – Жаңатұрмыс –Бескепе – Ынтымақ" автожолын қайта жаңарту – 8,7 километр;
- 2) "Ақбұлақ – Ақбастау" – 4,3 километр;
- 3) "Қожакорған – Ханқорған – Көлкент" – 8,9 километр;
- 4) "Оймауыт – КХ–37 облыстық маңызы бар автомобиль жолы" – 5,3 километр;
- 5) "Қасымбекдатқа – Тоган – Сарыарық" – 12,5 километр;
- 6) "Ақсуабад – Шапырашты – Береке – Ынтымақ" – 5,5 километр;
- 7) "Манкент – Қалдаман көшесі КХSR – 21 аудандық маңызы бар автомобиль жолы" – 5,2 километр.

Төлеби ауданы:

- 1) "Бірінші Мамыр – Жамбаевка" – 1,75 километр;
- 2) "Әлишер Науаи – Тағайна" – 2,1 километр;
- 3) "Әлишер Науаи – КХ–29 "Шарапхана – Жаңабазар – 1 Мамыр" – 2,1 километр;
- 4) "Ақбастау – Қызыл үй" – 3,4 километр;
- 5) "Текесу – Абай" - 5,7 километр;
- 6) "Абай – Ұйымшыл" - 3,9 километр;
- 7) "Ақайдар – КХ–82 "Шымкент – Қасқасу – Шымкент" - 1,5 километр;
- 8) "Ақайдар–КХ–35 "Ақайдар – Екпінді" - 2 километр;

Түлкібас ауданы:

- 1) "Машат – Мыңбай" - 2,2 километр;
- 2) "Ынтымақ – Еңбекші – Машат" - 7,88 километр;
- 3) "Машат – Еңбек – Ынтымақ" - 4,65 километр;
- 4) "Елтай – Майлыкент" - 2,54 километр;
- 5) "Түлкібас – Жарымбетов" - 1,89 километр.

2050 жылға қарай ұсынылады:

Бәйдібек ауданы:

- 1) "Көксәйек – Ақсу – Шаян – Мыңбұлақ – М32" –Жоғарғы Боралдай елді мекені" - 1,7 километр;
- 2) "Қаратас – Теректі елді мекені" - 2 километр;
- 3) "Көксәйек – Ақсу – Шаян – Мыңбұлақ – М32" – Ақмешіт әулие" –18,4 километр;

Қазығұрт ауданы:

- 1) "Ақжар – Ескі Шанақ" – Шанақ бекеті - 22 километр;
- 2) "Ескі Шанақ – Ызабұлақ" - 6 шақырым;
- 3) "Қазығұрт – Тұрбат" – Өндіріс– Қақпақ (Көктөбе арқылы)" – 3,9 километр;

Ордабасы ауданы:

- 1) КХ–8 – Төреарық – 2,1 километр;
- 2) Қараспан – Ынтымақ – 2,1 километр;
- 3) М–32 – Нұра – 2,3 километр;
- 4) КХ–15 – Ақбұлақ – 3,5 километр;

- 5) КХ–15 – 1 мамыр – 2,1 километр;
- 6) Қараспан – Жаңатұрмыс – 1,7 километр;

Сайрам ауданы:

1) "Құрлық – Асанбаев көшесі М–32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы" – 3,6 километр;

2) "Ақсу – Ы. Иманалиев көшесі – "Манкент" темір жол станциясы" – 3,3 километр;

3) "Ақсу – Ы. Иманалиев көшесі – Әйтеке би – Ынтымақ" – 8,1 километр;

4) "Алаш – Манкент – Сиқым – Жібек жолы М–32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы" – 13 километр;

5) М–32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы –Манкент – Ақсу – Қарасу ауылының 0–10 шекарасы" – 10 километр;

6) КХ–3 облыстық маңызы бар автомобиль жолымен КХSR–19 аудандық маңызы бар автомобиль жолы аралығындағы өткел" (Ақсу өзені арқылы) – 0,7 километр;

7) "Жаңатұрмыс – Құрлық М–32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы" – 3,3 километр;

8) "КХSR–6 аудандық маңызы бар автомобиль жолы Р–32 Республикалық маңызы бар 0–3,3 автомобиль жолы – 3,3 километр;

Төлеби ауданы:

1) "Леңгір – Жаңаұйым (бетон)" – 5 километр;

2) "Момынай – Аққұм" – 3 километр;

3) "Екпінді – Қорған" – 3,1 километр;

4) "Қасқасу – Сайрамсу шатқалы" – 18 километр;

5) "Қарақия – Рабат" – 4 километр;

6) "Алшалы – КХ–33 "Көксәйек – Ұзынарық – Диханкөл" – 4,1 километр;

7) "Оңтүстік – КХ–30 "Тасарық – Қаратөбе – Төнкеріс" – 5 километр;

8) "Көксәйек – Жіңішке" – 2,5 километр;

9) "Қазақстан елді мекеніне кіреберіс жол" – 2,1 километр;

10) "Леңгір – Момынай" – 3,9 километр;

11) "Бейнеткеш елді мекеніне кіреберіс жол" – 6,7 километр;

Түлкібас ауданы:

1) "Түлкібас – Алғабас" – 0,7 километр;

2) "Балықты – Көкбұлақ – Қайыршақты" – 10,74 километр;

3) "Төрткүл – Ақсай" – 1,9 километр;

4) "Ақбиік – Сарытөр" – 3,24 километр;

5) "Шұбайқызыл" төбесіне кірме жол" – 2,15 километр;

6) "Ақсу жабағылы қорығының Ақсу конионына кірме жолы" – 1 километр.

Шымкент – Қазақстанның автокөлік ең көп жүретін қалаларының бірі, қаланың көше–жол желісінің өткізу қабілеті – 200-240 мың автомобиль. Бұл жағдай қаланың көптеген аудандарында қарбалас уақытта кептелістерді тудырды.

Агломерацияның көлік инфрақұрылымының негізгі проблемалары облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда жол жабынының көтергіш қабілетін жоғалту, жолаушылар тасымалының қолданыстағы көлемдерінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын қала маңы бағыттарында автомобиль көлігіне баламаның болмауы, қазіргі заманғы (халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес келетін) автовокзалдар мен автостанциялардың болмауы, үлкен тасымалдау қабілеті бар (LRT және BRT) жоғары жылдамдықты жолаушылар көлігінің қазіргі заманғы жүйелерінің болмауы болып табылады).

Қалалық көше-жол желілерін жетілдіру, яғни жүрдек автомобиль жолдары мен үздіксіз қозғалыс магистральдарын құру, автосервис құрылыстарын орналастыру.

Қала маңындағы теміржолдар агломерацияларда маңызды рөл атқарады.

2030 жылға қарай:

1) Шымкент агломерациясының орталығын аудандар мен қалалардың елді мекендерімен мынадай төрт бағыт бойынша байланыстыра отырып, "Шымкент" жобалық автовокзалынан жылдам жолаушылар көлігі (BRT) желісін салу: Қазығұрт ауданы – Қазығұрт ауылы, Сарыағаш қаласы - Сарыағаш ауданы – "Шымкент – Қазығұрт – Сарыағаш" бағыты бойынша; Сайрам ауданы – Ақсу ауылы, Сайрам қаласы, Қарамұрт ауылы "Шымкент – Қаратау ауданы Сайрам кенті– Қарамұрт ауылы" бағыты бойынша; Ақсу ауданы және "Шымкент – Ақсу – Қарабұлақ" бағыты бойынша Қарабұлақ ауылы; Төлеби ауданы – "Шымкент – Леңгір" бағыты бойынша Леңгір қаласы ұсынылады.

2040 жылға қарай:

1) Темірлан тас жолының бойында, әуежай ауданындағы жобалық автовокзалдан, одан әрі Т. Рысқұлов және Жібек Жолы көшелерімен Тараз қаласы бағытындағы жобалық автовокзалға дейін жеңіл рельсті көлік желісін (LRT) салу;

2) Бәйдібек би көшесі бойындағы жаңа теміржол вокзалынан, Қонаев даңғылынан және Республика даңғылынан Ташкент қаласына трасса бағытындағы жобалық автовокзалға дейін LRT желісін салу ұсынылады.

Жеңіл рельсті көлік, әдетте, трафиктің басқа түрлерімен қиылыспай, қалалық аудандардың шекаралары бойымен жүреді, бұл шағын ауданның орталық бөлігіне көлік жүктемесін азайтады. Қала орталығындағы автомобиль трафикін жаяу жүргіншілер мен қоғамдық көліктердің пайдасына азайту тұжырымдамасы соншалықты сәтті болды, оны бүкіл әлемдегі қалалар қолдана бастады.

Көліктің бұл түрі шетелде кеңінен таралды: соңғы 15 жылда әлемде 80-ге жуық ЛРТ жүйесі салынды, қазіргі уақытта 100-ге жуық ЛРТ жүйесі жобалау мен құрылыстың әртүрлі кезеңдерінде тұр. VAL француздық автоматтандырылған жүйесі, сондай-ақ басқа да жеңіл метро және жүрдек трамвай жүйелері кеңінен қолданылды.

Көлік жол айырығының құрылысы да жайлылық пен қауіпсіздікті арттыруға ықпал ететін болады. Көшелердің ең көп жүретін учаскелерінде әртүрлі деңгейдегі жол

айрықтарының болмауы қаланың көлік қатынасына да кері әсерін тигізеді. Жолдардың аса жоғары жүктемесі – Жоғарғы нарық ауданында, көлік қозғалысының қарқындылығына теріс әсер етеді.

Көлік–трансплантациялау тораптарын салу: әуежай ауданында және Шымкент қаласының жаңа теміржол вокзалы мен автовокзалдарында.

Жол айырықтарын салу: Шымкент қаласының Бәйдібек би – Арғынбеков, Бәйдібек би – Назарбеков, Бәйдібек би – Астана, Сайрам – Жібек.

Республика даңғылы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығы ауданында; Рысқұлов көшесі бойынша Самал базары ауданында; Темірлан тас жолы бойынша – Шымкент қаласының Мангелдин көшесі бойынша жаяу жүргіншілер өткелдерін салу.

Осылайша, жоғарыда аталған іс-шараларды салу және реконструкциялау Шымкент агломерациясы автомобиль жолдарының жай-күйін жақсартыды, көлік кептелісі азаяды және Шымкент қаласының орталық бөлігінен жүк түсіріледі, көшелердің өткізу қабілеті артады.

54. Қоғамдық жолаушылар тасымалының инфрақұрылымы өзінің техникалық және сервистік параметрлері бойынша тиісті жағдайға келтіру үшін қомақты ресурстарды талап етеді.

2030 жылға қарай:

1) Ленгір, Арыс қалалары мен Ақсукеңт, Жібек жолы, Қазығұрт елді мекендерінің автостанцияларын реконструкциялау ұсынылады.

2040 жылға қарай:

1) Шаян, Темірлан, Т. Рысқұлов кенттерінде автостанциялар салу ұсынылады.

2050 жылға қарай:

1) Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылында автовокзал салу;

2) Сарыағаш ауданы Жібек жолы кентінде автовокзал салу;

3) Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылында автовокзал салу;

4) Түлкібас ауданы Түлкібас кентінде автовокзал салу;

5) Шымкент қаласы Қаратау ауданында автовокзал салу;

6) Шымкент қаласында орталық автовокзал салу.

Шымкент қаласында қаланың солтүстік бөлігіндегі халықаралық және қалааралық маршруттар үшін орталық автовокзал және қаланың батыс бөлігіндегі базарларға жақын маңдағы маршруттар үшін автостанция салу ұсынылады.

Шымкент агломерациясының көлік жүйесін жақсарту шеңберінде мынадай іс шараларды жүргізу қажет деп санаймыз:

1) жаңа құрылыс аудандарында қоғамдық көлік желілерін салу;

2) қоғамдық көліктің қарқынды бағыттарында сыйымдылығы көп автобустарды, ал үй құрылысы аудандарында сыйымдылығы орташа автобустарды пайдалану;

3) қалалық және қала маңындағы аумақтардың экологиялық жай-күйінің жүктемесін азайту мақсатында өзінің өндірістік-техникалық базасы мен жылжымалы

құрамы бар муниципалды автобус паркін, сондай-ақ таксомоторлық парктерді құру қажет;

4) Шымкент және Түркістан қалаларына "кіреберіс" болып табылатын негізгі жолдарда көлік "кептелістерінің" пайда болуын болдырмау;

5) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау және жақсы мен қанағаттанарлық жағдайдағы автожолдар үлесін 79%-ға дейін жеткізу;

6) көліктік қызмет көрсету сапасын арттыру, жол-көлік оқиғаларының деңгейін қысқарту, үздіксіз және қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету (оның ішінде авариялық ошақтарды жою, жолдағы инженерлік жайластыру);

7) транзиттік әлеуетті және трансқазақстандық транзиттік маршруттардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тасымалдаушылардың көлік қызметтерінің өзіндік құнын төмендету және автокөлікті пайдалануға арналған шығындарды үнемдеу.

55. Қазіргі уақытта Шымкент қаласында халықаралық әуежай жұмыс істейді.

2024 жылғы 25 желтоқсанда Шымкенттің халықаралық әуежайында өткізу қабілеті сағатына 2000 жолаушы болатын жаңа жолаушылар терминалы ашылды. Әуежай инфрақұрылымын дамытудың жаңа деңгейімен жүк терминалын салу ұсынылады.

Қаланың өсіп келе жатқан экономикалық қызметін ескере отырып, әуе көлігінің маңыздылығы зор болады, бұл жолаушылардың жылдық көлемінің бірнеше есе өсуіне әкеледі. "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық автомагистралінің өтуі және көлік-логистикалық орталықтардың дамуы тасымалдауды ұйымдастыруда жаңа деңгейге шығудың нақты алғышарттарын жасайды.

Шымкент қаласында есепті 2040 жылға қарай қаланың солтүстік-батысында орналасқан "Шымкент – Темірлан" бағыты бойынша М-32 халықаралық маңызы бар РФ шекарасы "Самара – Шымкент" – 20 километр (кірме жолдармен бірге) автомобиль жолы бойында екінші әуежай салу ұсынылады.

Шымкент агломерациясы үшін агломерацияның әсер ету аймағы шегінде шағын авиацияны дамыту басым болып табылады.

2030 жылға қарай Түркістан облысының Сарыағаш қаласында жергілікті әуе желісінің әуеайлағын салу ұсынылады.

56. Құбыр көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін 2030 және 2040 жылдарға қарай мыналар ұсынылады:

1) Шымкент агломерациясы учаскелерінде магистральдық мұнай құбырларын құбырышilik диагностикалау бойынша жұмыстар жүргізу;

2) мұнайды тасымалдау және транзиттеу көлемін ұлғайту мақсатында инновациялық технологияларды пайдалана отырып, магистральдық мұнай құбырларын үлкен диаметрке кезең кезеңімен ауыстыру;

3) көмірсутек шикізатын (мұнай/газ) терең өңдеу өнімдерінің экспортына және қосылған құны жоғары өнім шығаруға көшу;

4) оңтүстік және орталық өңірлердің экспорттық әлеуетін қолдау және тұрақты газбен қамтамасыз ету үшін "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырының екінші және үшінші желісін салу.

"Ташкент – Бішкек – Алматы Бұхара газды ауданы", "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырлары елдің оңтүстік бөлігін қамтамасыз етеді және ең жоғары өткізу қабілеті режимінде пайдаланылады.

2019 жылғы 27 желтоқсанда ұзындығы 1 061,3 километр болатын "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырына қосылу жолымен "Қызылорда – Теміртау – Қарағанды – Астана" бағыты бойынша "Сарыарқа" магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді, бұл елорданы, елдің орталық және солтүстік өңірлерінің бір бөлігін экологиялық таза отын түрімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

57. Көлік-логистикалық орталықтардың маңызды міндеттерінің бірі транзиттік жүк ағынын өңдеу болып табылады. Қолданыстағы көлік-логистикалық орталықтар Түркістан облысында орналасқан, "Кедентранссервис" АҚ жүк терминалдары Шымкент қаласында орналасқан.

2018 жылы "Continental Logistics Shymkent" ЖШС компаниясы Шымкент қаласында "А" класты көлік-логистикалық орталығын (КЛО) ресми түрде пайдалануға берді.

2017 жылғы желтоқсанда "Kazakhstan Logistics Group" ЖШС компаниясы Шымкент қаласында "В" класты көлік-логистикалық орталығын (КЛО) пайдалануға берді. Қазіргі уақытта орталықтың қуаты жылына 1 миллион тонна тауарды қабылдауға, сақтауға және жөнелтуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес сауда-логистикалық орталықты кеңейту және қажетті инфрақұрылымдық жүйелерді орнату жалғасып жатыр.

Шымкент агломерациясының аумағында мыналар ұсынылады:

2030 жылға қарай: 5 КЛО салу: Арыста – 1, Шымкентте – 4;

2040 жылға қарай: 2 КЛО салу: Сарыағаш ауданында – 2 бірлік – Сарыағаш қаласында – 1, Дарбаза елді мекенінде - 1, Сарыағаш қаласынан 36 километрде;

2050 жылға қарай: 2 КЛО салу: Түлкібас ауданының Шақпақ ауылдық округінде – 1, Сайрам ауданының Көлкент ауылдық округінің Қайнарбұлақ ауылында.

Сауда-логистикалық аймақты кеңейту есебінен Шымкент қаласында Қазақстан Республикасының бүкіл оңтүстік өңірін қамтитын өңірлік хаб құруға тамаша мүмкіндік бар. Сондай-ақ, "Continental Logistics Shymkent" көлік-логистикалық орталығының базасында көтерме-тарату орталығының құрылысы жоспарланып отыр.

2030 жылдың аралық мерзіміне қарай: Қайнар тұрғын алабы ауданында "Бозарық", "Жұлдыз", "Стандарт" индустриялық аймақтарда КЛО салу ұсынылады.

Перспективада ауыл шаруашылығы Арыс қаласы экономикасының негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. Арыс қаласының ауыл шаруашылығын

перспективалы дамытудың мақсаты бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді қалыптастыру болады.

Ауыл шаруашылығы Түлкібас, Сарыағаш, Сайрам аудандары экономикасының негізгі бағыты болып табылады, онда ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау үшін КЛО құрылысы ұсынылады.

Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасымен сауданы ұлғайту үшін Сарыағаш қаласынан 36 шақырым жерде орналасқан Дарбаза елді мекенінде "Сарыағаш" КЛО салу ұсынылады. Осылайша, көлік-логистикалық орталықтардың маңызды міндеттерінің бірі транзиттік жүк ағынын өңдеу болып табылады. Көлік-логистикалық орталықтар бірыңғай технологиялық және ақпараттық процесті ұйымдастыру негізінде тауар қозғалысының ұтымды схемаларын іске асырады, өнім берушілер мен тұтынушылардың қызметін біріктіреді, коммуникациялық дәліздер мен тораптық көлік-логистикалық жүйелерді нығайтады.

5-параграф. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары

58. Шымкент агломерациясы Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірінің аумағында орналасқан, онда географиялық орналасуы мен көлік инфрақұрылымын ескере отырып, өндірістік, еңбек және мәдени-тұрмыстық байланыстар жиынтығына негізделген экономикалық тұрғыдан тиімді әлеуметтік инфрақұрылым қалыптастырылған.

Экономикалық өсудің маңызды нүктесі болып табылатын Шымкент қаласында халыққа қызмет көрсетудің өңіраралық деңгейі қалыптасып жатыр.

Облыс орталықтарында өңірлік деңгей қалыптастырылып жатыр.

Халыққа қызмет көрсетудің ауданаралық деңгейі шағын қалаларда – Арыс, Леңгір, Сарыағашта құрылып жатыр. Өз кезегінде бұл қалалардың бір бөлігі аудандық деңгейді қалыптастырып жатыр.

Аудан орталығы мәртебесі берілген қалалар мен ауылдық елді мекендерде аудандық қызмет көрсету деңгейі белгіленген. Шымкент агломерациясының аумағында барлығы 13 аудан бар (оның ішінде 5 аудан Шымкент қаласында).

Елді мекендер топтарына қызмет көрсету функцияларын орындайтын ауылдық округтердің орталықтарында жергілікті деңгей қалыптасады (78 ауылдық округ).

Халыққа қызмет көрсетудің қоныстану деңгейі елді мекендерде қалыптасады. Шымкент агломерациясының әсер ету аймағында 355 ауылдық елді мекен бар.

Шымкент агломерациясының жоғары демографиялық әлеуеті бар. Шымкент агломерациясының аумағында елдегі балалардың 13,7%-ы немесе 800 мыңға жуық адам тұрады. Халық құрылымындағы балалардың үлесі 37% құрады, бұл орташа елдік көрсеткіштен жоғары (ел бойынша орташа 31%). Өңірдегі балалар санының өсуі білім

беру объектілерінің тапшылығы проблемаларының алдын алу және білім беру саласындағы қазіргі проблемаларды шешу бойынша уақтылы іс-қимылдарды талап етеді.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін перспективалық дамыту "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ҚЖ 3.01-101-2013 сәйкес нормативтік қажеттілікті есептеу арқылы ұсынылған.

59. Халықтың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыру әлеуметтік инфрақұрылым элементтерінің болуының немесе болмауының басты өлшемі болып табылады.

Шымкент агломерациясында 2023-2024 оқу жылының басында 1 289 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істеді және оларда 147 мың бала тәрбиеленді. Өңірдегі мектепке дейінгі білім берудің қазіргі жағдайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары объектілерінің айтарлықтай өсуімен сипатталады. Мектепке дейінгі ұйымдар санының көбеюі негізінен жеке балабақшаларды салу және ашу есебінен болды. Талданған кезеңде өңірде жекеменшік балабақшалар санының 1,6 есеге артқаны байқалады, ал мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар саны 15,3%-ға өсті.

Шымкент агломерациясында 2016 жылдан 2020 жылға дейін 7 676 бірлік оқушы орнын құрайтын 57 мектепке дейінгі ұйым, ал 2021 жылы – 1 030 бірлік, ал 2022 жылы – 1 088 бірлік, ал 2023 жылы – 977 бірлік оқушы орны пайдалануға берілді.

2025 жылға қарай 2 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту 95%-ды, 3-жастан 6 жасқа дейін - 100 %-ды құрауы тиіс. 2023 жылы "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілді, онда бірінші бағыт тең бастапқы мүмкіндіктер жасау болып табылады. Негізгі шаралар жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, қосымша алаңдарды, оның ішінде тұрғын үйлер мен басқа да үй-жайлардың бірінші қабаттарын пайдалану арқылы қолданыстағы желіні кеңейту есебінен жаңа орындар ашу болып табылады.

2030 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдарға деген нормативтік қажеттілік 162,1 мың орынды құрайды, ал орындар саны 18,6% - ға артып, 174,4 мың орынды құрайды, 2040 жылға қарай 18,1% - ға артып, 206,0 мың орынды құрайды, ал 2050 жылға қарай 19,8% - ға артып, 246,8 мың орынды құрайды.

Болжамды кезеңде Шымкент агломерациясының мектепке дейінгі білім беруінде 101,6 мың орын енгізіледі деп күтілуде.

2030, 2040, 2050 жылдарға арналған әкімшілік аудандар бөлінісінде мектепке дейінгі ұйымдарды дамытудың негізгі көрсеткіштері осы өңіраралық схемаға 23-қосымшаға сәйкес келтірілген.

2023-2024 оқу жылының басында өңірде 473,7 мың оқушысы бар 659 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер жұмыс істеді.

Талданып отырған кезеңде өңірде күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің саны 1,9% - ға өсті. Бұл ретте оқушылар саны 14,4% - ға немесе 59,5 мың адамға артты. Жаңа мектептердің ашылуы, оқушы орындарының өсуі ондағы оқушылар санының өсу қарқынына ілесе алмайды.

Шымкент агломерациясындағы жалпы білім беретін мектептердің ең көп оқушы орнын агломерацияның өзегі - Шымкент қаласында (88,9 мың орын), Түркістан облысында (64,5 мың орын) енгізу қажет. Агломерацияның өзегі-Шымкент қаласында халық санының салыстырмалы түрде жоғары өсуі және оқушы орындарының тапшылығы байқалады.

Шымкент агломерациясының жалпы білім беретін мектептерінің қажеттілігін аралық, есептік және болжамды жобалау мерзімдеріне есептеу "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ҚЖ 3.01-101-2013 нормаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын бір ауысымда оқытуын көздейді.

2030 жылға қарай жобада жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындарын 2,1 есеге ұлғайту көзделген және 684,4 мың орынды құрайды, 2040 жылға қарай 2030 жылмен салыстырғанда тағы 21,1% - ға ұлғаяды және 832,1 мың орынды құрайды. Жобада болжамды мерзімге (2050 жылға) жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындарын 2040 жылмен салыстырғанда тағы 22,2%-ға ұлғайту көзделген, ал болжамды мерзімнің соңында жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындарының саны 1 016,7 мың орынды құрайды.

2023-2025 жылдарға арналған "Жайлы мектеп" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысымен бекітілген білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде агломерацияның өзегі - Шымкент қаласында 2026 жылға дейін 17,3 мың оқушы орнына 12 мектеп, ал Түркістан облысында 22,9 мың оқушы орнына 29 мектеп салынатын болады. 2022-2023 жылдары Шымкент агломерациясында 27,8 мың орындық 42 мектеп пайдалануға берілді.

Әкімшілік аудандар бөлінісінде жалпы білім беретін мектептерді дамытудың 2030, 2040, 2050 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштері осы өңіраралық схемаға 24-қосымшаға сәйкес келтірілген.

60. Шымкент агломерациясындағы медициналық ұйымдардың желісінде 2022 жылы 27 аурухана, 6,3 мың төсек қоры бар стационарлар және жоспарлы қуаты бір ауысымда 14,1 мың адам болатын 415 амбулаториялық-емханалық ұйымдар болды.

Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда 10 000 адамға шаққанда халықтың төсек-орынмен қамтамасыз етілуі 28,6 төсек-орынды, 10 000 адамға шаққанда халықтың амбулаториялық-емханалық ұйымдармен қамтамасыз етілуі – ауысымда 64,3 адамды құрады. 2022 жылы амбулаториялық-емханалық ұйымдардағы

тапшылық бір ауысымда 30,4 мың адамды құрады. 2022-2023 жылдары Шымкент агломерациясында ауысымына 831 келушіге арналған 16 дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді.

Шымкент агломерациясындағы Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің перспективалық дамуы барлық аудандар мен қалаларда нормативтік деңгейдегі жетістіктермен сипатталады.

Шымкент агломерациясында 2030 жылға қарай төсек-орынға нормативтік қажеттілік 13,2 мың бірлікті құрайды, жобада аралық жобалау мерзімінің соңына қарай (2030 жыл) төсек қорын 2,1 есеге ұлғайту көзделген және төсек саны 13,2 мың бірлікті құрайды. 2040 жылға қарай жобада өңірдің төсек қорын тағы 21,4% - ға ұлғайту көзделген және төсек саны 16,1 мың төсек-орнын құрайды. Болжамды мерзімге жобада өңірдің төсек қорын тағы 22,5%-ға ұлғайту көзделген және төсек саны 19,7 мың төсек құрайды. Кезең соңында халықтың төсектермен қамтамасыз етілуі 10 мың адамға шаққанда 50 төсек деңгейінде болады деп күтіледі.

Жалпы, барлық болжамды кезеңде Шымкент агломерациясында нормативтік қажеттілікке сәйкес 13,4 мың төсек енгізілетін болады.

Жобада жобалаудың аралық мерзімінің соңына қарай (2030 жыл) Шымкент агломерациясының амбулаториялық-емханалық ұйымдарында (АЕҰ) ауысымға келуді 3,8 есеге ұлғайту көзделген және көрсеткіш бір ауысымда 53,7 мың келуді құрайды, ал жобалаудың есептік мерзімінің соңына қарай (2040 жыл) өңірде көрсеткіш тағы 21,4 %-ға ұлғаяды және амбулаториялық-емханалық ұйымдарда ауысымда келушілер саны 65,2 мыңды құрайды. Жобада болжамды мерзімге (2050 жыл) ауысымға келуді тағы 22,5% - ға ұлғайту көзделген және ауысымға келу саны 79,9 мыңды құрайды. Кезең соңында халықтың АЕҰ-мен қамтамасыз етілуі 10 мың адамға шаққанда ауысымда 203 келу деңгейінде күтілуде.

Шымкент агломерациясындағы барлық болжамды кезеңде амбулаториялық-емханалық ұйымдарда нормативтік деңгейге жету үшін ауысымына 65,8 мың адам келу еңгізілуі қажет. Шымкент агломерациясының қалалары мен аудандары бөлінісінде болжамды кезеңде (2023-2050 жылдары) амбулаториялық-емханалық ұйымдардың ауысымына келушілер санының жоғары өсуі (7 есе) Шымкент қаласында күтіледі.

2024 жылдың басында Шымкент агломерациясында жоспарлы қуаты 174 төсектік қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационарлық үлгідегі 2 медициналық-әлеуметтік мекеме, жоспарлы қуаты 398 төсектік психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектерге арналған 2 медициналық-әлеуметтік мекеме, 206 төсектік жоспарлы қуаты бар психоневрологиялық патологиялармен мүгедектігі бар балаларға арналған

1 медициналық-әлеуметтік мекеме, 53 төсектік жоспарлы қуаты бар тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған 1 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

Жобамен болжамды мерзімге жобалық қуаты 50 орыннан аспайтын шағын жинақталған интернат үйлерін салу және қуаты 10-нан 50 төсек-орынға дейінгі күндізгі болу бөлімшелері түрінде әлеуметтік қызмет көрсетудің баламалы нысандарын дамыту ұсынылады.

61. Өмір сапасы, ұлт денсаулығы, әлеуметтік тұрақтылық, елдің экономикалық дамуы, демографиялық жағдай халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Ең төменгі халықаралық стандарттар үй шаруашылығының әрбір мүшесінде оның мүшелерінің бірге тұруы үшін ортақ бөлмемен бірге жеке бөлменің (немесе үлкен үй шаруашылығына арналған екі бөлменің) болуын қамтамасыз етеді. Біріккен Ұлттар ұйымы ұсынған стандарт бойынша бір тұрғынға шаққандағы жалпы алаңның көлемі кемінде 30 шаршы метр болуы тиіс.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй бір адамға кемінде он бес шаршы метр және он сегіз шаршы метрден аспайтын, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер немесе жатақхана бөлмесі мөлшерінде беріледі.

Жобада халықтың тұрғын үйге өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа құрылыс, қолданыстағы тұрғын үй қорын реконструкциялау және күрделі жөндеу есебінен тұрғын үй қорының көлемін ұлғайту көзделеді.

Шымкент агломерациясының тұрғын үй қоры жоспарлы түрде өсіп жатыр. Талданып отырған кезеңде (2019-2023 жылдар) Шымкент агломерациясының құрамына кіретін қалалар мен аудандардың жалпы тұрғын үй қоры 12,9%-ға ұлғайып, 39,8 миллион шаршы метрді құрады.

Халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін жобамен тұрғын үй қорын 2030 жылдың соңына қарай 1,7 есеге ұлғайту, 2040 жылдың соңына қарай тағы 31,1%-ға ұлғайту ұсынылады, ал болжамды кезеңге (2050 жыл), нормативтік есептерге сәйкес, Шымкент агломерациясында тұрғын үй қорының көлемі 2040 жылмен салыстырғанда 36,1% - ға ұлғайып, 118,0 миллион шаршы метр тұрғын үйді құрайды. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету 1 адамға шаққанда 30,0 шаршы метрге жетеді. Жалпы, болжамды кезеңде 84,9 миллион шаршы метр тұрғын үй салу қажет (осы өңіраралық схемаға 25-қосымшаға сәйкес).

62. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2024 жылдың басында Шымкент

агломерациясының аумағында: 1 877 орындық 6 театр; 3 345 орындық 11 кинотеатр; 27 864 орындық клуб үлгісіндегі 161 мекеме; 6 274 мың сақтау бірлігі бар 256 кітапхана жұмыс істеді.

Мәдениет мекемелерінің Шымкент агломерациясының аумағы бойынша біркелкі бөлінбеуі, олардың қалалық елді мекендерде шоғырлануы және ауылдық елді мекендерде жеткіліксіз болуы өңірдің барлық тұрғындарына, әсіресе ауылдық елді мекендерге мүмкіндік беру үшін мәдениет объектілерін салу қажеттілігін талап етеді.

Жобада басты міндеттердің бірі мәдениет саласындағы қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру болып табылады және күтілетін әлеуметтік әсер мәдениет объектілеріне бару санын ұлғайту болып табылады.

Халықтың мәдениет объектілерімен қамтамасыз етілуінің барлық көрсеткіштері нормативтік деңгейге жетпейді.

Мәдениет мекемелерінің желісін дамытуды бір жағынан, дәстүрлі қызмет көрсету формаларынан жаңа форматтағы кәсіпорындарға - көпфункционалды мәдени қызмет көрсету объектілеріне, екінші жағынан - тұрғын аудандарда әртүрлі мақсаттағы шағын объектілерді қалыптастыру арқылы оның жүйесін құрылымдық қайта құру арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Шымкент агломерациясының мәдениет объектілерін іске қосу 2050 жылға қарай халықтың мәдениет объектілерінің барлық түрлерімен нормативтік қамтамасыз етілуіне қол жеткізе отырып, кезең-кезеңмен өту көзделген. Жобада 2050 жылы театрлардағы орындардың саны 12,1 мың орынды, кинотеатрлардағы орындардың саны 66,9 мың орынды, клуб үлгісіндегі мекемелердегі орындардың саны 390,3 мың орынды, кітапхана қорының саны 17,0 миллион томды құрайды деп көзделген.

6-параграф. Рекреациялық инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

63. Шымкент агломерациясының айтарлықтай табиғи және тарихи-мәдени әлеуеті бар, мәдени-танымдық, экологиялық туризмді және туристік-экскурсиялық қызметті дамыту үшін үлкен перспективалар ашады. Қолайлы табиғи жағдайлар, бальнеологиялық көздердің болуы, жұмсақ климат, температураның күрт өзгеруінің болмауы емдік-сауықтыру туризмін және спорттық-шытырман оқиғалы туризмнің жекелеген түрлерін ұйымдастыруға қолайлы. Агломерацияның шекаралық жағдайы, халықтық дәстүрлердің әртүрлілігі этнографиялық және оқиғалық туризмнің дамуына жағдай жасайды (осы Өңіраралық схемаға 26-қосымшаға сәйкес).

64. Ресми статистика деректеріне сәйкес, Шымкент агломерациясының аумағында орналастыру орындарының саны 2023 жылы 251 объектіні құрады (2019 жылмен салыстырғанда 22,4% өсті), онда 4 588 нөмір болды, бұл ретте біржолғы сыйымдылығы 11 080 төсек-орынды құрады. Агломерацияны орналастыру объектілерінің құрылымындағы 99,2% санаты жоқ объектілерге және басқа орналастыру орындарына жатқызылған.

65. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін объектілердің біразы агломерацияның тартымдылығына әсер етеді. Берілген санаттағы қонақ үйлер Шымкент қаласында шоғырланған (екі бес жұлдызды және бір төрт жұлдызды қонақ үй).

66. Агломерацияда орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 548 940 адамды құрады (2019 жылмен салыстырғанда 1,8 есе өсті), оның ішінде Шымкент қаласы бойынша - 449 098 адам немесе қызмет көрсетілген келушілердің жалпы санының 81,8%.

67. Орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемі 10 205,2 миллион теңгені құрады (2019 жылмен салыстырғанда 2,1 есе өсті). Агломерация бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің негізгі үлесін Шымкент қаласы – 80,7%, одан кейін Төлеби (10,3%), Сарыағаш (4,0%), Сайрам (2,1%), Түлкібас (2,1%) аудандары ұсынады. 1%-дан азы Арыс қаласына, Бәйдібек және Қазығұрт аудандарына тиесілі.

68. Агломерацияның туристік-рекреациялық инфрақұрылымын дамытудың оң аспектілеріне мыналар жатады:

- 1) аумақтың елеулі табиғи туристік-рекреациялық әлеуеті;
- 2) қолайлы географиялық жағдай (шекара маңындағы жағдай, транзиттік дәліз);
- 3) туризмнің барлық дерлік түрлерін дамытудың кең мүмкіндіктері;
- 4) өңірлік туристік өнімдердің жеткілікті санының болуы (көп күндік кешенді турлар, сондай-ақ демалыс күндері турлар, экскурсиялар және басқалар);
- 5) туроператорлар, саланың басқа да ұйымдары арасында халықаралық әріптестік желіні дамыту.

69. Шымкент агломерациясы туризмінің бәсекеге қабілеттілігін төмендететін себептерге мыналар жатады: инженерлік-көліктік, туристік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік объектілердің қолжетімділігінің қиындығы; жол бойындағы сервис объектілерінің Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты санаттарына сәйкес келмеуі; шалғай туристік орындарда абаттандырылған санитарлық-гигиеналық тораптардың және интернет-инфрақұрылымның болмауы; туристік объектілердің маусымдылығы; отандық туристік өнімнің нашар танылуы және жеткілікті ілгерімеуі; білікті кадрлардың жетіспеушілігі; агломерация орталығына тартылатын аумақтарда туристік-рекреациялық инфрақұрылымды дамыту үшін іс-шараларды қаржыландырудың төмен деңгейі.

Шымкент агломерациясы аумағында туристік саланы дамыту мақсатында туризмнің мынадай түрлері бойынша шаралар кешенін әзірлеу қажет.

70. Экологиялық және жағажай туризмі

Шымкент агломерациясының табиғи әлеуеті іс жүзінде экологиялық туризмді дамыту үшін қолайлы туристік-рекреациялық аймақтардың дамуын айқындады.

Экологиялық туризмді дамыту республикалық және жергілікті маңызы бар ЕҚТА-да ұсынылады, олар Шымкент агломерациясының аумағында орналасқан немесе оның шекарасына қарай тартылады, бұл:

1) Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы, мұнда Қызылжар, Қызөлгенкөл, Айнакөл, Шынкөлдік, Бұғылыторкөл көлдері; Ақсу, Арабиік, Көксай, Ақсай, Жабағылы өзендері; Жабағылытаудың солтүстігіндегі тау жоталары, Талас Алатауы (Қасқабұлақ, Бұғылытор шыңдары), Сарытау және Ақсуат, Ақсу каньоны орналасқан;

2) Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, мұнда Сусіңген көлі, Сарыайғыр, Бадам, Ұлар өзендері; Сарыайғыр шатқалы; Мыңжылқы, Шағыртас, Қырыққыз шатқалдары, Тікенек және Ұлыжұрт асулары орналасқан;

3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы;

4) Арыс және Қарақтау мемлекеттік қорық аймағы;

5) Ақдала мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық);

6) Задария мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық);

7) Жамбыл мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық);

8) Боралдай мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық).

ЕҚТА аумағында табиғи кешендердің табиғи жай-күйін айтарлықтай бұза алмайтын туризм бағыттарын дамыту қажет:

1) жеке келетін туристер немесе шағын туристік топтар үшін жаяу серуендеу, велосипедпен жүру, автомобильмен жүру, атпен саяхаттау;

2) орнитологиялық турлар, фото аулау;

3) ғылыми-танымдық турлар, ауылдық туризм;

4) әуесқойлық (спорттық) аң аулау мен балық аулауды жүргізу;

5) тікұшақ турлары, джип-сафари, квадро-турлар.

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында келесі іс-шараларды өткізу ұсынылады:

1) МҰТП аумағында туристік инфрақұрылымды дамыту, туристік объектілерді жаңғырту және салу үшін инвесторларды тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу (келу орталықтары, глампингтер, кемпингтер, этно-ауылдар, қарау алаңдары, автотуристерге арналған жабдықталған тұрақтар);

2) қолданыстағы жүктемені бөлуді ескере отырып, жаңа туристік маршруттар мен экологиялық соқпақтарды әзірлеу;

3) туристік маршруттарда көрсеткіштерді, жәшіктерді, ақпараттық қалқандарды орналастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

4) туристік маршруттар бойындағы интернет-инфрақұрылыммен және санитариялық-гигиеналық тораптармен қамтамасыз ету;

5) агломерацияның негізгі туристік орындарына навигациялық жүйені орнату;

6) ауылдық жерлерде кәсіпкерлер үшін оқыту семинарларын өткізу, ЕҚТА және таулы жерлерде жаяу турларды жүзеге асыратын білікті қызметкерлерді (экскурсоводтар, нұсқаушылар, гидтер) даярлау;

7) Қонақ үйлерді құру және дамыту, сондай-ақ экологиялық және аграрлық (агротуризм) даму процесіне жергілікті қоғамдастықтарды тартуды қамтамасыз ету.

71. Шымкент агломерациясы үшін агротуризм салыстырмалы түрде жаңа бағыт болып табылады және кешенді туристік өнімді жасау үшін ауыл шаруашылығы ресурстарын пайдалануға бағдарланған. Өз кезегінде агломерация дамыған бау-бақша, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ара шаруашылығы, сондай-ақ шарап өнеркәсібі объектілері және т.б. тарта алады. Сонымен қатар, жергілікті халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары базасында туристерге қызмет көрсету бойынша туристік қызметті белсенді дамыту қажет.

Ірі индустриалды нысандар негізінде өнеркәсіптік туризмді дамыту перспективалары бар, мысалы, зауыттар, фабрикалар, кен орындары.

72. Ұйымдастырылған жағажай аумағы бар демалыс аймақтарын орналастыру үшін келесі су объектілерінің жағалау аумақтарын қарастыру ұсынылады:

1) Тоғыс, Бадам су қоймаларында, Шымкент қаласындағы Қошқарата өзенінің бассейнінде;

2) Түркістан облысындағы Бөген су қоймасында.

Осы аумақтардың тартымдылығын күшейту үшін олардың аумақтарында этнографиялық кешендерді орналастыру мәселесін қарастырған жөн.

Жергілікті тұрғындар мен Шымкент агломерациясы қонақтарының қысқа мерзімді демалысын өткізу үшін қысқы және жазғы уақыт кезеңдерінде сервистік қызметтерді ұлғайту перспективасымен жұмыс істеп тұрған демалыс базалары мен аймақтарын пайдалану қажет.

73. Балалар мен жасөспірімдер туризмі

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің "Ақпараттық талдау орталығы" акционерлік қоғамының деректеріне сәйкес, 2023 жылы Шымкент агломерациясының аумағында туристік-өлкетану жұмысының қызметін жас туристер мен натуралистер 5 станциясы жүзеге асырды, онда 3 421 оқушы немесе балалардың жалпы санының 0,6%-ы (526 595 адам) қосымша білім алумен айналысқан.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласында бір балалар экологиялық орталығы бар және жас туристердің станциялары жоқ.

Жас туристер мен натуралистердің станцияларынан басқа, жазғы кезеңде инфрақұрылымды күтіп ұстауға және күтіп ұстауға жұмсалатын ең аз қаржылық шығындарды ескере отырып, балалардың ашық ауада демалуы үшін шатырлы лагерьлер ұйымдастыру ұсынылады.

Туристік-рекреациялық әлеуеттің болуын ескере отырып, жергілікті мемлекеттік басқару шеңберінде агломерация аумағында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:

1) қалалық және аудандық деңгейде балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымдарының (станциялар, клубтар, туристік базалар, лагерьлер) санын ұлғайту;

2) қосымша білім берумен айналысатын балалардың үлесін ұлғайту;
3) балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту;

4) тұрақты негізде жаппай балалар-жасөспірімдер іс-шараларын (мектеп спартакиадалары, туристік слеттер, туристік көпсайыс бойынша жарыстар) өткізу;

5) жастардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін агломерация аумағында тарихи-мәдени, табиғи объектілер бойынша туристік жастар жорықтарын қайта бастау;

6) оқу орындарынан тыс жерлерге барып, "Тірі сабақтар" экскурсиялық сабақтарын өткізу, онда мектеп оқу бағдарламаларын визуализациялау жүзеге асырылады;

7) Бадам, Бөген және Тоғыс су қоймалары базасында су спорт түрлерін дамыту (регаталар, байдарка мен каноэде есу спорт түрін өткізу).

Бұл шаралар балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамудың жаңа деңгейіне шығуына және балалардың көпшілігін қоршаған әлемді тануға, өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге және көшбасшылық дағдыларын алуға тартуға мүмкіндік береді.

74. Мәдени-танымдық туризм

Шымкент агломерациясында мәдени-танымдық туризмнің дамуына тарихи-мәдени ландшафтты кеңінен қолдану және оны танымал ету ықпал етеді.

Ел өміріндегі тарихи оқиғалармен, қоғам мен мемлекеттің дамуымен байланысты естелік орындар мен объектілерге ерекше назар аудару керек. Шымкент агломерациясының аумағында тарихи-мәдени мұра объектілеріне мыналар жатқызылуы тиіс:

1) Ежелгі қалалар: Шымкент қаласында орналасқан Шымкент және Сайрам (Испиджаб) қалашықтары; Ордабасы ауданындағы Жуантөбе және Қараспантөбе қалашықтары; Сайрам ауданындағы Мартөбе және Ханқорған қалашықтары; Төлеби ауданындағы Дауттөбе қалашығы;

2) ескерткіштер: Абдель Азиз баба, Ибрагим ата, Қазі Байзауи, Қарашаш ана, Мирали баба, Қожа Салиха, Мариям ана, Қыз әулие, Қошқар ата кесенелері, Хызыр мұнарасы, Қасирет мемориалдық кешені, Шымкент қаласындағы Шымкала тарихи-мәдени кешені, аппақ Ишана сәулет кешені, Бәйдібек би кесенелері, Домалақ ана, Бәйдібек ауданындағы Қосым ишан, Исмаил ата сәулет кешені, Қазығұрт ауданындағы Иса ата кесенесі; Бірлік Ордабасы мемориалдық кешені, Ордабасы ауданындағы Ишан базар мешіті (Ақмешіт), Қажымұқан Мұнайтпасов кесенесі; Төлеби ауданындағы Бекасыл әулие және Нұр ата кесенелері;

3) табиғи объектілер: Бәйдібек ауданындағы Ақмешіт үңгірі, Боралдай петроглифтері; Шілтер-Ата табиғи кешені, Қазығұрт тауы, Қазығұрт ауданындағы Қырық қыз табиғи ескерткіші; Гайып Ерен қырық Шілтен тасы, Көз ата әулие және Қотырбұлақ әулие бұлақтары, Жылақ-Ата сарқырамасы, Төлеби ауданындағы Мыңшеит тарихи орны қасиетті орны; Қасқабұлақ петроглифтері, Түлкібас ауданындағы Ақтас әулиесі мен Тамшы әулиесі бұлақтары.

Аталған объектілер бойынша тарихи мұраны сақтау, сондай-ақ мәдени-танымдық туризмді орнықты дамыту үшін азаматтардың мәдени құндылықтарға қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды көздеу қажет.

75. Шымкент мәдени орталық ретінде көрсетіледі, ескі қаланың бірегей объектілері (қалашық пен цитадель) оның тарихи орталығы және белсенді туристік дестинацияның перспективалы аумағы болып табылады. Ескі қаланың сауда көшелері қолөнер шеберханаларынан, тамақтану орындарынан және сауда орындарынан тұратын кешен бола отырып, туристерді тарту нүктесіне айналуы мүмкін.

76. Агломерацияның өзекті бағыты ұлттық мәдениет пен бірегейліктің маңызды элементін білдіретін гастрономиялық туризм болып табылады.

Гастрономиялық туризмді дамыту гастрономиялық турлар, түрлі жәрмеңкелер, азық-түлік көрмелері, сондай-ақ агломерация аумағында фестивальдар, аспаздық шеберханалар, фудшоулар өткізу арқылы жүзеге асырылуы керек, оның барысында туристер тамақ дайындауға қатысуға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, өңірлік және республикалық деңгейлерде одан әрі белсенді ілгерілеумен өңірлік гастрономиялық брендті қалыптастыру маңызды.

77. 2021-2025 жылдарға арналған креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасына сәйкес, халықтың шоғырлануы мен тиімді географиялық орналасуы есебінен Шымкент қаласының креативті индустрияларды дамытуда айтарлықтай артықшылығы бар. Креативті индустрияны дамыту жаңа туристік өнімдерді, қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, оң имиджді қалыптастыруға әсер етеді және қаланың инвестициялық тартымдылығын арттырады.

78. Еліміздің үшінші мегаполисі республикалық және халықаралық деңгейдегі ірі іс-шараларды өткізу үшін дамыған базаға ие, бұл қалаға іскерлік және оқиғалы туризмнің неғұрлым перспективалы түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Жарқын іс-шараларды өткізу туристік ағымды арттырудың ең тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Қысқа мерзімді мәдени-оқиғалы іс-шараларды дамытуға ерекше назар аудару керек.

79. Шымкент агломерациясының аумағында жол бойындағы сервистің 83 объектісі жұмыс істейді, оның ішінде 14 объекті немесе 16,9% "Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол сервисі объектілеріне және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар" ҚР СТ 2476-2014 ұлттық стандартына сәйкес келмейді. Заманауи, жарақтандырылған және ұлттық стандарттың санаттарына сәйкес келетін жол бойындағы сервис объектілерінің болуы агломерация тұрғындары мен қонақтарының, оның ішінде туризм мақсатында ыңғайлы жүруін қамтамасыз етеді.

"Түркістан – Шымкент – Ташкент" жоғары жылдамдықты магистралінің құрылысы агломерацияны дамыту үшін маңызды мәнге ие болып, туристік ағынның өсуіне оң әсер етеді, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы трансшекаралық туристік маршруттарды дамытуға қызмет етеді.

80. Емдеу-сауықтыру туризмі

Емдеу-сауықтыру туризмі агломерациядағы жетекші және перспективалы бағыт болып табылады, оның негізінде ел халқы мен шетелдік туристер үшін емдеу, диагностикалық, оңалту, сауықтыру және профилактикалық қызмет көрсету құрылады.

Агломерация әсер ету аймағы шегінде республикалық маңызы бар бальнеологиялық көздер ескеріледі: Шымкент қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде Манкент және Сарыағаш курорттық аймағының аумағында Сарыағаш. Барлық бальнеологиялық көздер пайдаланылады.

Ресми статистикаға сәйкес, 2023 жылы Шымкент агломерациясының әсер ету аймағында 74 қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымы болды, оның ішінде 61 санаторий, 8 оңалту орталығы, 2 мамандандырылған санаторий және басқалары – 3 бірлік.

2023 жылдың аяғында санаторий төсек-орнының саны 12 905 бірлікті құрады (2022 жылы – 8 506 бірлік), ал емделгендердің (демалғандардың) саны бір жылда 164 549 адамды құрады (2022 жылы – 143 396 адам).

Сарыағаш ауданының аумағында көптеген санаторийлер шоғырланған. Сондай-ақ, шипажайлар агломерацияның басқа бөліктерінде орналасқан: Арыс қаласындағы Арыс шипажайы, Төлеби ауданының Біркөлік шатқалындағы Біркөл және Сайрам ауданының Ақсукент ауылындағы Манкент.

Соңғы жылдары агломерациядағы емдеу-сауықтыру туризмінің кластері айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. "Aray Deluxe Thermal Resort", "Көктерек-Сарыағаш", "Ақ тілек", "Қазақстан KZ", "Келес-Арасан", "Shymkent", "Ontustik Thermal Resort" және басқа да заманауи санаторийлер ашылды.

Жұмыс істеп тұрған санаторийлердің көпшілігі емдеу-сауықтыру қызметтерін ғана емес, сонымен қатар эстетикалық сипаттағы қызметтерді ұсына отырып, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізе отырып, қазіргі заманғы тұтынушының өсіп келе жатқан сұранысы үшін табысты жұмыс істеп жатыр.

Сонымен қатар, Сарыағаш ауданының Көктерек кентінде халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін емдеу-сауықтыру туризмінің объектілері бар, оларға реконструкция, материалдық-техникалық базаны кеңейту қажет.

Агломерация аумағында халықаралық деңгейдегі бальнеологиялық курортты қалыптастыру үшін бірқатар санаторийлерді әртараптандырылған трансформациялаумен, іргелес аумақты абаттандырумен, ойын-сауық кешендері мен тамақтану объектілерінің санын ұлғайтумен курорттық аймақты дамытудың бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеген жөн.

Өз кезегінде, Шымкенттің сапалы медициналық қызмет көрсететін заманауи медициналық ұйымдардың болуына байланысты медициналық туризмді дамыту үшін айтарлықтай әлеуеті бар.

Сондай-ақ, агломерация аумағында жылу көздері шоғырланған: Ордабасы ауданында және Арыс қаласының маңында. Осыған байланысты емдік мақсатта әрі қарай пайдалану және жаңа санаторий-курорттық аймақ құру үшін термалды бұлақтардың минералды суларының құрамына зерттеу жүргізу ұсынылады.

81. Спорттық-шытырман оқиғалы туризм

Қолда бар табиғи әлеуетті пайдалана отырып, туризмнің таулы, экстремалды және шытырман оқиғалы түрлерін дамыту және танымал ету халықты белсенді өмір салтына, спортпен шұғылдануға тарту үшін жағдай жасайды, туристерді тартуға ынталандырушы әсер етеді.

Қасқасу, Біркөлік шатқалдары, Қаратау бөктері қысқа мерзімді демалысты, шаңғы спортын, альпинизмді, дельтапланеризмді, сноукайтингті және спорттық-шытырман оқиғалы туризмнің басқа да түрлерін дамытуға ықпал етеді.

Жыл бойы көрсетілетін қызметтер спектрін одан әрі дамыту және кеңейту үшін әлеуеті бар агломерацияның перспективалы тау шаңғысы туризмінің объектілеріне Төлеби ауданының төменде аталған объектілері жатады:

1) Қасқасу шатқалындағы "Eco Village Kaskasu" тау курорты, Қасқасу ауылдық округінің Жоғарғы Қасқасу ауылы;

2) Алатау ауылдық округінің Нысанбек ауылындағы "Алатау" тау шаңғысы базасы.

Тау шаңғысы курортының дамуына Төлеби ауданындағы Қасқасу шатқалының табиғи ландшафты ықпал етеді (Шымкент қаласынан 50 километр). Учаске Ақмойнақ және Сұйықсай өзендерінің сағалары арасында орналасқан.

82. Экстремалды туризмді сүйетіндер үшін Шымкент агломерациясының аумағында орналасқан үңгірлерге, каньондарға барып турлар ұйымдастыру қажет.

Каньонинг – бұл альпинистік жабдықты қолдана отырып, оның су бөлігіндегі (сарқырамалар, каскадтар, дәліздер) каньондарды еңсеруден тұратын жаңа экстремалды демалыс түрі. Каньонингтің дамуына Ақсу өзені каньондарының, Бәйдібек ауданындағы Боралдай шатқалының, Түлкібас ауданындағы Машат және Тұттыбұлақ шатқалдарының табиғи ландшафттары ықпал етеді.

Соңғы жылдары рафтинг суда экстремалды демалу үшін көптеген әуесқойларды тартады. Рафталар мен байдаркаларда рафтингті ұйымдастыру үшін Арыс, Сайрам су, Үлкен Бөген және Өгем өзендері қолайлы.

Шымкент қаласының маңында парапланмен ұшу және парашютпен секіру үлкен танымалдылыққа ие болады, қызметтерді "Бүркіт" әскери-спорттық базасы ұсынады.

Қысқы уақыт кезеңінде ат спорты, велосипедпен, квадроциклмен жүру: сноукайтинг, шаңғы жарысы, биатлон, қарда жүру, ат жегілген шанамен, ит шанамен сырғанау, Түлкібас ауданы Арыс ауылдық округінің Керейіт және Төлеби ауданы Қасқасу ауылдық округінің Жоғарғы Қасқасу, Диханкөл ауылдарының маңында жүзеге асырған жөн. Ат және велосипед турлары ЕҚТА аумағында кең таралған.

83. Агломерация су айдындарының ихтиофаунасының әртүрлілігі спорттық (әуесқойлық) балық аулау әуесқойларын келесі су айдындарына тарта алады: Арыс қаласындағы Көксарай су қоймасы, Бәйдібек ауданындағы Жамбыл және Қапшағай су қоймалары, Ордабасы ауданындағы Бөген, Боржар және Теспе су қоймалары; Төлеби ауданындағы Ұзынбұлақ, Ашысу және Шілтер су қоймалары; Түлкібас ауданындағы Құлан және Бала Құлан су қоймалары, сондай-ақ, Шымкент қаласындағы Бадам, Тоғыс, Текесу және Ақжар су қоймалары.

Агломерацияның табиғи әлеуеті және аңшылық шаруашылықтарының болуы әуесқойлық (спорттық) аң аулаудың ұйымдастырылған турларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дамыған аңшылық және балық аулау инфрақұрылымының болуы көптеген ішкі және шетелдік туристерді тарта алады.

84. Агломерация аумағында туризмнің белсенді түрлерін дамыту әлеуеті іс жүзінде шектелмейді, осыған байланысты ұсынылады:

1) аңшылар мен балықшылардың, рафтингтің, каньонингтің және парапланеризмнің шетелдік клубтарымен ынтымақтастық орнату;

2) білікті нұсқаушылар мен гидтерді даярлауды қамтамасыз етуге міндетті;

3) туризмнің осы түрлері үшін жаңа маршруттар әзірлеу;

4) санитариялық-гигиеналық тораптарды, тамақтану объектілерін орнату арқылы, сондай-ақ қажет болған жағдайда демалыс объектілерін салу және жеңіл конструкцияларды пайдалану арқылы бастапқы алаңдарды абаттандыруға міндетті.

Шымкент агломерациясында экологиялық, мәдени-танымдық, емдеу-сауықтыру және спорттық-шытырман оқиғалы туризмді дамыту үшін барлық алғышарттар бар. Басты назар шетелде және отандық туризм объектілерін ел ішінде танымал етуге аударылуы тиіс, сондай-ақ туристік саланы дамытудың маркетингтік компанияның ребрендингін жүргізу қажет.

5-тарау. Табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар

1-параграф. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

85. Қоршаған ортаға теріс ықпал тигізетін Шымкент агломерациясының негізгі табиғат пайдаланушылары өнеркәсіптік кәсіпорындар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері, автокөлік, ауыл шаруашылығы болып табылады (осы Өңіраралық схемаға 27-қосымшаға сәйкес).

Агломерацияның әсер ету аймағындағы едәуір экологиялық проблемаларға мыналар жатады:

1) Шымкент қаласының және басқа да елді мекендердің атмосфералық ауасының өнеркәсіп пен автокөлік шығарындыларымен ластануы;

- 2) өңірдің елді мекендері мен қалаларының атмосфералық ауасын, жерасты сулары мен топырақтарын ауыр металдармен ластау проблемасы;
- 3) жерлер мен учаскелердің радиациялық ластануы бойынша сенімді ақпараттың болмауы (уран өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру аудандарында);
- 4) көмуді талап ететін иондаушы сәулеленудің иесіз пайдаланылған аса көп көздерінің жинақталуы;
- 5) Шымкент қаласында атмосфераның ластануын бақылайтын стационарлық бекеттердің аз болуы және олардың Леңгір, Сарыағаш қалаларында, Ақсукеңт ауылында болмауы;
- 6) Шымкент қаласы аумағының едәуір бөлігін жерасты суларымен су басу;
- 7) Шымкент қаласында нөсер кәрізінің болмауы және тазартылмаған дренажды және нөсер суларын су ағындарына ағызу;
- 8) Қарасу өзеніне іргелес Шымкент қаласының сулары мен аумағының ластануы мен бітелуі;
- 9) Шымкент қаласының қолданыстағы тазарту құрылыстары қуатының жеткіліксіз болуы;
- 10) Шымкент қаласының ағынды суларды тазарту құрылыстарының авариялық жай-күйі және олардың Шымкент қаласының перспективалы тұрғын үй құрылысы аумағында орналасуы;
- 11) шағын қалалар мен аудан орталықтарының (Сарыағаш қаласы, Ақсукеңт, Т. Рысқұлова ауылдары) ағынды суларды тазарту құрылыстарының болмауы немесе авариялық жай-күйі;
- 12) "Леңгір Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының КТҚ-1, КТҚ-2 тазарту құрылыстарының тиісті жұмысының болмауы, Леңгір қаласында КТҚ-3 тазарту құрылыстарын салу қажеттілігі;
- 13) Сайрам, Түлкібас, Ордабасы аудандарының, Бәйдібек ауданының қалалық үлгідегі кенттерінің кәріз желілерінің авариялық жай-күйі;
- 14) "Оңтүстік полиметалл" өнеркәсіптік корпорациясы" акционерлік қоғамының (АҚ) қорғасын зауытына іргелес Шымкент қаласының жерлерін қорғасынмен ластау;
- 15) Шымкент қаласының Тельман бөлімшесінде ластанған топырақтың улы химикаттарын зарарсыздандыру;
- 16) фосфор және қорғасын өндірістерінің жинақталған тарихи қалдықтарын кәдеге жарату проблемасы (қорғасын зауытының шламдары, кальций арсенатының көміндісі, бұрынғы қорғасын зауытының аумағындағы өндірістік және құрылыс қалдықтары, жылу электр орталықтарының күл қождары-2 (ЖЭО-2), құрамында фосфор бар шламдар);

17) өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындардың болмауы (пайдаланылған майлар, аккумуляторлар, автошиналар, құрамында сынабы бар шамдар және басқалар);

18) тұрмыстық қатты қалдықтардың қарқынды жинақталуы;

19) коммуналдық қалдықтардың рұқсат етілмеген үйінділерімен қоршаған ортаны ластау;

20) Шымкент қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының аумағында коммуналдық қалдықтарды көмудің тиімсіз технологиясы;

21) агломерация елді мекендерінің, Шымкент қаласының жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтарының және автомобиль жолдарының жол бойындағы белдеулер алаңдарының аз болуы.

86. Шымкент агломерациясы аумағында қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы басым бағыттар болып табылады:

1) өнеркәсіп пен автокөліктен ластаушы заттар шығарындыларымен атмосфералық ауаның ластануын болғызбау;

2) қоршаған ортаның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) ластанудың алдын алу, су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;

4) жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;

5) өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару;

6) биоәртүрлілікті және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау;

7) агломерация аумағының табиғи-экологиялық қаңқасын дамыту.

87. Агломерация аумағындағы атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі негізгі шараларға мыналар жатады:

бірінші кезең:

1) Шымкент қаласында атмосфераның ластану деңгейін атмосфераның ластану индексі 0-4 (төмен деңгей) дейін төмендету;

2) агломерация аумағында орналасқан өнеркәсіптік кәсіпорындардың кешенді экологиялық рұқсаттарға көшуі;

3) Шымкент қаласы мен Сарыағаш ауданының аумағында ауа бассейнін қорғау жөніндегі шараларды қарқындату, мұнда шығарындылардың жиынтық үлесі облыс бойынша шығарындылардың жалпы көлемінің 75% - дан астамын құрайды;

4) облыстардың, Шымкент қаласының өнеркәсіптік ластаушы кәсіпорындарын меншік иелерінің келісімі бойынша "Бадам", "Оңтүстік", "Тассай", "Ордабасы", "Жұлдыз", "Бозарық" индустриялық аймақтарына және басқаларына көшіру мәселесін қарау;

5) агломерацияның атмосфералық ауаны ластаушы негізгі кәсіпорындары үшін атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу;

6) Шымкент қаласында "ПетроКазахстан Ойл Продактс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ірі мұнай өңдеу кешенінің жұмыс істеуінің экологиялық қауіпсіздігін, оның ішінде оның санитарлық-қорғау аймағының сақталуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

7) Шымкент қаласында орналасқан "Южполиметалл" өнеркәсіптік корпорациясы" АҚ бұрынғы қорғасын зауытының өнеркәсіптік қалдықтар – арсенат-кальций кектерінің үйінділерін шаңсыздандыру (мысалы, фитоконсервация әдісімен) жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

8) агломерацияның елді мекендерін газдандыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

9) күкіртсутегін бөлу көздері болып табылатын Шымкент қаласының кәріз-тазарту құрылыстарын, өздігінен ағатын кәріз жүйелерін, аулаішілік кәріздерін реконструкциялауды/жаңғыртуды жүргізу;

10) кәсіпорындар үшін белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтарының жобаларын әзірлеу;

11) Шымкент қаласының кәсіпорындарында өндірістік мониторинг жүйесін дамыту, кәсіпорындардың шығарындыларын бақылаудың тиімділігін арттыру;

12) есептік фондық ластануды айқындау жүйелерін енгізу үшін Шымкент, Арыс, Сарыағаш және Леңгір қалаларының атмосферасына шекті жол берілетін шығарындылардың жиынтық томдарын әзірлеу;

13) коммуналдық автопаркті сығылған газға ауыстыру;

14) жол-көлік желісін ұйымдастыруды жетілдіру (жол төсемдерінің енін ұлғайту, бағдаршамдар санын қысқарту, жол қозғалысын басқарудың адаптивті жүйесін енгізу, көлік қозғалысының жылдамдығын арттыру, көп деңгейлі айырбастарды, транзиттік көлік үшін айналма жолдарды салу және басқалар);

15) "Еуро-5" стандартының талаптарына сәйкес келетін және отын ретінде сұйытылған газды пайдаланылатын жаңа автокөлік құралдарының (қалаішілік жолаушылар мен жүк көлігін қоса алғанда) үлесін ұлғайту;

16) Шымкент қаласына кіре берісте экологиялық бекеттер құру және автотасымалдаушыларды баламалы отын көздеріне көшуге ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау;

17) қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде 6,5 миллион ағаш пен бұта отырғыза отырып, 13 мың гектар алаңда жасыл белдеуді дамыту;

18) транзиттік көлікті өткізу үшін айналма жолдар салу;

19) "Ақылды қала" (Smart City) тұжырымдамасын енгізу шеңберінде Шымкент қаласында атмосфералық ауа сапасын бақылаудың онлайн-мониторингі жүйесін және ластану деңгейі бойынша ақпараттандыру жүйесін енгізу;

20) қозғалыс үшін бөлінген жолақтарды пайдалана отырып және жол қозғалысын басым реттей отырып, жолаушылар көлігінің, жүрдек автобус және троллейбус тасымалдарының жүрдек жүйелерін құру;

21) жылына 365 күн велосипед көлігін пайдалануға мүмкіндік беретін аумақтың табиғи-климаттық жағдайларын ескере отырып, автомобиль және қоғамдық көлікке балама ретінде велосипед қозғалысының инфрақұрылымын дамыту;

22) Шымкент қаласындағы "Shymkent-bike" автоматтандырылған велосипед прокатының желісін қаланың барлық көліктік-жүктелген көшелерінде кеңейту (қазіргі уақытта қаланың 7 даңғылы мен көшелерінде орналасқан 40 велостанция бар);

23) Түркістан облысы бойынша "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "Қазгидромет" РМК) филиалының (Шымкент қаласындағы 6 бекет) атмосфералық ауаның ластануын бақылаудың автоматты және стационарлық (оның ішінде онлайн) посттарының желісін кеңейту, оның ішінде оларды агломерацияның аудандық орталықтарында – Арыс, Сарыағаш қалаларында орнату, Леңгір, Қазығұрт, Ақсу, Т. Рысқұлов, Шаян, Темірлан ауылдарында;

24) "Қазгидромет" РМК Түркістан облысы бойынша филиалының мониторингтік желісі айқындайтын ластаушы заттардың параметрлері мен тізбесін кеңейту; есептік мерзім:

1) өндірістік кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын, оның ішінде IV, V сыныпты кәсіпорындар үшін – алаңның кемінде 60%, II және III сыныпты кәсіпорындар үшін – кемінде 50% , 1 000 метр және одан да көп санитариялық-қорғаныш аймақтары бар кәсіпорындар үшін - тұрғын үй құрылысы жағынан ағаш-бұта екпелерінің белдеуін міндетті түрде ұйымдастыра отырып, оның аумағының кемінде 40%-ы көгалдандырылуы тиіс;

2) өнеркәсіптік кәсіпорындарда ластаушы заттарды тазарту және аулау бойынша озық технологияларды енгізу;

3) Қоршаған орта атмосферасының жай-күйі туралы Led-экрандарды орнату;

4) Қоршаған орта сапасы мен өнім сапасын басқарудың халықаралық стандарттары жүйесін енгізу (ИСО 14001, ИСО 9001);

болжамды кезең:

1) ҰҚТ енгізу негізінде өнеркәсіптің барлық салаларында эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін әзірлеу және енгізу;

2) жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді орналастыру жоспарына сәйкес жаңартылатын энергия көздері жобаларын кеңінен енгізу.

88. Физикалық әсер ету факторларынан қорғау бойынша жобалық ұсыныстар мыналарды қамтиды:

бірінші кезең:

1) радиациялық шиеленіс аймақтарындағы және радиациялық қауіпті аумақтардағы (Түркістан-Шаян радиациялық қауіпті аймағы кіретін Шу-Сарысу провинциясы) дозалық жүктемелерді қауіпсіз және нормативтік деңгейге дейін төмендету, ең

алдымен, халық тығыз орналасқан аумақтарда және агломерация аумағындағы табиғи радиациялық фон жоғары аймақтарда, оның ішінде ең алдымен, халық тығыз орналасқан аумақтарда және агломерация аумағындағы табиғи радиациялық фон жоғары аймақтарда (Қараспан, Б. Исаханов, Темірлан, Шалдар, Кеңес, Жамбыл, Шаян ауылдары);

- 2) әкелінетін және пайдаланылатын құрылыс материалдарын радиациялық бақылау;
 - 3) иондаушы сәулелену көздерін тұрақты бақылау;
 - 4) ескірген рентгендік жабдықты мониторингілеу және ауыстыру;
 - 5) объектілерде радиациялық қауіпсіздік режимін белгілеу және қолдау;
 - 6) электромагниттік сәулелену көздеріне түгендеу және кешенді зерттеу жүргізу;
 - 7) радиожілік диапазонындағы электромагниттік сәулелену көздерінен санитариялық-қорғаныш аймақтарының жобаларын әзірлеу;
 - 8) санитариялық алшақтықтарды және жоғары вольтты электр беру желілерінің күзет аймақтарын ұйымдастыру және сақтау;
 - 9) әуеайлақтардан белгіленген аумақтарды пайдаланудың ерекше шарттары бар аймақтар режимдерін сақтау;
 - 10) автомобиль және темір жолдарды кесіп өтетін елді мекендердің аумақтарында шудан қорғау іс-шараларын жүргізу (жасыл екпелердің шудан қорғау екпелерін қалыптастыру, акустикалық экрандарды пайдалану, терезелерді дыбыс оқшаулау);
 - 11) автокөліктің тұрғын аймақтардан тыс жүруін ұйымдастыру және айналма жолдардың, әсіресе ауыр жүк және транзиттік автокөлік үшін сапасын жақсарту;
 - 12) көлік және басқа да қарқынды сыртқы шу көздерін орналастыру үшін жерасты кеңістігін пайдалану;
 - 13) әуежайлар мен әуеайлақтардың авиапарктерін шуылы төмен қозғалтқыштармен жарақтандыру;
 - 14) ұшақтардың ұшуы мен қонуы кезінде ұшудың арнайы тәсілдерін, қозғалтқыштардың төмен жұмыс режимдерін пайдалану мәселесін зерделеу;
 - 15) ұшақтардың ұшу-қону жолағының бойында орналасқан аудандардағы тұрғын үйлер мен мекемелерде шуды азайтуды қамтамасыз ететін сыртқы қоршаулардың жоғары дыбыс оқшаулауын ықтимал қолдану;
- есептік мерзім:
- 1) көше жол желісінің шуын азайту үшін ағаштардың жапырақты тұқымынан магистральдық көшелерді көгалдандыру;
 - 2) шығарылатын шу деңгейі төмен көліктің экологиялық таза түрлерін қолдану;
 - 3) ұтымды жоспарлау шешімдерін қабылдау, санитариялық-қорғаныш аймақтарын құру, сондай-ақ трансформаторлық қосалқы станциялардың шуынан қорғау мақсатында жасанды дыбыс қоршау конструкцияларын пайдалану;

4) радиациялық объектілерді қалыпты пайдалану кезінде және ықтимал авариялар кезінде метеорологиялық, гидрологиялық, геологиялық және сейсмикалық факторларды бағалау;

болжамды кезең:

1) Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығыс бөлігінде топырақ жамылғысына радиоактивті әсер ету қарқындылығын төмендету үшін залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу;

2) тұрғын үй құрылысына әсер ететін ашық үлгідегі электр қосалқы станцияларын және қоршаған орта сапасының нормаланатын көрсеткіштері бар өзге де объектілерді жабық үлгіде реконструкциялау;

3) құрылыс материалдарын, үй-жайлардың ауасында радонның болуын және табиғи радионуклидтердің гамма-сәулеленуін өндірістік бақылауды жүзеге асыру;

4) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сай келмейтін құрылыс материалдары мен бұйымдарын пайдалануға тыйым салу;

5) санитариялық-қорғаныш аймақтары және темірбетон конструкцияларынан жасалған шуды қорғайтын құрылыстардың темір жол көлігінің шуынан қорғау үшін олардың артындағы шу деңгейін 15-20 децибелге төмендетуге мүмкіндік беретін құрылысы;

6) санитариялық-қорғаныш аймағының алаңынан тұрғын аудандарға, елді мекендерге дейін көгалдандыруды ұйымдастырумен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес санитариялық алшақтықтарды сақтау (40% дейін);

7) ұшақтардың ұшып көтерілу және қону режимін өзгерту (ұшудың арнайы әдістемелері, түнгі ұшуларды шектеу, елді мекендердің үстінен ұшуға тыйым салу), қазіргі заманғы үнсіз авиалайнерлерді пайдалану;

8) тікұшақ алаңдарының тұрғын аудандарға дейінгі есептік шу аймақтарын сақтау;

9) электромагниттік өріс көздерін ұтымды орналастыру және қорғау құралдарын қолдану, оның ішінде көздерді экрандау;

10) қашықтықтан қорғау, яғни халықты электромагниттік сәулелену көзінен шығару ;

11) таратқыштар мен антенналардың сәулелену қуатын азайту;

12) сәулелену көздеріне, оның ішінде қайталама сәулелену көздеріне (желілерге, ғимараттар конструкцияларына, коммуникацияларға) қол жеткізуді шектеу;

13) қаланың ықтимал даму аумағына теріс әсерін болдырмауды ескере отырып, Шымкент қаласы әуежайының аумағында авиациялық радиолокациялық аспаптарды орналастыру.

89. Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларға мыналар жатады:

бірінші кезең:

- 1) су объектілерінің ластану деңгейінің жүйелі мониторингін қамтамасыз ету;
- 2) рекреациялық аймақтарды абаттандыру және жабдықтау (жаппай бару);
- 3) Бадам, Келес, Арыс өзендерінің ластануын "нормативтік таза" деңгейге дейін төмендету;
- 4) агломерация елді мекендерінің ағынды суларды тазарту құрылыстарын және су бұру желілерін жаңғырту;
- 5) Шымкент қаласының тұрғындарын 100 % деңгейде кәрізбен қамту;
- 6) Шымкент қаласындағы Гидролизный, Ворошиловка, Чапаевка, Оңтүстік шағын аудандарында кәріз желілерін салу;
- 7) Шымкент қаласында Тассай шағынауданынан Қайтпас-1 шағынауданына дейін магистральдық кәріз коллекторын салу;
- 8) Шымкент қаласының аумағына қосылған елді мекендерде кәріз желілерін салу / реконструкциялау ("Жаңаталап", "Тоғыс", "Базарқақпа", "Жұлдыз", "Қызылжар" тұрғын алаптары);
- 9) Сарыағаш, Леңгір қалаларында, Ордабасы ауданының Темірлан ауылында, Қазығұрт ауданының Қазығұрт қаласында жаңа кәріз-тазарту құрылыстары мен кәріз желілерін салу;
- 10) Арыс қаласында қуаттылығы тәулігіне 450 текше метр екі тазарту құрылысын салу;
- 11) Шымкент қаласының сарқынды суларын биологиялық тазартудың жаңа кәріз тазарту құрылыстарын қала шегінен тыс жерлерде және өнеркәсіптік кәсіпорындарды техникалық сумен жабдықтау үшін және суарудың егістік алқаптарында сарқынды суларды терең тазарта отырып және тазартылған сарқынды суларды пайдалана отырып, қоныстану аумақтарынан тыс жобалау және салу, бұл өзендер мен жерасты кен орындарынан таза су алуды азайтуға мүмкіндік береді;
- 12) Шымкент қаласының коммуналдық сарқынды суларының қолданыстағы қалалық тазарту құрылыстарының қуаты мен тиімділігін жер үсті суларын техникалық мақсаттарға және суару қажеттіліктеріне пайдалануға мүмкіндік беретін тазарту әсерімен реконструкциялау, ұлғайту;
- 13) шағын қалалар мен агломерацияның аудандық орталықтарының, оның ішінде Сарыағаш қаласында, Ақсукеңт, Т. Рысқұлов ауылдарында сарқынды суларды тазарту құрылыстарын реконструкциялау немесе салу;
- 14) дренаждық ұңғымалар желісін қалпына келтіру және кеңейту, сондай-ақ нөсер кәрізін салу арқылы Шымкент қаласы аумағының едәуір бөлігін жер асты суларымен су басудың алдын алу;

15) су қорғау аймағында орналасуына байланысты Бадам өзенінің экожүйесіне "Оңтүстік полиметалл "Өнеркәсіптік корпорациясы" АҚ бұрынғы қорғасын зауытының өнеркәсіптік қалдықтар – арсенат-кальций кектерінің үйінділерінің теріс әсерін азайту;

16) Шымкент қаласындағы Қошқарата және Қарасу өзендерін және оларға іргелес аумақтарды тазарту;

17) Қошқарата өзенін абаттандыру;

18) Бәйдібек ауданында және Сарыағаш ауданында кәріз желілерін салу және реконструкциялау;

19) Шымкент агломерациясының кіші өзендерін түгендеу;

есептік мерзім:

1) "Янгичек" және "Шымкент" арналарын реконструкциялау және жайластыру;

2) кәсіпорындардың суды үнемдеу және суды қайта пайдалану технологиясын енгізуі;

3) жаңбыр, еріген, суару жуу, дренаж, өнеркәсіптік-нөсер ағындарын қоса алғанда, жер үсті суларын жинау, бұру және тазарту жүйесін ұйымдастыру;

4) тиісті белгілерді орната отырып, агломерация аумағындағы өзендер мен су қоймаларындағы су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

5) Сырдария, Келес, Бадам, Арыс ірі өзендерінің ластану деңгейін бақылау, су объектілерінің ластану көздерін анықтау;

6) тасымалдау кезінде судың жоғалуын болдырмау үшін су құбырлары мен магистральдық арналарды реконструкциялау және салу;

7) қала аумағында су қорғау белдеулерінің жекелеген учаскелерін және өзен арналарын, каналдарды, су шаруашылығы құрылыстарын (оның ішінде қосылған) реконструкциялауға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;

8) Түлкібас ауданы, Бақтыбек, Түлкібас және Састөбе ауылдарында қуаттылығы тәулігіне 200 текше метр тазарту құрылыстары мен кәріз сорғы станциясын салу;

9) табиғат пайдаланушылардың сарқынды суларды жергілікті жердің рельефіне және жер үсті су объектілеріне өз бетінше ағызуын анықтау және болғызбау, бұзушыларға әкімшілік шараларды қолдану;

10) су режимі мен жер асты суларының сапасына мониторингтік бақылауды қамтамасыз ететін байқау ұңғымалары желісін ұйымдастыру;

11) өзендердің, каналдардың түбін және арналарын тазарту бойынша жұмыстарды жүйелі жүргізу;

болжамды кезең:

1) су шаруашылығы объектілерінің негізгі капиталына жеке инвестициялар тарту;

2) су шаруашылығы объектілеріне, гидромелиоративтік жүйелер мен жабдықтарға инспекция және мониторинг жүргізу;

